Однако существует и иное мнение на проблему эвтаназии, в основе которой лежит принцип гуманного отношения к страданиям неизлечимо больного человека. Эта точка зрения прослеживается в древних обычаях некоторых народов умерщвлять престарелых и больных людей. В 1806 г. Реил писал, что врачебное искусство достигло больших успехов в том, чтобы помочь человеку появляться на свет, однако почти ничего не делается для того, чтобы дать ему возможность сносным образом уйти из жизни.

Приоритет создания устройства для эвтаназии принадлежит англичанину Д. Кинстоуну (1881), который для этих целей разработал специальное кресло, куда садится желающий умереть счастливой, радостной смертью. С помощью рычагов управления, фактически самоубийца в начале включал подачу газа, содержавшего гашиш, а затем автоматически происходило восемь выстрелов — два в область сердца, два — в легкие, два — в область желудка, два — в теменную область головы. В 1961 г. всемирно известный литератор А. Моруа издает свой известный роман «Отель Танатос», в котором практически поддерживает позицию необходимости эвтаназии в человеческом обществе.

Наиболее остро проблема эвтаназии возникла в Германии, когда в 1939 г. Гитлер издал приказ о физическом уничтожении «неполноценных» личностей (душевнобольные, беспомощные, старики, неизлечимые больные).

Однако до настоящего времени нет четкого определения понятия эвтаназии. Так, R. Veulok считает, что термин эвтаназия объединяет 4 группы мероприятий:

- 1) облегчение физических и психических страданий агонизирующего больного применением болеутоляющих и успокаивающих средств;
- 2) прекращение мероприятий по поддержанию жизни, дающих лишь отсрочку неизбежного наступления смерти (например, у коматозных больных);
- 3) умышленное причинение смерти из сострадания по просьбе умирающего либо его близких;
- 4) под видом эвтаназии рассматриваются «евгенические мероприятия» — прямое или косвенное уничтожение больных с уродствами, с тяжелой инвалидностью, умственно отсталых и т. д.

Большинство исследователей данной проблемы различают пассивную и активную эвтаназию. Пассивная эвтаназия (или ее еще называют «метод отложенного шприца») заключается в том, что прекращается направленная на продление жизни медицинская помощь. Это ускоряет наступление смерти — что на практике достаточно часто встречается и у нас в стране. В частности, известны мнения и самих медиков по этому вопросу. Нередко высказывается позиция, что «эвтаназия (безболезненная смерть)[1] — это милосердие, это благо». И на возражения подобные тому, что эвтаназия — это клятвопреступление, отвечают: «Вы видели когда-нибудь страшные мучения и боли, которые приходится терпеть множеству больных раком, инсультникам[2], парализованным? Вы видели когда-нибудь муки родителей, вынужденных не месяцами, годами, а десятилетиями, ухаживать за детьми, у которых атрофировалась ЦНС, за детьми-дебилами? Вы видели, вы чувствовали боль матерей, у которых родился ребенок-урод, причем урод с неизлечимой патологией. Если да, вы поймете меня».

Все вышеизложенное убедительно доказывает, что вопрос о том, нужна ли человечеству эвтаназия или нет, остается открытым. Мы считаем, что окончательное разрешение данного вопроса будет возможным лишь тогда, когда мировая медицинская наука полностью познает человека и ответит на вопросы «Что такое жизнь?», «Что такое смерть?».

Четкого унифицированного международного определения эвтаназии до сих пор не существует. Объем понятий, охватываемых этим термином, неодинаков, а толкования, даваемые различными авторами, часто неполны и противоречивы. Данный термин употребляется в самых разнообразных словосочетаниях и имеет различное значение, что вызывает путаницу

Сам термин «эвтаназия» ввел в XVII веке английский философ Фрэнсис Бэкон для обозначения легкой безболезненной смерти, то есть спокойной смерти без мучений и страданий. Буквально термин «эвтаназия» (от греч. *euthanasia*, *eu* – хорошо, *thanatos* – смерть) переводится как «благоумирание» [3].

В «Новом словаре иностранных слов» эвтаназия рассматривается как «содействие наступлению смерти и тем самым прекращению страданий неизлечимо больных людей (с их согласия или с согласия родственников или опекунов при невозможности принятия решения находящимися без сознания, психически неполноценными и тому подобными больными)».

В «Большой медицинской энциклопедии» говорится: «Эвтаназия — намеренное ускорение наступления смерти неизлечимого больного с целью прекращения его страданий».

«Большой юридический словарь» эвтаназией называет «удовлетворение просьбы больного об ускорении его смерти действиями или средствами, в том числе прекращением искусственных мер по поддержанию жизни».

Можно выделить две классификации видов эвтаназии[4] :

1. В теории вводится градация добровольной и недобровольной эвтаназии. В первом случае эвтаназия осуществляется по просьбе компетентного пациента. Под компетентностью понимается способность пациента принимать решение, при этом принятые решения могут быть не обоснованными: люди имеют право принимать решения, которые другие считают не разумными, поскольку их выбор основан на личных ценностях. Недобровольная эвтаназия проводится с некомпетентным пациентом (пациент сам не может сообщить о своих желаниях) на основании решения родственников, опекунов и т. п.

2. Существует активная и пассивная эвтаназия. Пассивная эвтаназия означает недопустимость использования для сохранения жизни больного экстраординарных и чрезвычайных средств, если он не хочет их применения. Она также предполагает прекращение дальнейшего лечения. В этих случаях по желанию пациента должны быть прекращены даже внутривенные вливания и искусственное питание, при этом нельзя предпринимать попыток воскрешения человека, если его сердце или лёгкие перестали работать. Если пациент может выписаться из больницы для того, чтобы умереть дома, то ему нельзя препятствовать в этом. Об этом говорят и другие: жизнь не должна превращаться в застенок и мучить неизлечимо больных людей изнуряющими процедурами, капельницами и т. д. только ради того, чтобы констатировать их естественную смерть[5], это куда более неэтично, чем помочь им безболезненно уйти из жизни. Люди имеют право на «достойную смерть». Мы демонстрируем уважение к человеческому достоинству, когда признаем свободу личности делать выбор в соответствии с ее собственными ценностями.

Простыми словами это означает, что «право на жизнь» может иметь различные смысловые содержания, которые еще не устоялись. Основной конфликт состоит в различии его трактовок, как «права жить», или же — как права на свободный выбор, «права решать, жить или умереть».

Эвтаназия — практика прекращения жизни человека, страдающего неизлечимым заболеванием, испытывающего невыносимые страдания.

Определения:

- Право на жизнь — неотъемлемое право каждого человека, охраняемое законом. Его содержание заключается в том, что никто не может быть умышленно лишен жизни.
- Самоубийство, суицид (от лат. *suicidare* — убивать себя) — преднамеренное лишение себя жизни, как правило, самостоятельное и добровольное.
- Эвтаназия (от греч. *εὖ* — хорошо + *θάνατος* — смерть) — практика прекращения жизни человека, страдающего неизлечимым заболеванием, испытывающего невыносимые страдания.
- Безболезненная смерть — утопление, сердечный приступ, смертельное кровотечение, смерть от огня, обезглавливание, смерть от электрического тока, падение с высоты, повешение, смертельная инъекция, взрывная декомпрессия.
- Инсульт — острое нарушение мозгового кровообращения (ОНМК).
- Естественная смерть — все виды смерти, не связанные с насилием, аварией, стихийными бедствиями и т. п.

Список использованной литературы:

1. Акопов В.И. *Этические, правовые и медицинские проблемы эвтаназии.*//*Медицинское право и этика*, – 2000.
2. Туманов А.В. *Эвтаназия – преступление или благо?*//*Правда*, – 2008, – № 14.
3. Филиппов Ю.Н. *Эвтаназия: сострадание или корысть?* – 2006, [*Электронный ресурс*]. – Режим доступа: <http://www.rian.ru/analytics/20060818/52790876.html>
4. Водовозов А.А. *Эвтаназия в России: нельзя, но можно.* – 2004.
5. Загыртдинова Ф.А. *Эвтаназия. Право родиться и право умереть.* – 2005. – [*Электронный ресурс*]. – Режим доступа: http://www.church.uz/page_id23

СЕКЦИЯ 2. КОНСТИТУЦИОННЫЕ НАЧАЛА ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВЫХ И СОЦИАЛЬНО-ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.

Ж.А. Аманқос

Қайнар академиясының құқықтану мамандығының магистранты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Адамзат дамуының тарихындағы әртүрлі дәуірлер олардың меншік нысандарын сипаттайды. Меншік құқығы мемлекет пен құқық тарихының барлық кезеңдерінде негізгі, бағыттаушы құқықтық институт болып табылады. Осылайша, барлық құқық жүйелерінде меншік құқығы институтына ерекше назар аударылды. Қорғаудың заттық-құқықтық әдістері меншік құқығын және басқа да заттық құқықтарды тікелей қорғауға бағытталған, меншік иесімен міндеттемелік құқықтық қатынаста өзара байланысы жоқ кез келген үшінші тұлғалардың оларды бұзған жағдайда қолданылады. Бұл әдістер меншік құқығының иелерін иеленуді, пайдалануды және билік етуді қалпына келтіруге, осы өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде кедергілерді немесе күмәндерді жоюға бағытталған.

Түйін сөздер: меншік құқығы, виндикациялық талап, негаторлық талап, меншік құқығын қорғау

Аннотация. Различные эпохи в истории развития человечества характеризуются присущими им формами собственности. Право собственности является основным, направляющим правовым институтом на всех этапах истории государства и права. Отсюда то исключительное внимание, которое уделяется институту права собственности во всех системах права. Вещно-правовые способы защиты направлены на непосредственную защиту права собственности и иных вещных прав, применяются в случае их нарушения любым третьим лицом, не состоящим с собственником в обязательственных правоотношениях. Данные способы имеют целью восстановить владение, пользование и распоряжение обладателей вещных прав, устранить препятствия или сомнения в осуществлении этих правомочий.

Ключевые слова: права собственности, виндикационный иск, негаторный иск, защита прав собственности

Abstract. Various epochs in the history of the development of mankind are characterized by their inherent forms of ownership. The right to property is the main, guiding legal institution at all stages of the history of the state and law. Hence the exceptional attention paid to the institution of property rights in all systems of law. Real-legal methods of protection are aimed at direct protection of the right of ownership and other real rights, are applied in case of their violation by any third party who is not in the relationship of obligation with the owner. These methods are aimed at restoring the possession, use and disposal of holders of property rights, to remove obstacles or doubts in the exercise of these powers.

Keywords: property rights, vindication claim, negation claim, protection of property rights

Меншік құқығын қорғаудың шарттан тыс әдістері азаматтық құқықта Ежелегі Рим кезеңінен бері белгілі. Бұл қорғау әдістері бөтеннің заңсыз иелігінен меншік иесімен мүлікті талап ету туралы талаптар (виндикациялық талап), сонымен қатар иеліктен айырумен байланысты емес бұзушылықтан меншік иесінің құқықтарын қорғау туралы талаптар (негаторлық талап) кеңінен қолданылып келеді. Қазіргі таңда бірқатар ғалым-цивилистер осы екі талаптардың қатарына тағы бір талапты қосып отыр – ол белгілі бір мүлікке меншік құқығын тану туралы талап. Заттық-құқықтық талаптардың мұндай

түрлерін негізге ала отырып, олардың ерекшеліктерін қарастырайық. Олардың ерекше сипаты:

- 1) бөтеннің заңсыз иелігінен меншік иесінің мүлікті талап ету туралы талап;
- 2) иеліктен айырумен байланысты емес бұзушылықтардан меншік иесінің құқықтарын қорғау туралы талап;
- 3) меншік құқығын тану туралы талап.

Заттық-құқықтық талаптар үшін келесі ерекшеліктер тән болып келеді:

- олар шарттан тыс сипатқа ие болады;
- талап меншік иесі мен затқа қатысты заңсыз қол сұғатын кез келген тұлғаға қойылуы мүмкін;
- тікелей заңнан туындайды;
- меншік құқығын қорғаудың абсолюттілігі туралы куәландырады.

Бөтеннің заңсыз иелігінен меншік иесімен мүлікті талап ету (виндикациялық талап). Виндикациялық талап ҚР АҚ-тің 260-бабымен реттеледі. Бұл нормаға сәйкес, меншік иесі өз мүлкін бөтеннің заңсыз иелігінен талап етуге құқығы бар [1].

Меншік құқығын қорғау әдісі ретінде виндикациялық талап ежелден белгілі екені анық. Талаптың атауы латын сөзі *vindicare*, яғни күш қолдану туралы жариялау дегенді білдіреді. Яғни оның мағынасы – меншік иесіне өз затын іздестіріп, табуға байланысты құқық беретін, қай жерден затты тапсам, сол жерден аламын дегенді білдірді. Талап қоюшы болып заттың иесі табылатын, ал жауапкер болып дау туындау сәтіндегі кез келген оның иесі табылды. Талап қоюшы нақты белгіленген затқа өзінің меншік құқығын дәлелдеуге міндетті еді. Егер талап қоюшы сол затқа өзінің меншік құқығын дәлелдейтін болса, жауапкердің сол затты сақтап қалуға ешқандай мүмкіндігі болмайтын [2, 208 б.].

Қазіргі таңда виндикациялық талаптың концепциясы осы құрылымды жетілдіріп, виндикациялық талап мынадай ерекше қасиеттерге тән болады:

1) бұл талап шарттан тыс болып табылады және талап талап қоюшы мен жауапкердің арасында шарттық, міндеттемелік қатынастар болмаған жағдайда ғана қойылуы мүмкін. мысалы, мүлікті виндикациялауға құқық жалдау шартының негізінде жалға алушыға затты берген меншік иесінде пайда болмайды. Виндикацияға құқық мұндай жағдайда меншік иесінде пайда болуы мүмкін, егер жалдау шарты өз әрекет етуін тоқтатқан жағдайда;

2) виндикация құқығына ие болатын субъект – талап қоюшы болып, талап етіліп отырған затқа өзінің құқықтарын дәлелдеуге тиіс болатын мүліктің меншік иесі табылады. Меншік иесінің дәлелдемесі ретінде заңмен кез келген фактілік мәліметтер танылады, оның негізінде заңмен белгіленген тәртіпте сот тараптардың талаптары мен қарысылықтарын негіздейтін мән-жайлардың болуы мен болмауын, сонымен қатар істі дұрыс шешу үшін мәні бар басқа да мән-жайларды белгілейді.

Процессуалдық заңнаманың маңызды талабы болып, белгілі бір құқықтың болуы немесе болмауына қатысты дәлелдемелер заңда көзделген жерлерден алынуы тиіс. Бұл тараптардың түсіндірмелері, куәгерлердің айғақтары, жазбаша құжаттар мен заттай дәлелдемелер, сарапшылардың қорытындысы. Аталған құралдардың көмегімен меншік иесі өзінің талап етіліп отырған затқа меншік құқығын дәлелдейді. Мұндай жағдайда, әдетте, заттың сатып алынғанын дәлелдейтін құжаттар, мысалы, чектер, түбіртектер, қолхат және т.б. рөлі маңызды. Егер талап етіліп отырған зат жылжымайтын мүлік болса, онда жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын органның анықтамасы болуы қажет. Заңды тұлғалар үшін мүліктің олардың балансында болу фактісін анықтау қажет;

3) виндикацияның объектісі болып әрқашан талап қою сәтінде зат түрінде сақталған нақты-анықталған зат табылады. Виндикация барысында затқа шын мәнісінде иеленуді қалпына келтіру туралы айтылады. Бұл затты көптеген заттардан бөліп алу қажет. Затты дараландыру үшін адамзат көптеген әдістерді ойлап шығарды. Мысалы, жаппай өндірілетін заттардың сериялық нөмірі (теледидар, автокөлік және т.б.), жергілікті жерде орналасқан жер учаскесінің жоспары және т.б. Бұл ережені жоққа шығару азаматтық айналым

субъектісіне сол заттың тиесілі екендігін дәлелдеу қиындыққа әкеп соқтырады. Сондықтан, виндикация барысында сол түрдегі және сол сападағы ұқсас затты талап ету заң тұрғысынан дұрыс емес. Сондықтан, виндикациялық талапты топтық белгілермен анықталған заттарға қатысты немесе жойылған, бүлінген, ұрланған заттарға қатысты қоюға болмайды. Мұндай жағдайда зиянды, шығынды өтеу туралы талап қойылады;

4) виндикация барысында міндеттеменің субъектісі болып кез келген тұлға емес, тек талап қою сәтінде затқа ие болып табылатын заңсыз иеленуші табылады. Заңсыз иеленуші болып виндикацияның пәні болып табылатын затқа заңды негізсіз мүлікпен иеленген тұлға табылады [3, 112 б.].

Жоғарыда келтірілген төрт талап болған жағдайда ғана меншік иесінде мүліктің виндикациясына құқығы пайда болады. Виндикацияға құқықты жүзеге асыру үшін ҚР АҚ-тің 260-263 баптың нормаларын басшылыққа алу қажет.

Мәселен, меншік иесі өз затын жоғалтып алды дерлік. Соңғы жағдайда меншік иесінің иелігінен заттың шығып кеткен жағдайын да негізге аламыз. Виндикацияға өз құқығын жүзеге асыру үшін меншік иесі, ең алдымен, затты заңсыз иеленіп отырған тұлғаны табуы тиіс. Әдетте, ол жоғалған заттың иесімен белгілі бір іздестіру шараларын ұйымдастыру және жүргізу жолымен жүзеге асырылады. Кейде меншік иесі үшінші тұлғалардың, мемлекеттік органдардың және т.б. көмегіне жүгінуі мүмкін. Өз затын заңсыз иеленушіден тапқан жағдайда ғана, ол өзінің виндикацияға құқығын жүзеге асыра алады.

Виндикация туралы меншік иесінің талаптарын қанағаттандыру белгілі бір мән-жайлардың болуы не болмауына байланысты болады:

1) егер меншік иесі оның меншік құқығын тікелей бұзған тұлғадан өз затын тапқан болса, онда виндикациялық талап сөзсіз қанағаттандырылады. Одан басқа, ҚР АҚ-тің 263-баптың 1 тармағына сәйкес, меншік иесі заңсыз иеленушіден иелену кезінде алған немесе алуға тиіс болған барлық табыстың өтелуін немесе қайтарылуын талап етуге құқылы;

2) егер затты талап ету меншік иесімен үшінші тұлғалардан жүзеге асырылатын болса, онда заң шығарушы иеленушінің адалдығына байланысты виндикацияның мүмкіндігі туралы ғана айтады. Адал иеленуші деп затты бергенге дейін затты иеліктен шығарушының сол затқа билік ету құқығының жоқ екендігін білмеген және білуге тиіс болмаған тұлғаны айтамыз.

Өз кезегінде заңсыз (адал емес) иеленуші деп затты иеліктен шығарушының сол затқа билік ету құқығы жоқ екендігін білген немесе білуге тиіс болған тұлғаны айтамыз. Мұндай жағдайда, меншік иесінің өз мүлкіне виндикация қоюға құқығы бар;

3) адал иеленуші болған жағдайда заң шығарушы меншік иесі үшін ғана виндикацияның мүмкіндігін қарастырады. Мұндай мүмкіндік адал иеленушімен затты ақылы немесе ақысыз иелену әдістеріне тікелей байланысты. Соңғы жағдайда, меншік иесінің мүлікті адал иеленушіден талап етуге құқығы бар;

4) ақылы адал иеленген жағдайда виндикацияға құқық меншік иесінің иелігінен немесе заңсыз иесінен заттың шығуына байланысты болады: а) еркінен тыс немесе ә) олардың еркімен. Бірінші жағдайда, меншік иесінде виндикацияға құқығы пайда болады. Мұнда меншік иесінің иелігінен зат қандай мән-жайлардың негізінде шыққаны маңызды емес. Ондай мән-жай болып тойтарылмайтын күш, жоғалту және т.б. болуы мүмкін.

Сот тәжірибесінде меншік иесінің белгілі бір шарттың негізінде мүлікті берген жағдайлар кездеседі. Берілген затты иеліктен шығаруға бағытталған заңды иеленушімен мәміле жасасу нәтижесінде меншік иесінде виндикацияға құқығы болмайды, егер заңсыз иеленуші адал болса, және оның иеленуі ақылы сипатқа ие болса [4].

Келтірілген мысалда меншік иесінде негізі болып шарт табылатын міндеттемелік құқық табылады. Сәйкесінше, шарт талаптарын бұзған жағдайда, меншік иесінде қарсы тараптан шығындарды өтеуге ғана құқығы болады. Меншік иесі үшін зат біртұтастай жоғалды деп саналады. Бұл мысалдың негізінде меншік құқығын қорғау өзінің абсолюттік сипатын жоғалтады.

Сот тәжірибесінен виндикацияға қатысты мысал. Кооператив бала-бақшамен әртүрлі құрылғыларды салу туралы мердігерлік шартын жасасты. Арбитраждық соттың шешімі бойынша бұл шарт аталған мерзімде орындалмағанына байланысты шарт бұзылған.

Содан кейін арбитраждық сотқа кооператив бала-бақшадан үш беседканы талап ету туралы талаппен жолданды. Сот бұл талапты қанағаттандырды, өйткені тараптар арасында мердігерлік шарты бұзылған, кооперативке төленген алдын ала төлем толығымен қайтарылған. Басқаша айтқанда, тараптар арасында міндеттемелік құқықтық қатынастар толығымен тоқтатылды.

ҚР АҚ-тің 263-бапқа сәйкес, меншік иесі мен заңсыз иенің арасында мүлікті виндикациялау барысында есеп айырысу тәртібін белгілейді. Бұл тәртіп иесінің адалдығына немесе адал еместігіне байланысты.

Адал емес иеленушіден меншік иесі бөтеннің затын иеленген уақыт барысында алған немесе алуға тиіс болған барлық табыстардың өтелуін немесе қайтарылуын талап етуге құқығы бар.

Иеліктен шығарумен байланысты емес бұзушылықтардан меншік құқықтарын қорғау (негаторлық талап). Цивилистік әдебиеттерде негаторлық талаптың келесі ерекшеліктерін бөліп қарастырады:

- 1) бұл талап меншік иесінің мүлкіне қатысты егемендік биліктің бар екендігін көрсетеді;
- 2) тек қана меншік құқығын қорғау үшін емес, сонымен қатар өзге заттық құқықтардың, мысалы, сервитуттарды қорғау үшін де қолданылады;
- 3) негаторлық талап индивидтердің субъективтік құқықтарына кез келген қол сұғушылықтан тиімді қорғауды қамтамасыз етеді;
- 4) бұл талап мүліктік құқыққа айқындылық пен анықтылықты енгізу мақсатын көздейді;
- 5) негаторлық талап мүліктік құқықтың ұзақ уақыт бойы созылуынан қорғаудың тыйым салу шараларын қамтиды. Мұндай қорғау мүліктік құқықты жүзеге асыруда әртүрлі негіздегі алдын алу шаралары ретінде қаралуы мүмкін;
- 6) негаторлық талап шығындардың өтелуін де талап етеді.

Бұл талап латын сөзі - *actio negatoria*, яғни «бас тарту туралы талап» деген ұғымды білдіреді. Ол меншік иесінің құқықтарын бұзатын тұлғалардан қорғайды. Талап қоюшы мұндай жағдайда өзінің меншік құқығын ғана дәлелдейді, ал жауапкер талап қоюшының осы әдіспен құқықтардың толықтығын шектеуге өзінің құқықтарын дәлелдеуі тиіс. Негаторлық талап меншік құқығын анықтау, бастапқы қалпына келтіру және осындай әрекеттерді келешекте жасауға тыйым салу және зиянды өтеуге бағытталған болатын [5, 228 б.].

Негаторлық талаптың заманауи концепциясы ҚР АҚ-тің 264-бабымен белгіленген, оған сәйкес, меншік иесі оның құқықтарын бұзатын барлық әрекеттерді жоққа шығаруды талап етуге құқылы.

Меншік иесімен өзінің бұзылған құқықтарды қорғау үшін негаторлық талапты қолдану барысында келесі талаптардың болуы қажет:

- 1) меншік құқығының субъектісі өз иелігінде затты сақтауы қажет. Егер бұл талап болмаса, онда меншік құқығын басқа қорғау әдістерінің көмегімен қорғауды білдіреді;
- 2) өзінің субъективтік құқықтарын жүзеге асыру барысында үшінші тұлғалардың тарапынан меншік иесі үшін кедергілердің болуы. Әдетте, мұндай жағдайда, меншік иесі оның мүлкін шектеулі пайдалануға үшінші тұлғаның құқығы, яғни сервитуттың жоқ екендігін дәлелдеейді.

Мысалы, сотқа иеліктен шығарумен байланысты емес, тұрғылықты емес үй-жайға меншік құқығының бузылуын жою туралы талап арызбен ЖШС жолданады. Сотқа ұсынылған құжаттардан даулы үй жай талап қоюшыға меншік құқығында тиесілі екендігі анықталды. Бұл үй-жай Акционерлік қоғаммен жалға алынған үй-жайға тиіп тұрады, және дауды қарау сәтінде олармен орналастырылған темір есік ЖШС-ның үй-жайына кіру жолды

жауып қояды. Сот іс материалдарын қарап, шын мәнісінде үй-жайға кіру тек акционерлік қоғамның үй-жайынан кіруге болатындығын зерттеді. Сондықтан, мұндай жағдайда сот талап арызды қанағаттандырып, жауапкерді кедергіні жоюды міндеттейді [4];

3) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы сипаттағы әрекеті.

Құқыққа қайшылық мұндай жағдайда заң талаптарына қайшылық ретінде қаралады. Бұл ереженің мәнісін түсіну үшін ҚР АҚ-тің 3 бабының 1 тармағына сүйенген жөн. Оған сәйкес, азаматтық заңнама азаматтық кодекстен, өзге заңдардан және парламенттің қаулыларынан, Президенттің жарлығы мен қаулыларынан, Үкімет қаулыларынан тұрады делінген. Әрине, кез келген нормативтік құқықтық актілердің ережелері олардың заң актілерінің талаптарына сәйкестігімен қаралуы қажет.

Сонымен, меншік құқығына қатысты үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы немесе құқыққа сай әрекеті ҚР АҚ-тің 3 бабының 1 тармағына сәйкес белгіленген заң терминдерінің мағынасымен бағалануы тиіс.

4) үшінші тұлғалардың тарапынан құқыққа қайшы әрекеттерінің негаторлық талап қою сәтінде ұзақтылығы немесе мұндай әрекеттердің салдарының жойылмауы. Бұл жерден негаторлық талаптың бір елеулі ерекшелігі туындайды: оларға талап қою мерзімі қолданылмайды, өйткені негаторлық талаптың негізінде созылмалы құқық бұзушылық орын алып отыр (ҚР АҚ-тің 187 бабы).

Негаторлық талапты қолдану нәтижесінде меншік иесі зиянның орнын толтыруды талап етуі мүмкін. Ол үшін зиянның болуын және үшінші тұлғалардың әрекеті мен туындаған мүліктік зиянның арасындағы себепті байланыстың бар екендігін дәлелдеу тиіс. Рим құқығы бойынша негаторлық талаптың концепциясынан меншік иесі меншік құқығын қорғаудың осы әдістерін қолдану нәтижесінде, келешекте үшінші тұлғалардың тарапынан мұндай әрекеттің болуына жол бермеуді талап ете алады [5, 230 б.].

Негаторлық талаппен толығымен меншік құқығын қорғау жүзеге асырылады. Бірақ, үшінші тұлғалардың тарапынан болатын бұзушылықтар меншік иесінің жекелеген өкілеттіктеріне де нұқсан келуі мүмкін. Дегенмен, мұндай бұзушылықтар меншік құқығының бір бөлігіне ғана емес, оны тұтастай жүзеге асыруына кедергі келтіреді.

Негаторлық талаптың заңи құрылымын талдауды қорытындылай келе, негаторлық талап – бұл меншіктегі субъективтік құқықты дұрыс жүзеге асыруға кедергі келтіретін кемшіліктерді жою туралы меншік иесінің үшінші тұлғаларға қоятын талабы болып табылады.

Тағы бір қорғау әдістерінің бірі – тану туралы талаптардың көмегімен меншік құқығын қорғау (тану туралы талап). Ұзақ уақыт бойы Қазақстанның азаматтық заңнамасында мұндай талаптар болмаған. Тек ғылыми ортада ғана мұндай талаптардың болу мүмкіндігі туралы айтылатын. Бірақ қазіргі таңда меншік құқығын тану туралы талаптар ҚР АҚ-тің 259-бабында өз бекітілуін тапты.

Сот тәжірибесінде құқықты тану және олардың көмегімен меншікке субъективтік құқықтарды қорғау туралы талаптардың әрекет етуі мүлікті қамаудан босату туралы, тізілімнен мүлікті шығару туралы талаптардан өз бастамасын алады. Мұндай талаптар сот тәжірибесінде жиі кездесетін.

Тану туралы талаптар әрекетету үшін екі негіз келтіруге болады:

1. азаматтардың өз құқықтарын қорғау тиісті құқықты тану жолымен сотта жүзеге асырылуы мүмкін. сонымен қатар азаматтық заңнама азаматтық құқықтардың келесідей қорғалу әдістерін де белгілейді, мәселен, құқық бұзылғанға дейін әрекет еткен құқықты бастапқы қалпына келтіру, сонымен ұатар құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттердің алдын алуы. Сонымен, мұнда субъективтік меншік құқығын қорғаудың кең мағынада талқылаудың әдістерін де көруге болады.

2. меншік құқығын қорғаудың мұндай әдістерінің әрекет етуі тәжірибелік мысалдармен, тәжірибелік қызметкерлердің тәжірибелік қорытындыларымен расталады. Мысалы, А.Арифалин және С.Герасименконың пікірлері бойынша, теорияда қорғаудың үш негізгі әдістері бар:

- даулы мүлікке меншік құқығын тану (затты иелену құқығы);
- бөтеннің заңсыз иелігінен мүлікті талап ету (виндикациялық талап);
- иеленуден айыруға байланысты емес, меншік иесінің бұзылған құқықтарын жою (негаторлық талап)[6].

Мұндай жағдайда меншік құқығын тану туралы талаптар бірінші орынға қойылады деп айтуға болады, өйткені қорғаудың бұл түрі виндикациялық немесе негаторлық талапқа қарағанда жалпы сипатқа ие болады. Соңғысы өзінің мүлкіне деген құқығын тану туралы талаптың көмегімен қорғай алады, содан кейін ғана сотпен танылған құқықтың негізінде қорғаудың басқа да шарттан тыс әдістерін қолдана алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 27 желтоқсан 1994 жылғы № 269-ХІІ Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. – 1994. – № 23-24 (21.01.2019 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен) (өтініш берген күні: 01.03.2022).
2. Скрябин С.В. *Вещное право: Учебное пособие.* – Алматы: Научно-издательский центр КООУ, 2009. – 292 с.
3. Ынтымақов С.А. *Азаматтық құқық: Практикум. Жалпы және ерекше бөлім.* – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 220 б.
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені, 2016. – №5 // <http://sud.gov.kz/rus/content/byulleten-za-2016-god> (04.04.2019 жылғы жағдайы бойынша).
5. Новицкий И.Б. *Римское право: Учебник. 4-е изд., стер.* – М.: КНОРУС, 2016. – 304 с.
6. Скрябин С.В. *Защита гражданских прав: Монография / Отв. ред. М.К. Сулейменов//* http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31518805 (по состоянию на 01.03.2022 г.).

Н.Нурбаев

Қайнар академиясы 7М04201-құқықтану мамандығының магистранты

Қазақстан Республикасында корпоративтік құқық ғылымына жалпы сипаттама

Аңдатпа. Мақалада автор корпоративтік құқықтың анықтамасына тоқталып, корпоративтік құқықтың құқықтық нормаларының негізгі үш мақсатын айқындайды: біріншіден, шаруашылық субъектілерінің құқықтық мәртебесін анықтау және бекіту; екіншіден, шаруашылық субъектілерін құру тәртібін анықтау; үшіншіден, шаруашылық субъектілерінің қызмет ету тәртібін анықтау. Ғылым саласы ретінде корпоративтік құқық әлі де болса қалыптасу барысында. Корпоративтік құқық ғылымы корпоративтік қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін, сондай-ақ, корпоративтік құқық доктринасын, соның ішінде, корпоративтік құқық саласындағы алуан түрлі құқықтық тұжырымдарды, анықтамаларды, теорияларды, корпоративтік заңнаманы қолдану тәжірибесін зерттейді.

Түйін сөздер: азаматтық құқық, корпорация, корпоративтік құқық, акционерлік қоғам

Аннотация. В статье автор остановился на определении корпоративного права и определяет три основные цели правовых норм корпоративного права: во-первых, определение и утверждение правового статуса хозяйствующих субъектов; во-вторых, определение порядка создания хозяйствующих субъектов; в-третьих, определение порядка деятельности хозяйствующих субъектов. Корпоративное право как сфера науки все еще

находится на стадии становления. Наука корпоративного права изучает особенности правового регулирования корпоративных отношений, а также доктрину корпоративного права, в том числе различные правовые концепции, определения, теории, практику применения корпоративного законодательства в области корпоративного права.

Ключевые слова: гражданское право, корпорация, корпоративное право, акционерское общество

Abstract. In the article, the author discussed the definition of corporate law and defines three main goals of legal norms of corporate law: firstly, the determination and approval of the legal status of business entities; secondly, determining the procedure for creating business entities; thirdly, determining the procedure for the activities of economic entities. Corporate law as a sphere of science is still in its infancy. The science of corporate law studies the peculiarities of the legal regulation of corporate relations, as well as the doctrine of corporate law, including various legal concepts, definitions, theories, and the practice of applying corporate law in the field of corporate law.

Keywords: civil law, corporation, corporate law, joint stock company

Корпорация бұл-белгілі бір әлеуметтік пайдалы қызметті жүзеге асыратын, бірлескен капитал (ерікті салымдар) негізінде құрылған ұжымдық бірлестік, заңды тұлға ретінде танылған ұйым. Кейбір авторлар англосаксондық жүйеде қолданылатын түсініктерді посткеңестік құқықтық ғылымға енгізуге тырысады. Осылайша, Г.В. Петров корпоративтік және акционерлік құқықты теңдестіреді[1]. Корпорацияны берілген анықтама бойынша талдап көрейік.

Біріншіден, корпорация жай ғана индивидттердің бірлестігі емес. Ол құрамына кіретін индивидттердің топтық мүддесі бойынша бүтін бірлестік ретінде сыртқы қатынастарда өз атынан қатысатын, белгіленген тәртіп бойынша құралған ұжымдық тұлғалар одағы, яғни ассоциация. Бірлестіктер, әлемнің пайда болуынан дамып, ортақ істер мен ортақ мүдделер бар жерде орын алатындығын айтып кеткен жөн. Алайда, бірлестіктердің барлық түрлері корпорацияларды құрамайды.

Екіншіден, корпорация - бұл адамдардың ғана емес, капиталдардың да бірлесуі (коммерциялық емес корпорациялардағы-салымдар). Корпорация қызметін ұйымдастыру үшін өз капиталдарын ұсынған тұлғалар шеңбері, сонымен қатар капиталдарының (салымдарының, пай мөлшерінің, акцияларының және тағы басқа) көлемі корпорация қызметін жүзеге асыру барысындағы кез-келген уақытта өзгертілуі мүмкін. Аталған капиталдардың категориялары корпорацияның қаржылық негізін құрайды. Корпорацияның құрылтайшыларымен немесе қатысушыларымен ұсынылған капитал, оның баламалы нысанында, яғни анықталған шаруашылық-өндірістік кешені немесе белгілі бір мүлік түрінде болуы мүмкін. Соңғысы әдетте серіктестік нысанындағы ұсақ фирмаларды құру кезінде кеңінен кездеседі. Белгіленген мүлік нысанындағы капитал меншік ретінде барлық корпорацияға тиесілі. Корпорация қатысушылары құн ретінде салынған капиталдың иелері болып қала береді.

Үшіншіден, корпорация бұл-белгілі бір әлеуметтік тұрғыдан пайдалы қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырылған адамдар бірлестігі. Бұған қандай қызмет түрлері жатқызылатындығы туралы заңнамада тікелей көрсетілмейді. Әдетте, қоғамға қауіпті, зияны бар, сондықтан тыйым салынған қызмет түрлері туралы ғана айтылады. Қалғандары «тыйым салынбағанның барлығы рұқсат етілген» қағидасы бойынша дамыған. Корпорациялардың қызметі қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында жүргізілуі мүмкін. Мүліктік игіліктер пайда болуына үлесін салатын өндірістік салалар аса қызығушылықты білдіретіндігі де рас. Корпорацияда біріктірілетін капитал әрдайым қызмет жасап, корпорацияның алдына қойылған мақсатына жету үшін жағдай жасауға міндетті. Капиталды оңтайлы қолданып әлеуметтік маңызы бар әрекеттерді жасау оңай іс емес. Сондықтан, корпорация ішінде мамандырылған арнайы кешендердің құрылуы (цехтер,

бөлімдер, қатысушылар) және басқару аппаратының реттеуі арқылы өзара байланыста болатыны ықтимал.

Төртіншіден, ұжымдық бірлік тек қана корпорация болып қалыптасқан жағдайда ғана заңды тұлға мәртебесін иеленеді. Оның мемлекеттік тіркеуден өту міндеттілігі осыған дәлел. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден өткізу романогермандық жүйеде тамырланған Қазақстан үшін ғана емес, континентальді Еуропадағы мемлекеттердің басым көпшілігі үшін міндетті ереже. Континентальді құқықтық жүйеде корпорация түсінігі англосаксондық құқықтық жүйедегі түсінікке қарағанда әлдеқайда кеңірек. Онда Англия мен АҚШ-ның құқығына сәйкес корпорация ретінде танылмайтын немесе мүлдем қарастырылмаған тұлғалардың бірлестігі қосылған (мысалыға серіктестіктер). Бірақ, басқа жағынан қарағанда кейбір жағдайларда тар мағынада түсіндірілуі мүмкін. Континентальді Еуропада заңды тұлға ретінде танылмайтын, демек, сәйкесінше корпорациялар бола алмайтын бұқаралыққа байланысты корпорациялар болуы мүмкін. Әңгіме басқару қызметімен айналысатын мемлекеттік органдар туралы айтылуда. Егер терминдерге көңіл аудармай, жалпы құқық жүйесіндегі бұқаралық корпорациялар мен континентальді құқықтағы мемлекеттік органдар арасында теңдік белгісін қоятын болсақ, онда корпорация түсінігі Англия және АҚШ-тағы құқыққа қарағандағы кеңірек екендігіне көзімізді жеткізуге болады. Оған акционерлік қоғамдардан басқа заңды тұлғалар қосылады: серіктестіктер (толық, коммандиттік, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар), шаруашылық бірлестіктер (концерн, ассоциация, холдингтер), өндірістік және тұтынушылық кооперативтері.

Қазақстандық құқық ғылымы үшін корпоративтік құқық ұғымы жаңа ұғым болып табылады. «Корпоративтік құқық» түсінігінен оның реттеу пәні болып корпорациялары құру және олардың қызметіне байланысты қоғамдық қатынастар табылатындығын айтуға болады. Корпоративтік құқық отандық құқық үшін жаңа болғандықтан оның құқық саласы, ғылым саласы және оқу пәні ретіндегі мәнін анықтау өте маңызды.

Корпоративтік құқықтың құқық саласы, ғылым саласы және оқу пәні ретіндегі түсінігін анықтамас бұрын «корпорация» сөзінің түсінігін ашу қажет. «Корпорация» термині американдық және еуропалық құқықтық жүйеде жиі қолданылатын түсінік. Оған сәйкес, шетелдік құқық ғылымында корпорация – заңға сәйкес тұлғалардың ұйымы ретінде құрылған заңды тұлға түсініледі. Яғни, корпорация заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысанының бір түріне жатады [2].

Қазақстандық құқықта корпорация заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанының бір түрі ретінде көрсетілмеген. Отандық құқықта корпорация акционерлік қоғамдармен теңдестіріледі. Сондықтан, Қазақстандағы корпоративтік құқық ұғымын қарастырған кезде бұл құқық саласын акционерлік қоғамдардың қызметімен байланыстыру қажет. Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам деп танылады [3].

Жалпы корпоративтік құқықты екі мағынада түсіндіруге болады. Кең мағынада, корпоративтік құқық дегеніміз – шаруашылық субъектілерін құру және қызмет ету тәртібін реттейтін, олардың құқықтық мәртебесін анықтайтын құқықтық нормалардың жиынтығы. Тар мағынада, корпоративтік құқық дегеніміз – коммерциялық ұйымның әкімшілігі немесе меншік иесі бекіткен, сол ұйымның ішкі құқықтық қатынастарын реттеуге бағытталған ережелер жүйесін білдіреді. Бұдан корпоративтік құқыққа келесідей анықтама беруге болады: корпоративтік құқық дегеніміз – шаруашылық субъектілерін құру және олардың қызмет етуімен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды жеке-басқарушылық әдістер негізінде құқықтық реттеуге бағытталған құқықтық нормалардың жиынтығы.

Корпоративтік құқық ғылым саласы ретінде корпоративтік нормаларды, корпоративтік қатынастарды, сондай-ақ кор-поративтік қатынастарды құқықтық реттейтін теориялық және қолданбалы аспектілер, тұжырымдар және қағидаларды зерттеуге бағытталған ғылыми білімдер жиынтығы. Корпоративтік құқық ғылымы қазіргі таңда корпорацияларды құру және қызметін құқықтық реттеуге байланысты доктриналды

зерттеулер жиынтығы. Бұл ғылым корпорациялардың құрылу және қызметімен байланысты объективті заңдылықтарды зерттеумен және корпоративтік қатынастар мәнін ашуға байланысты.

Корпоративтік құқықты еңбек ұжымының еркін білдіретін, ұйымның қызметін реттеуге бағытталған, тұлғалар мен капиталды біріктіруге негізделген, компаниялар мен ұйымдарда бекітілген ережелер жүйесі деп түсіндіруге болады. Тұлғалар мен капиталдың бірлестігі болып табылатын кез келген компания қандай да бір қызмет түрін іске асыру үшін өздерінің жұмысын неғұрлым тиімді ұйымдастыру және алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету мақсатында ішкі тәртіп ережелерін бекітуге құқылы.

Кез келген құқық саласы ретінде танылуы үшін оның өзіндік реттеу пәні болуы қажет. Реттеу пәні – осы құқық саласымен реттелетін қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Корпоративтік құқық пәніне байланысты ғалымдар арасында берілген ортақ анықтама жоқ. Ғалымдардың бір тобы корпоративтік құқықтың пәнін анықтау кезінде оны азаматтық құқықтың бір бөлімі ретінде қарастыру қажеттігін айтады. Бұл қатарда Е.А. Суханов, А.А. Зурбаян және А. Байков сияқты ғалымдарды айтуға болады. Карагусов Ф.С. корпоративтік құқық пәніне байланысты келесі ойын білдіреді: «бастапқыда корпоративтік құқық азаматтық-құқықтық қатынастардың жеке түрі ретінде азаматтық құқық аясында пайда болған, уақыт өте келе нарықтық қатынастардың дамуына байланысты корпоративтік құқықтық пәні кеңейе түсті» [4]. Енді бір ғалымдардың тобы «корпоративтік құқық кәсіпкерлік құқықтың институты бола отырып, корпорацияларды құру және қызметін реттеуге байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған нормалар жиынтығы» деп көрсетеді [5].

Корпоративтік құқықтың пәні – корпоративтік қатынастар болып табылады. Құқық теориясында құқықтық қатынастар болып құқық нормаларымен реттелген, қатысушылары субъективтік құқықтар мен міндеттерге ие болатын қоғамдық қатынастар табылады. Осылайша, құқықтық қатынастар – бұл қоғамға маңыздылық сипатына қарай құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастардың бір түрі. Құқық нормаларында құқықтық қатынастар қатысушыларының құрамы, олардың құқықтары мен міндеттері, құқықтық қатынастардың пайда болу және даму шарттары, құрамы, яғни қоғамдық қатынастардың типтік үлгілері қалыптасады.

Корпоративтік қатынастарды екі аспектіде қарауға болады: тар мағынадағы корпоративтік қатынастар – корпорацияның ішкі қатынастары, мысалы, қоғамды басқару және оның қызметіне байланысты акционерлердің құқықтары; кең мағынадағы корпоративтік қатынастар – корпорацияның заңды тұлға ретіндегі кәсіпкерлік қызметімен байланысты қатынастар. Екінші аспектідегі қатынастар мемлекеттік басқарумен байланысты болады.

Корпоративтік қатынастардың міндетті субъектісі болып корпорация табылады. Корпоративтік құқықтық қатынастардың субъектісі болып қоғам мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акционер мәртебесіне ие болатын қоғамның құрылтайшысы табылады. Акционерлердің құқықтық жағдайы ол ие болатын акциялардың түріне байланысты [6].

Көптеген ғалымдар корпоративтік қатынастардың міндетті субъектісі ретінде қоғамның басқару органын да көрсетеді. Бұл жағдайда корпоративтік құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде қоғамның басқа да органдарын айту қажет. Ерекше өкілеттіктерге ие болатын корпоративтік қатынастардың корпоративтік хатшы сияқты субъектісі бар. Корпоративтік хатшы – қоғамның директорлар кеңесінің және атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын акционерлік қоғамның қызметкері, оны қоғамның директорлар кеңесі тағайындайды және ол қоғамның директорлар кеңесіне есеп береді, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде акционерлер жиналысының және қоғамның директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауға және өткізуге бақылау жасайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және қоғамның директорлар кеңесінің отырысына материалдар әзірлеуді қамтамасыз етеді, оларға қол

жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылайды. Корпоративтік хатшының құзыреті және қызметі қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.

Бұдан басқа корпоративтік қатынастардың лауазымды адамы және тәуелсіз директор сияқты субъектілер атауға болады. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында лауазымды адамға келесі анықтама берілген: лауазымды адам – акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің, оның атқарушы органының мүшесі немесе акционерлік қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға. Ал, тәуелсіз директор – аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилиирленген тұлға болып табылмайтын; аталған акционерлік қоғамның немесе осы қоғам ұйымының аффилиирленген тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі.

Корпоративтік қатынастардың объектісіне де байланысты ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Д.В. Ломакин корпоративтік қатынастардың объектісі ретінде ұйымның жеке немесе ісәрекетінің жиынтығын емес оның қызметін және осы қызметтің нәтижесін көрсетеді[7]. Е.Б. Сердюк құқықтық қатынастар бағытталған іс-әрекеттер деп көрсетеді. Яғни құқықтық қатынастар осы қызметке байланысты пайда болады. Ал, материалды объектілерді міндеттеменің орындалу пәні ретінде қарастырады.

Корпоративтік құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар бірінші кезекте заңды тұлғаның ішінде туындайтын қоғамдық қатынастар.

Корпоративтік қатынастар дегеніміз – шаруашылық субъектілерін құру және олардың қызмет етуімен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар.

Корпоративтік құқықтың нормативтік негізін заңды тұлғалар туралы заңнамалық актілер, сондай-ақ, заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесімен, қызмет етуімен және басқа да мән-жайлармен байланысты әртүрлі ережелер, стандарттар және құжаттамалар құрайды.

Корпоративтік құқықтың құрамына заңды тұлғаның ішінде қабылданатын, заңды тұлғаның ішінде ғана қолданылатын және ішкі корпоративтік қатынастарды реттеуге бағытталған нормалар да кіреді.

Корпоративтік құқықта азаматтық құқық саласына тән жеке-құқықтық әдістер де, кәсіпкерлік құқыққа тән жария-құқықтық әдістер де қолданылады. Дегенмен, теңдік принципі басым болатын азаматтық құқықтық қатынастарға қарағанда, корпоративтік құқықтық қатынастарда билік-бағыну принципі басым келеді. Корпоративтік құқықтық қатынастарда азаматтық құқықпен реттелетін мүліктік қатынастардан басқа, императивтік нұсқаулар басым кездесетін ұйымдастырушылық-басқарушылық аспектілер де кездеседі. Бұл – корпоративтік құқықтық қатынастардың ерекшелігі болып табылады.

Демек, корпоративтік құқықтың құқықтық реттеу әдістемесі диспозитивтік-императивтік сипатқа ие деп тұжырымдауға болады.

Корпоративтік құқықтың анықтамасынан көріп отырғанымыздай, корпоративтік құқықтың құқықтық нормаларының негізгі үш мақсаты бар: біріншіден, шаруашылық субъектілерінің құқықтық мәртебесін анықтау және бекіту; екіншіден, шаруашылық субъектілерін құру тәртібін анықтау; үшіншіден, шаруашылық субъектілерінің қызмет ету тәртібін анықтау.

Ғылым саласы ретінде корпоративтік құқық әлі де болса қалыптасу барысында. Корпоративтік құқық ғылымы корпоративтік қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін, сондай-ақ, корпоративтік құқық доктринасын, соның ішінде, корпоративтік құқық саласындағы алуан түрлі құқықтық тұжырымдарды, анықтамаларды, теорияларды, корпоративтік заңнаманы қолдану тәжірибесін зерттейді.

Қазіргі таңда корпоративтік құқықты оқу пәні ретінде жоғарғы оқу орындарында оқу бағдарламаларына енгізу фактілері байқалады. Корпоративтік құқық пәні корпоративтік қатынастарды жария-құқықтық және жеке-құқықтық реттеуді іске асыратын болғандықтан кешенді сипатқа ие. Оқу пәнінің бағдарламасы шеңберінде, әдетте, корпоративтік құқық доктринасы, корпоративтік заңнаманың жай-күйі мен ерекшеліктері, заңды тұлғаларды құру тәртібі, олардың қызмет ету барысы, жарғылық капиталды қалыптастыру, корпоративтік басқару мәселелері, заңды тұлғалардың басқару органдары және олардың қызмет ету тәртібі, сондай-ақ, заңды тұлғалардың ішкі қатынастарының ерекшеліктері оқытылады.

Кез келген құқық саласы жүйелендірілген болуы керек. Жүйелендіру құқықтық нормаларға тән белгі. Құқықты жүйелендіру негізінде құқықтық ережелерді логикалық тұрғыда, қандай да бір тәртіпті сақтай отырып, рет-ретімен бекітіп, көрсету мақсаты жатады. Жүйелендірілген жағдайда құқық нормаларын қолдану да жеңіл болады. Құқықты жүйелендірудің мәні – құқық саласын әртүрлі құқықтық институттарға бөлумен сипатталады, яғни, құқық жүйесі – құқықтың мазмұнын сипаттайтын, оның ішкі құрылымы.

Корпоративтік құқықтың жүйесін толық және дұрыс ашып көрсету үшін корпоративтік құқықтың азаматтық құқық жүйесінде алатын орнын анықтап алу қажет. Себебі, корпоративтік құқық бірінші кезекте, азаматтық құқықтың бөлігі болып табылады.

Корпоративтік құқықтың жүйесі корпоративтік құқықтың түсінігі, пәні, құқықтық реттеу әдістері, корпоративтік қатынастар, заңды тұлғалар туралы жалпы ережелер; заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары; заңды тұлғалардың мүлкі; заңды тұлғаларды құру, қайта құру және жою тәртібі секілді тараулардан тұрады. Корпоративтік қатынастардың қайнар-көздеріне корпоративтік қатынастарды реттеуге бағытталған заңнамалық құжаттар жатады. Бұл құжаттарға Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі негізгі заң ретінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заң жатады. Бұл заңдар корпорацияның құрылу тәртібі, қызмет етуі, осы қатынастарға қатысушы субъектілердің құқықтық жағдайын, олардың құқықтары мен міндеттерін реттейді.

Аталған негізгі заңдардан басқа корпорацияның ішкі қатынастарын реттейтін ішкі нормативтік құжаттар бар. Мысал ретінде, құрылтай шартын келтіруге болады. Құрылтай шарты әрбір құрылтайшының немесе оның өкілінің шартқа қол қоюы арқылы жазбаша нысанда жасалады. Ал, егер құрылтайшы жалғыз болса жалғыз құрылтайшының шешімі жазбаша нысанда ресімделіп, оған құрылтайшы немесе оның өкілі қол қояды. Құрылтай шартын нотариат куәландыруға тиіс. Құрылтай шартында жазылған мәліметтер, егер шарттың өзінде өзгеше көзделмесе, коммерциялық құпия болып табылады. Құрылтай шарты мемлекеттік органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қоғамның шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда ғана берілуге тиіс.

Қоғамның жарғысы да ішкі нормативтік құжатқа жатады: Қоғамның жарғысы қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген адам қол қоятын, жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделген өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде жарғының жаңа редакциясы түрінде жазылғандарды) қоспағанда, қоғам жарғысына құрылтайшылар не оның өкілдері қол қоюға тиіс. Қоғамның жарғысын, сондай-ақ оған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды нотариат куәландыруға тиіс.

Сонымен, қорыта келе, корпоративтік құқық – жеке құқық саласы ретінде қалыптасып келе жатқан, өзіндік құқықтық реттеу пәні мен зерттеу аясы бар, корпоративтік қатынастардың ерекшеліктеріне қарай өзіндік құқықтық реттеу әдістері бар, бірақ, әлі де болса жетілдіруді, ғылыми тұрғыда негіздеуді қажет ететін құқық саласы деп тұжырым жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Петров Д.А. Саморегулирование в системе государственного регулирующего воздействия на общественно-экономические отношения // Юрист. – 2013. – № 11. – С. 8–12.

2. Андреев В.К., Лаптев В.А. Корпоративное право современной России: монография. – М.: Проспект, 2017. – С. 102.

3. Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415_.(өтініш берген күні: 23.03.2022).

4. Карагузов Ф.С. Основы корпоративного права учебное пособие. – Алматы (Казахстан): Научно-издательский центр Каспийского общественного университета, 2010. -280 с.

5. Карагузов Ф.С. Основы корпоративного права и корпоративное законодательство Республики Казахстан. Издание второе, дополненное. -Алматы: Бастау, 2011. -368 с.

6. Корпоративное право: учебный курс: в 2 т. / Е.Г. Афанасьева, В.А. Вайпан, А.В. Габов и др.; отв. ред. И.С. Шиткина. – М.: Статут, 2018. – Т. 2. – 990 с.

7. Ломакин Д.В. Акционерное правоотношение. – М., 1997. – С. 186.

Успанов М.

В словаре русского языка «безопасность» определяется как положение, при котором кому-либо, чему-либо не угрожает опасность.[2 с. 567] В прикладных дисциплинах, как правило, раскрывается одна из граней «безопасности». Так, «безопасность» в теории надежности – это свойство объекта не допускать ситуаций, опасных для людей, окружающей среды, или способность системы функционировать, не переходя в опасные состояния, угрожающие для кого-либо, наносящие ущерб чему-либо.

Пожарная безопасность – состояние объекта, исключающее возможность пожара, а в случае его возникновения – предотвращение воздействия опасных факторов пожара и обеспечение защиты.

Безопасность труда – состояние условий труда, исключающее воздействие на работников опасных и вредных производственных факторов

Безопасность производственного оборудования – свойство производственного оборудования соответствовать требованиям безопасности труда при монтаже (демонтаже) и эксплуатации в условиях, установленных нормативно-технической документацией.

Безопасность производственного процесса – свойство производственного процесса соответствовать требованиям безопасности труда при проведении его в условиях, установленных нормативно-технической документацией.

Другим примером возникновения угроз безопасности жизнедеятельности стали аварии и катастрофы. Как известно, чрезвычайная ситуация (ЧС) - это обстановка на определенной территории, сложившаяся в результате аварии, опасного природного явления, катастрофы, распространения заболевания, представляющего опасность для окружающих, стихийного или иного бедствия, которые могут повлечь или повлекли за собой человеческие жертвы, ущерб здоровью людей или окружающей среде, значительные материальные потери и нарушение условий жизнедеятельности людей.

Техногенные чрезвычайные ситуации возникают в результате аварий на промышленных объектах и магистральных трубопроводах, химических аварий, аварий с

выбросом радиоактивных веществ, аварий в зданиях жилого и социально-бытового назначения.

Отметим, что каждому региону страны свойственны свои климато-географические и экономические особенности. Следовательно, и чрезвычайные ситуации, которые могут возникнуть в вашем месте проживания, имеют свою специфику.

Чрезвычайные ситуации техногенного характера, как правило, возникают в результате производственных аварий и катастроф. *Основные причины техногенных аварий и катастроф* — высокий износ производственных фондов, особенно на предприятиях химического комплекса, нефтегазовой, металлургической и горнодобывающей промышленности; рост объемов транспортировки, хранения и использования опасных (вредных) веществ, материалов и изделий, а также накопление отходов производства, представляющих угрозу населению и окружающей среде; понижение уровня профессиональной подготовки персонала промышленных предприятий и др.

В последние годы, к сожалению, сохраняется тенденция роста числа чрезвычайных ситуаций как техногенного, так и природного характера, увеличивается количество пострадавшего и погибшего в них населения.

Каждая опасная и чрезвычайная ситуация имеет свою специфику, зависит от многих условий (место, время, причины, ее вызвавшие, и другие факторы) и требует конкретных действий человека с учетом реально складывающейся обстановки. Тем не менее есть целый ряд общих положений поведения человека для обеспечения личной безопасности при чрезвычайных ситуациях,

Прежде всего, каждый человек должен выполнять ряд общих правил, позволяющих ему подготовиться к наиболее вероятным для мест проживания чрезвычайным ситуациям, чтобы они не застали врасплох.

В соответствии с законодательством граждане РК имеют право быть информированными и о риске, которому они могут подвергнуться в определенных местах пребывания на территории страны, и о мерах необходимой безопасности. Возникновение экстремальных ситуаций обусловлено наличием в районе вашего проживания предприятий химической промышленности, пожаро- и взрывоопасных объектов, газопроводов и других промышленных объектов, аварии на которых могут создать опасность для жизни.

Таким образом, анализируя содержание понятия «безопасность» в законодательной сфере, можно сделать вывод, что безопасность – это состояние и свойство объекта, системы, позволяющие выполнять заданную функцию, не допуская аварий, ситуаций, опасных для людей, окружающей среды, объекта, системы, обеспечивая реализацию системы мер и условий их предотвращения. Такое определение наиболее полно соответствует раскрытию слова «безопасность» в русском языке – положение, при котором кому - либо, чему-либо не угрожает опасность. Теперь, проведя системный анализ определения понятия «безопасность» в прикладных и законодательных сферах, можно перейти к раскрытию содержания понятия «безопасность объектов капитального строительства».

Правовое регулирование обеспечение безопасности жизнедеятельности охватывает почти каждое действие как работника, так и работодателя. Незнание правовых аспектов и невыполнение правовых предписаний названных и любых иных сфер жизнедеятельности может вести к потерям, ущербу и даже гибели человека.

Список использованной литературы

1. Скрыпников В.А. Понятие, сущность и основы государственного управления в области обеспечения промышленной безопасности на опасных производственных объектах - <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-suschnost-i-osnovy-gosudarstvennogo-upravleniya-v-oblasti-obespecheniya-promyshlennoy-bezopasnosti-na-opasnyh/viewer> Режим доступа 28.03.2022

2. Словарь русского языка: в 4-х т./АН СССР, Институт русского языка, под ред. А.П. Евгеньевой, 3-е изд. стереотипное. М.: Русский язык, 1985. Т. 1. С. 696.

Тыйлов Н.Т.

Қайнар Академиясының құқықтану мамандығының магистранты

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МЕРЗІМ, МЕРЗІМ ТҮРЛЕРІ, ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМІ, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Ғылыми мақала азаматтық құқықтағы мерзім, мерзім түрлері, талап қою мерзімі, азаматтық құқықтағы мәселелерге арналған. Солай, уақыт өте келе пайдалану қасиетін жоғалтатын тауарларға, химияның тұрмыстық бұйымдарға, медициналық тергеу, иіс су – косметикалық тауарларға, азық-түліктерге қатысты пайдалану мерзімі бекітіледі. Пайдалану мерзімі өтп кеткен тауарларды сату тыйым салынады. Тауарлардың пайдалану мерзімі оны жасаған күннен бастап есептелеу және тауарды пайдаланудың жарамдылығы уақыт кезеңі мен, немесе күнмен анықталады.

Пайдалану мерзіммен дайындаушы тұтынушыға тауарды мақсатқа сай пайдалануын қамтамасыз етуге немесе оның кесірінен болған кемшіліктері үшін жауапкершілікке тартылуға міндетті – тауардың қызмет мерзімімен ұқсас.

Түйін сөздер: азаматтық құқық, мерзім, заңды фактілер, заңнама, мәміле, заңдық салдар, мерзімдерді есептеу.

Аннотация: Научная статья посвящается раскрытию понятия гражданско правовых споров и их сущности, видам. Истечение определенного отрезка времени (срока) имеет большое значение в гражданском праве. Оно представляет собой юридический факт, с которым закон связывает различные гражданско-правовые последствия.

Установление и определение длительности сроков имеет волевое происхождение. Ведь сроки в гражданском праве устанавливаются законом или подзаконными актами, сделками или судебными решениями. Многие сроки могут быть приостановлены или восстановлены, что также говорит об их волевой природе.

Ключевые слова: гражданское право, сроки, юридические факты, законодательство, сделки, исчисление сроков.

Annotation: The scientific article is devoted to the disclosure of the concept of civil legal disputes and their essence, types. The expiration of a certain period of time (term) is of great importance in civil law. It is a legal fact with which the law associates various civil legal consequences.

The establishment and determination of the duration of terms is of volitional origin. After all, the terms in civil law are established by law or by-laws, transactions or court decisions. Many terms can be suspended or restored, which also speaks of their strong-willed nature.

Keywords: civil law, terms, legal facts, legislation, transactions, calculation of terms.

Азаматтық құқықтағы мерзімді белгілеу дегеніміз заңдармен, мәмілемен белгіленген не сот тағайындайтын мерзім күнтізбелік күнмен немесе сөзсіз болуға тиісті оқиға деп көрсетіліп белгіленеді. Ал көптеген әдебиеттерде Азаматтық құқықта мерзім ұғымы заңдық салдармен байланысты сәт немесе шектеулі кезең деп түсіндіріледі. Демек, заң табиғаты тұрығысынан алып қарағанда, мерзім дегеніміз заңдық факт болып табылады.

Әдебиеттерде мерзімді оқиға деп аталатын, яғни адамдардың еркінен тыс болатын құбылыстарды заңды фактілер категориясына жатқызады.

Мерзімдерді есептеу тәртібі: Азаматтық заңда мерзімді есептеуге байланысты арнайы белгілеген тәртіп бар (Азаматтық кодекстің 6-тарауы) Азаматтық кодекстің 172-бабына сәйкес мерзім күнтізбелік күнмен немесе сөзсіз болуға тиісті оқиғамен байланыстырылады. Осы бапта мерзімді тағайындау жолдары белгіленген, мысалға бұл сәтті көрсететін уақыт (күнтізбелік күн), белгілі уақыт кезеңі (жылдар, айлар, күндер, сағаттар) және сөзсіз болуға тиісті оқиға дер едім. Құқықтарды жүзеге асыру мен міндеттемелерді орындаудың мұндай мерзімдері белгіленген күннен басталады (мысалы: навигацияның басталуы мен аяқталуы және тағы басқалары). Яғни уақыт кезеңімен белгіленген мерзімнің басталуы, уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің өтуі күнтізбелік күннен немесе мерзімнің басталуы белгіленген оқиға болғаннан кейінгі келесі күннен басталады [1.162].

Егер мерзім кезеңмен белгіленсе, құқықты жүзеге асыру мен міндеттемені орындау мерзімі аяқталғанға дейгі уақыттың кез-келген сәтінде орындала беруі мүмкін. Мысалы: мұрагер мұра ашылған сәттен бастап алты ай ішінде мұраны қабылдау немесе одан бас тартуға шешім алуға құқылы [2.92].

Сөзсіз болуға тиісті оқиғаның салдары мерзімді белгілеуді талап етеді, мәселен, бұған азаматтың қайтыс болуын айтуға болады. Азамат қайтыс болған күннен бастап мұрагерлердің құқығы пайда болады және сол сәттен бастап мұраны иелену немесе бас тарту құқығына ие және т.б [3, 156].

Күнтізбелік күнмен көрсетілген мерзімді қолдану белгіленген уақыт мерзімінің басталғанын білдіреді. Дейтұғанымен, мерзім белгілі бір кезеңді қамтитын болған жағдайда оны есептеу тәртібі заңға сәйкес белгіленеді.

Азаматтық кодекстің 173-бабына орай уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің өтуі күнтізбелік күннен бастап немесе мерзімнің басталуы белгіленген оқиға болғаннан кейінгі келесі күннен басталады. Бұл мерзімнің өтуі затты тапсырған күннен емес, ертеңінен бастап есептеледі [4, 188].

Мерзімді дұрыс есептеу үшін оның басталу сәтін ғана емес, аяқталу мерзімін де нақты айқындап алудың маңызы зор болып табылады. Мерзімді есептеу мерзімді бастаған күннің келесі күні басталса, аяқталу сәті мерзім басталған айдың немесе аптаның соңғы күндерімен есептеледі [5, 259].

Азаматтық кодекстің 174-бабына сәйкес уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің аяқталуы былайша тұжырымдалған:

-жылдармен есептелетін мерзім-мерзімнің соңғы жылының тиісті айы мен күнінде бітеді. Жарты жылмен есептелетін мерзімге айлармен есептелетін мерзімнің ережелері қолданылады;

-жыл тоқсандарымен есептелетін мерзімге айлармен есептелетін мерзімнің ережелері қолданылады. Бұл орайда бір тоқсан үш айға тең деп есептеледі, ал тоқсандарды есептеу жыл басынан бастап жүргізіледі;

-айлармен есептелетін мерзім- мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде бітеді.

-жарты аймен белгіленетін мерзім-күндермен есептелетін мерзім ретінде қаралады да, он бес күнге тең болып есептеледі. Егер айлармен есептелетін мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келсе, мерзім сол айдың соңғы күнінде бітеді;

-апталармен есептелетін мерзім – мерзімнің соңғы аптасының тиісті күнінде бітеді [6, 300];

Кейде айдың аяқталуы әртүрлі келеді, мәселен, бір жылы ақпан айы 29-ында болуы мүмкін, кейінгі жылы ондай болмауы мүмкін немесе мерзім басталған айдың 31-болуы мүмкін, ал ол біткенде 30-ы болуы мүмкін, ондайда тиісті айдың соңғы күні біткенде мерзім аяқталған деп есептеледі.

Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, содан кейінгі ең таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі [7, 71].

Мерзімнің бітуімен белгілі бір дәрежеде заңдық салдарға байланысты, заң әрекетті мерзімінің соңғы күнінен аяқталу керектігін міндеттейді. Азаматтық кодекстің 176-бабының

талаптарына сәйкес, егер мерзім қандай да бір әрекет жасауға белгіленген болса, ол әрекет мерзімнің соңғы күніндегі сағат жиырма төртке дейін орындалуы мүмкін

(мысалы: қарыздарды беру, мұрагердің мұраға ие болуы). Мекемелер мен ұйымдардағы аяқталуға тиісті әрекеттерді бұл ережеге бағындыру қиындауболып келеді, өйткені, мұндай ұйымдар мен мекемелерде жұмыстың тоқтатылуы олардың жұмысты ресми тоқтатуымен есептеледі немесе кейбір мекемелер жұмыс күні бітпесе де операцияларын белгілі бір уақытта тоқтатып тастайды, айталық, нотариалдық кеңсе депозитке ақша салуды қабылдауды күндізгі сағат 12-де аяқтайды.

Мерзімнің соңғы күніндегі сағат жиырма төртке дейінгі поштаға, телеграфқа немесе өзге де байланыс мекемесіне тапсырылған жазбаша мәмілелер мен хабарлама мерзімінде жасалған болып саналады. Мұндай әрекеттерді жасауда соңғы күнінің мерзімі жергілікті уақытпен есептеледі (АК-тің 176-бабы) [8, 162].

Мерзімнің түрлері: Азаматтық құқықтық мерзімдерді әртүрлі негіздер бойынша топтастыруға болады. Тағайындауына байланысты үш түрлі болады (АК-тің 17,28,178-баптары);

а) нормативтік

ә) шарттық (жақтардың келісімімен анықталады, мысалы:

АК-тің 277-бабы).

б) соттық (сот шешімімен қаралады).

Мерзімдер құқықтық табиғатына орай мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімі;
2. Субъективті құқықтарды жүзеге асыру мерзімі;
3. Үзіп тастау мерзімі;
4. Кепілдік мерзімдер;
5. Кінәрат қоятын мерзімдер;
6. Азаматтық құқықтық мерзімдерді орындайтын мерзімдер;
7. Азаматтық құқықтарды қорғайтын мерзімдер.

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімі дегеніміз уәкілетті тұлғаның өзіне тиесілі міндеттер мен құқықтарды жүзеге асыруға кететін уақыты.

Субъективті құқықты жүзеге асыру мерзімі заңмен тағайындалады. Мысалы: иелену мерзімі үшін белгілі бір мерзім тағайындалады (АК-тің 240-бабы).

Үзіп тастау мерзімі осы айтылған мерзімдерден ерекшеленеді, өйткені ол белгілі бір құқықтарды тоқтатып тастайды. Мысалы: Азаматтық кодекстің 216-бабында үлесті меншіктің қатысушылары, егер олар осы бапта көрсетілген мерзім ішінде, яғни он күн мерзім ішінде құқықтарын жүзеге асырмаса, сатып алудың басым құқығынан айырылады.

Кепілдік мерзім дегеніміз-сатып алушының ұзақ уақыт бойы сақтауға немесе пайдалануға арналған өнімдердің кемшілігін анықтап алуына берілетін мерзім болып табылады. Ондай өнімді қабылдап алған кезде кемшілігін баайқау мүмкін болмай, кейін барып одан ақау шықса, онда сатып алушы сол ақауды түзетуге, оны сапалы басқа тауармен ауыстыруға не затты қайтадан қабылдап, ол үшін төленген сомманы қайтарып алуға талап қоя алады. Кепілдік мерзімі мемлекеттік стандартпен, бекітілген техникалық шарттармен немесе шартпен белгіленеді.

Кінәрат мерзімі субъективті құқығын бұзған тұлға үшін заңмен белгіленеді, осы бұзушылыққа байланысты талаптар ерікті түрде орындалады. Заң кінәрат қойылған өтініштерді беру мерзімімен қатар кінәратқа жауап беру мерзімін де көрсетеді.

Міндеттемелерді орындау мерзімдері шартта екі жақтың келісімімен тағайындалады. Бұл талапты орындау шартта қаралған тұлғалардың мүддесіне орай міндетті саналады [9, 266].

Азаматтық құқықтарды қорғау мерзімдері- Азаматтық кодекстің 7-тарауында қаралған талап қою мерзімі болып табылады.

Азаматтық құқықтағы мерзімдер. Мерзімдердің түсінігі, есептелуі және түрлері

Мерзімнің түсінігі. Азаматтық құқықтарды және түрлері қорғау уақыт факторымен тығыз байланысты. Бұзылған құқықты және тағы басқа мәжбүрлі жүзеге асыру әрекет мүмкіндігі заңмен немесе шартпен көрсетілгендей жасалуы қажетті құқық қатынастарының пайда болуын, өзгерлуін, тоқтатылуын азаматтық заң белгілі уақыт кезеңімен немесе сәттермен байланыстырады [10, 255].

Мерзімді шектеу, тәртібі. Азаматтық заңдылық мерзімді есептеуге арналған ережелерді кезінен қарастырады. (АК 6т) АК 172б сәйкес, мерзім күнтізбелік күнмен, уақыт кезеңінің өтуімен, және де оқиғаға сілтеме отырып анықталады. Күнтізбелік сілтеме, көбінесе, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және міндеттерді орындау нақты уақытпен байланысты шарттарда кездеседі, мысалы, 2003 ж. 31 жетоксанда сот шешімінде де, сонымен қатар, заңның өзімен анықталуы мүмкін, мысалы, коммуналдық қызметтерге, салықтық төлемдерге міндетті сақтандыру үшін кезеңде төлемдар өткізілуі міндетті айдың белгілі бір күнінде сілтеме жасау жолымен [11, 360].

Уақты кезеңі болып табылатын мерзімдер, олардың ұзақтығына сілтеме жасай отырып, жылдармен, ойлармен, апталармен, күндермен немесе сағаттармен (АК 172 б) ал кейде, одан қысқа кезеңдермен анықталады.

Оқиғаға сілтеме жасай отырып мерзімді анықтаудың ерекшелігі, азаматтық құқық қатынастарының қатысушылары, оның пайда болуының нақты күнін алдын ала білмейді. Мысалы, өмірлік асырауында болу шартының аяқтауын заң, қашан қайтыс болатын белгісіз, сатушының өмірмен байланыстырады [12, 300].

Мерзімді дұрыс есептеу үшін оның басталуымен аяқталуын нақты анықтау маңызды болып табылады. АК 173б. сәйкес, мерзімнің өтуі, күнтізбелік күннен кейін немесе оқиға болғаннан кейінгі күні бастамады. Мысалы, мұра қалдырушы 14 қыркүйекте қайтыс болса, мұрагерлікті қабылдау немесе одан бас тарту белгіленген мерзімнен кейінгі күні, яғни 15 қыркүйектен басталады. Тура осылай, сағатты және минутты есептеу мәселесі шешіледі: мерзім келесі уақыт бірлігіннен бастап есептеледі [13, 166].

Мерзімнің өтуінің аяқталуы пайдаланып жатқан уақыт бірлігіне байланысты ажыратылады. Жылдармен есептелетін мерзім, мерзімнің соңғы жылының күніне және айына сәйкес өтеді. (АК 174 б. 1 тарт) мысалы, 2001ж. 1 сәуірде басталған үш жылдық талаптың ескіру мерзімі 2004 ж. 1 сәуірде аяқталған болып саналады. Кварталдармен, айлармен және апталармен есептелетін мерзімнің соңғы күні тура осылай шешіледі. Егер де мерзімнің аяқталуы солайда жоқ сәйкес келсе, онда мерзім сол айдың соңғы күнінде аяқталған болып есептеледі. Екі жақпен келісілген 2 айлық міндеттерді атқару мерзімі 1 қантардан бастап есептелсе, бұл мерзімнің аяқталуы 28 немесе 29 ақпанға түседі. Жарты аймен есептелетін мерзім, күнмен саналатын мерзім ретінде сол айдың күнінің санына байланыссыз 15 күнге тең болып табылар. Мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге сәйкес келсе, одан кейінгі жақын жұмыс күні, мерзім аяқталған болып саналады. (АК 175б).

Егер мерзім қандай да бір әрекеттерді бекітуі үшін жасалса, ол мерзімнің соңғы күнінің 24 сағатына дейін орындалуына мүмкін. Бірақта, бұл әрекеттер ұйымда орындалу керек болған жағдайда, ұйымсыз бекітілген ережелеріне бойынша сәйкес операциялар тоқтатылғанда, мерзім сол сағатта тоқтатылады. Мысалы, жұмыс күні аяқталады, қойманың жабылуы т.с.с. Мерзімнің соңғы күніндегі сағат жиырма төртке дейін почтаға, телеграфқа немесе өзге де байланыс мекемесіне тапсырылған жазбаша мәлімдемелер мен хабарламалар мерзімінде жасалған болып саналады.

Мерзімнің түрлері. Азаматтық құқықта кездесетін көптеген мерзімдер нақты негіздер бойынша жіктелуі мүмкін. Мерзімнің кіммен бекітілген байланысты заңдық, шарттық, соттық мерзімдер ажыратылады. Заңдық мерзімдер заңдарда немесе нормативтік актілерде белгіленген. Мысалы, заңмен мұрагерлікті қабылдау немесе одан бас тартудың алты айлық мерзімі бекітілген, толық азаматтық әрекет қабілеттігінің пайда болуы (АК 17 б), талаптың ескіру мерзімі (АК 178б) және т.б. Жақтардың келісімімен бекітілген мерзім-шартты деп аталады. Соттық мерзімдер - бұл сотпен бекітілген мерзімдер. Құқықтық салдарлар бойынша мерзімдер құқық қалыптастырушы, құқық өзгертуші, құқық тоқтатушы

болып бөлінеді. Жалпы ереже бойынша, атты беру кезі, меншік құқығының пайда болу кезін анықтайды. Құқық өзгерту мерзімінің басталуы мен өтуі азаматтық құқықтармен міндеттердің өзгеруіне алып келеді [14, 356].

Құқық тоқтатушы мерзімдер міндеттер мен құқықтардың тоқтатылуына әкеп соғады. Егер де мұрагершінің несие берушілері мұрагерліктің ашылған күнінен бастап алты ай, ішінде өз талабын айтпаса, ол талаптар күшін жояды.

Мерзімдер сипатына байланысты императивтік және диспозитивтік, абсолюттік анықталған, қатысты анықталған, анықталмаған, жапы және арнайы және т.б. болып ажыратылады. Императивтік мерзімдер заңмен нақты анықталған және олар тараптардың келісімімен өзгертілмейді. Оларға, көбінесе, талаптың қабылдаудың ескіру мерзімі, азаматтық құқықтардың болу мерзімі жатады. Диспозитивтік мерзімдер, заңдармен қарастырылған, дегенмен тараптардың келісімімен өзгертуге болатын мерзімдер.

Абсолютті анықталған заңды салдарлармен байланысты уақыт кезеңі. Оларға, мысалы, күнтізбелік күнмен немесе уақыттың нақты бір бөлігімен белгіленген мерзімдер. Қатысты анықталған мерзімдер нақты кезеңмен немесе уақыт сәтімен байланысты, бірақ нақтылықтың аз болуымен сипатталады.

Анықталмаған мерзімдер – заңмен немесе шартпен уақыты бекітілмеген, бірақ бұл құқық қатынастарында уақыт шегінің бар болуын болжайды. Осылайша мүлік уақытша өтеусіз пайдалануға немесе белгісіз мерзімге жалға берілуі мүмкін.

Жалпы мерзімдер деп азаматтық құқықтың кез-келген субъектісіне қатысты жалпы мағыналы мерзімдер. Мысалы, сенімхаттың әрекет етуінің жалпы мерзімі үш жыл (АК 168б). Арнайы мерзімдер – заңда тікелей көрсетілген жағдайларда әрекет етеді және жалпы мерзімдердің ережелері шектелген.

Мерзімдерді олардың тағайындалуына байланысты, азаматтық құқықтарда жүзеге асыру мерзімі, азаматтық міндеттерді атқару мерзімі және азаматтық құқықтарды қорғау мерзімдері, маңызды орын алады.

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және азаматтық міндеттерді орындау мерзімдері.

Список использованной литературы

1. ҚР-ның Азаматтық құқығы: Төлеуғалиев Ғ.И.жалпы бөлім -1том, оқулық Алматы жеті жарғы 2001ж
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (2022.12.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Гражданское право. Том 2. Учебник для вузов (академический курс), под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. –Алматы, 2000.
4. Гражданское право РК учебное пособие общая часть Алматы 1999 г.
5. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий. В 2-х кн., под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. Алматы, 1998.
6. Диденко А.Г, Басин Ю.Г, Иоффе О.С. и др. Гражданское право: Учебное пособие. Алматы, 1999.
7. Дәнекер халықаралық құқық және халықаралық бизнес институты. Азаматтық құқық практикум: Ынтымақов жалпы бөлім Астана дәнекер 2005ж.
8. ҚР-ның Азаматтық құқығы: Төлеуғалиев Ғ.И.жалпы бөлім -1том, оқулық Алматы жеті жарғы 2001ж.
9. Гражданское право, под ред. Ю.К.Толстого и А.П. Сергеева. В 3-х Т.СПб., 1996-99.
10. Гражданское право. Учебник. /Под ред. А. П. Сергеева, Ю. К. Толстого. –3-е изд., перераб. и доп.-М.: ПРОСПЕКТ. Ч.1, 1998.- 631с.

11. *Гражданское право: Курс лекций. Учебное пособие. /Отв. Ред. О.Н. Садигов. - М.: Изд-во БЕК. Ч. 2: Обязательственное право. - 1997. - 687с.*
12. *Советское гражданское право: в 2 ч. Учебник. /Отв. Ред. В. А. Рясенцев. - 3-е изд., перераб. и доп.-М.: Юридическая литература. Ч. 1, 1986.- 559с.*
13. *Гражданское право. Учебник в 2-х Ч, под ред. Е.А. Суханова. - М., 1993.*
14. *Басин Ю.Г. Юридические лица по гражданскому законодательству Республики Казахстан. Понятие и общая характеристика. Учебное пособие. - Алматы., 2000.*

Тыйлов Н.Т.

Қайнар Академиясының құқықтану мамандығының магистранты

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕРЗІМДЕРІ

Аннотация: Ғылыми мақала азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімдеріне арналған. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімі - уәкілетті тұлғаның өзінің субъективтік құқығын жүзеге асыру үшін қандай да бір әрекеттерді өзі жасауға немесе міндетті тұлғадан белгілі бір әрекеттерді талап етуге құқығы бар (кейде міндетті болып табылатын) уақыт. Бұл терминдердің негізгі мақсаты – уәкілетті тұлғаға оның мүдделерін қанағаттандыру үшін өзінің субъективтік құқығын пайдаланудың нақты мүмкіндігін беру.

Түйін сөздер: азаматтық құқық, мерзім, заңды фактілер, заңнама, мәміле, заңдық салдар, мерзімдерді есептеу.

Аннотация: Научная статья посвящается раскрытию понятия сроком осуществления гражданских прав. Срок осуществления гражданских прав — это время, в течение которого управомоченное лицо вправе (а иногда и обязано) само совершать какие-либо действия по реализации своего субъективного права либо потребовать совершения определенных действий от обязанного лица. Главное назначение этих сроков состоит в обеспечении управомоченному лицу реальной возможности использовать принадлежащее ему субъективное право для удовлетворения своих интересов.

Ключевые слова: гражданское право, сроки, юридические факты, законодательство, сделки, исчисление сроков.

Annotation: The scientific article is devoted to the disclosure of the concept of the timing of the implementation of civil rights. The term for exercising civil rights is the time during which the authorized person has the right (and sometimes is obliged) to take any actions to exercise his subjective right himself or to demand certain actions from the obligated person. The main purpose of these terms is to provide the authorized person with a real opportunity to use his subjective right to satisfy his interests.

Keywords: civil law, terms, legal facts, legislation, transactions, calculation of terms.

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімі деп – субъективтік құқықтарды иеленушінің субъективтік құқықтарын жүзеге асыру. Көбінесе ол - заңмен немесе нормативтік актілермен бекітіледі, бірақ жақтардың келісімен де қарастырылуы мүмкін. Бұл мерзімдер, өз кезегінде, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімі, талаптық, кепілдік мерзімдер, пайдалану, қызмет, жүзеге асыру, сақтау, көлік мерзімдері болып бөлінеді.

Азаматтық құқықтардың болу мерзімдері – бұл субъективтік құқықтардың уақытта әрекет ету мерзімі. Оларды ерекше топқа бөлу, мерзімсіз құқықтармен, мысалы, меншік құқығы, авторлық құқық, тұрғын үйді жалдау құқығы т.б. және белгісіз мерзімге әрекет ету құқықтары, мысалы, белгісіз мерзімге бекітілген жалдау шарты бойынша мүлікті пайдалану

құқығы әрекет ету шектеру уақытпен шектелген субъективтік құқықтардың бар болуымен байланысты.

Осылай, сенімхат 3 жылдан артық емес мерзімге берілуі мүмкін, шығармаға патент әрекетінің мерзімі жиырма жылмен шектелген, авторлық құқық автордың барлық өмірі және оның өлімінен кейін (мерзімсіз қорғалатын авторлық құқылықтан басқа) әрекет етеді және т.б.

Субъективтік құқықтардың уақытша әрекетін шектеуді енгізудің себептері әртүрлі сипатталады, дегенмен, бұл көбінесе тұлғаның мүдделерінің тұтастай қоғам мүдделерімен сәйкес келуінің қажеттілігімен қамтамасыз етіледі.

Субъективтік құқықтардың болу мерзімінен мерзімдері ажырату қажет. Олар, сонымен өкілетті тұлғаға қатаң анықталған ұйымдастыру үшін өкілетті тұлғаға қатаң анықталған уақыт береді. Дегенмен, егер құқықтардың мерзімдері осы құқықтардың қалыпты жалғасуын аңқтаса, онда мерзімдер орындалмауы немесе орындалуы қажетті емесе жағдайларда субъективтік құқықтардың алдын ала тоқтатылуын тағайындайды. Осылай, тұрғын үйде жалға алушының ұзақ уақыт болмауы, егер де ол жалға алу шартында көзделген болса, жалға алу шартын тоқтатудың негізі болып табылады [1, 155].

Субъективтік құқықтардың болу мерзімінен мерзімдердің айырмашылығы, өкілетті тұлғамен жүзеге асырылуы қажетті шарттар негізінде болуы мүмкін субъективтік құқықтарды ғана қарастырады.

Азаматтық құқықта мерзімдерге қатысты пікірлер көп емес. Талаптық мерзім - өкілетті тұлғаның міндетті тұлғаға олардың арасындағы болған түсініспеушілікті реттеу мақсатында өзінің бұзылған құқықтарын сотқа дейін қорғауға құқылы, ол кейінде міндетті мерзім аралығы.. Бұл ережені ерікті түрде шешілуі мүмкін, бұзылған құқықты қорғау туралы мәселелержәне тараптар арасында дау болмаған, істің мән жайы анық болған жағдайларда бұзылған азаматтық құқықтарын қалпына келтіруді және өндірістік емес процессуалдық шығындарды азайтумен, заң шығарушының соттық істердің санын қысқартуға тырысуы негізделеді.

Тауарларды ауыстыру туралы немесе кемшіліктерін жою туралы претензиялық талаптарын жеткізушіге кредитормен кемшіліктерді бекіту үшін, ұзақ пайдаланушыға немесе сақтауға арналған таруарларға қатысты заңмен, сонымен қатар, стандарттармен, техникалық жағдайлармен немесе шартпен одан да ұзақ мерзімдер қарастырылуы мүмкін. Былайша айтқанда, кепілдік болып табылатын көрсетілген мерзім ішінде бұйымды ауыстыру және барлық кемшіліктерді өз есебінен жоюға міндеттенеді және бұйымдық қызметті қарсылықсыз орындағаны үшін борышкер кепілденеді.

Заң бойынша, кепілдік мерзімдер бұйымды қабылдау кезінде байқалмайтын, бірақ оны пайдалану сақтау, өндеу, эксплуатациялау және т.б. үрдістер кезінде кемшіліктерден қорғау үшін бекітіледі.

Кей жағдайда кепілдік күнтізбелік мерзімге емес, басқа да тәсілдермен, мысалы, кепіл машинаның километр жүргізуімен беріледі.

Кепілдік – заңмен қарастырылғандай басқа да сипаттағы мерзімдер, мысалы, пайдалану,сақтау, өндеу, транспорт. Осыған байланысты олар негізінен жеке топтарға бөлінбейді және әдебиеттерде кепілдік мерзімдердің түрлері ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты, олар ерекшеліктерге ие бола отырып, ерекше құқықтың салдарларға әкеліп соғады. Солай, уақыт өте келе пайдалану қасиетін жоғалтатын тауарларға, химияның тұрмыстық бұйымдарға, медикаменттерге, иіс су – косметикалық тауарларға, азық-түліктерге қатысты пайдалану мерзімі бекітіледі. Пайдалану мерзімі өтп кеткен тауарларды сату тыйым салынады. Тауарлардың пайдалану мерзімі оны жасаған күннен бастап есептелеу және тауарды пайдаланудың жарамдылығы уақыт кезеңі мен, немесе күнмен анықталады.

Пайдалану мерзіммен дайындаушы тұтынушыға тауарды мақсатқа сай пайдалануын қамтамасыз етуге немесе оның кесірінен болған кемшіліктері үшін жауапкершілікке тартылуға міндетті – тауардың қызмет мерзімімен ұқсас. Дегенмен, егер де мерзім

нормативтік-техникалық құжаттармен анықталады, онда қызмет мерзімі дайындаушылардың өздерімен немесе тұтынушылармен келісе отырып бекітіледі. Тауардың қызмет мерзімі оны тұтынушыларға сатан күннен бастап есептеледі, ал егер де оны бекіту мүмкін болмаса, дайындалған күннен бастап.

Әрекеттегі заңдылық бойынша кепілдік мерзімге мағынасы жағынан сәйкес келмейтін ерекше мағыналы мерзімдер - сақтау, өндеу, санау, т.б. мерзімдер.

Міндеттерді орындау мерзімдері. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімдерімен азаматтық міндеттерді орындау мерзімдері тығыз байланысты. Міндеттерді атқару мерзімі, яғни заңдармен, әкімшілік актілермен немесе шартпен қарастырылуы мүмкін борышкер белгілі бір әрекеттерді жасауға міндетті немесе, керісінше орындалуыныңбас тарту мерзімі.

Міндеттерді орындауды жалпы және жеке мерзім деп бөлеміз. Жалпы мерзім - міндеттерді орындаудың барлық кезеңін қамтиды. Ондай жалпы мерзімдер жақтардың келісімімен жеткізу мерзімі болады, мысалы, 2003 ж. жалпы мерзім шегінде азаматтық құқық қатынастарының қатысушылары міндетті орындаудың жеке мерзімі туралы келісіуне болады. Осылай, жеткізу кестелерінде тауардың нақтыланатын жеке партияларын жеткізудің мерзімдері жеткізу шартында жиі ескертіледі. Шартта жұмыстық және т.б. жеке этаптарын аяқтау мерзімдері қарастырылуы мүмкін. Борышкер жақтан міндеттерді орындау жалпы мерзімді ғана орындау емес, сонымен қатар, жақтармен бекітілген аралық мерзімдерді орындау жатады. Заң міндеттерді алдын ала орындаудың мүмкінділігіне қатысты жауапкершілігі мерзімінен арнайы ережелерді қамтиды.

Талап қою мерзімі-адам құқығының немесе заңмен қорғалатын мүдденің бұзылуынан туындайтын талаптың қанағаттандырылуы мүмкін болатын уақыт кезеңі. Сонымен, талап қою мерзімі дегеніміз – бұл заңда белгіленген мерзім, яғни бұл мерзім өткеннен кейін ақы талап ету құқығы жойылады, басқаша айтқанда, құқықты еріксіз жүзеге асыру мүмкіндігі жойылады [2].

Талап қою мерзімін қолдану өте қажет болып табылады, өйткені бұған мынадай себептер бар- бір жағынан, арада ұзақ уақыт өтіп кеткеннен кейін даулы құқықты анықтау сот органдарына қиын жұмысболып табылса, екіншіден, іс жүзінде ұзақ уақыт бойы болып келген қатынастарды бұзу шаруашылық жағдайына бірқатар іркіліс тудырып, тиімсіз салдарға тудырулары ықтимал.

Талап қоюды реттеу нормалары өктем (императивті) сипатта болады. Яғни тараптар талап қоюшылықты келісімімен өзгерте алмайды, бекітілген талап қою мерзімі мен оны есептеу тәртібін бұрмалауға жол берілмейді. Талап қою мерзімдері жалпы және арнаулы болып бөлінеді [3.58]. Талап қоюдың жалпы мерзімі үш жыл болып белгіленеді. Талаптардың жекелеген түрлері үшін заң құжаттарымен талап қоюдың жалпы мерзімімен салыстырғанда қысқартылған немесе неғұлым ұзақ арнаулы мерзімдері белгіленуі мүмкін. Мысалы:арнайы (қысқартылған) мерзімдер көлік заңдарында қаралған (ҚР-ның темір жолдарының Уақытша Уставының 155,156-баптары). Заңды талап мерзімдерінің арнаулы мерзімдері де қолданылады. Мысалы, АҚ-тің 159-бабының 9 және 10-тармақтарында көзделген негіздер бойынша талап қою мерзімі зорлық немесе қорқыту ықпалымен мәміле жасалып, сол зорлық немесе қорқыту тоқтатылған күннен бастап не талап қоюшы мәмілені жарамсыз деп тануға негіз болып табылатын өзге де мән-жайларды білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл болады. Осы арада ескере кететін жайт, шетелдерде талап қоюдың мерзімдері әлдеқайда ұзақтау келеді [1, 165].

Талап қою мерзімі қолданылмайтын талаптар: Талап қою мерзімі азаматтық құқық қатынастарында заңда қаралған мынадай жағдайлардан басқасының бәрінде қолданылады, яғни АҚ-тің 187-бабына сәйкес :

1)заң құжаттарында көзделгеннен басқа реттерде материалдық емес игіліктер мен мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғау туралы талаптарға;

2)салымшылардың банкіге банктік салымдарды беру беру туралы талаптарына;

3) азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптарға қолданылмайды. Алайда, талап қою мерзімі өтіп кеткеннен кейін қойылған талаптар талап қойылған соң үш жылдан асырмай қанағаттандырылады;

4) егер меншік иесінің немесе өзге де заң иеленушінің өз құқығының кез-келген бұзылуы иеліктен айыруға байланысты болмаса (АК-тің 264-265 баптары), олардың осы құқық бұзушылықты жою туралы талабына;

5) заң құжаттарымен белгіленген реттерде басқа да талаптарға да қолданылмайды. Заң актілерімен бұдан басқа да талаптарға талап қою мерзімі қолданылмайтын жағдайлар тәртіптелуі мүмкін [4, 258].

Талап қою мерзімінің есептелуі: талап қою мерзімінің өтуі адам құқық бұзушылық туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен басталады (АК-тің 180-бабы). Осы сәттен бастап жәбірленушінің әрі материалдық, азаматтық іс жүргізу тұрғысынан талап-арыз беру құқығы пайда болады. Материалдық тұрғыдан алғанда, талап ету құқығы дегеніміз белгілі бір азаматтық құқықты еріксіз түрде, яғни міндеткер жақтың ықтиярынан тыс орындату. Құқықты еріксіз түрде орындату-тиістіні сот арқылы алу әдісімен жүзеге асырады. Кейбір жағдайларда өзінің құқығын сотқа арызданбай-ақ, еріксіз орындататын реттер болады (мысалы: жүкті бермей ұстап қалып тасымалдың ақысын немесе сол жүктің құнын алу). Соныменен бұзылған құқықты еріксіз түрде қайта орындатуға заңның беретін мүмкіншілігі материалдық мағынасында талап ету құқығын құрады. Бұл мағынасындағы талап ету құқығын сот арқылы құқығын сот арқылы қорғау құқымен шатыстырмау керек. Талап қою мерзімі материалдық талап ету құқығын жояды, бірақ азаматтық іс жүргізу құқығын жоя алмайды. Талап ету мерзімі өтіп кетсе де сот азаматтық істі қарауына алуға міндетті, бірақ оны қарау кезінде талап қою мерзімі өтіп кеткендігі анықталған жағдайда ғана сот талапкердің талабын қанағаттандырудан бас тартады [5, 55].

Список использованной литературы

1. ҚР-ның Азаматтық құқығы: Төлеугалиев Ғ.И. жалпы бөлім -1том, оқулық Алматы жеті жарғы 2001ж
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (2022.12.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Гражданское право. Учебник. В 2 т. /Отв. Ред. Е.А. Суханов. - М.: Изд-во БЕК. Т.1, 1993.-383 с.
4. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий. В 2-х кн., под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. Алматы, 1998.
5. Диденко А.Г, Басин Ю.Г, Иоффе О.С. и др. Гражданское право: Учебное пособие. Алматы, 1999.

СЕКЦИЯ 3. КОНСТИТУЦИОННЫЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКИ.

Калкаева Н.Б.

*з.э.к., қауымдастырылған профессор, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС ЗАТЫ, ОНЫҢ ОБЪЕКТИДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада қылмыстық құқық ғылымында қылмыс затын түсінудің тұжырымдамалық мәселелері қарастырылған. Автор мақалада қылмыс затының мазмұнын анықтаудағы түрлі тәсілдерді, оның қылмыс құрамы құрылымындағы орнын, сонымен қатар қылмыс затын қылмыстың объектісінен ажырату мәселелерін де қарастырған. Сонымен қатар, мақалада қазіргі таңда оларға қатысты қоғамдық қатынастар пайда болып және оларға әсер ете отырып кінәлі қылмыстық қол сұғушылық жасайтын материалдық немесе материалдық емес құндылықтар қылмыс заты ретінде танылып отырғандығы көрсетілген.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстық қол сұғушылық, қоғамдық қатынастар, мүдделер, қылмыс объектісі, қылмыс заты.

Аннотация. В статье рассматриваются концептуальные проблемы понимания предмета преступления в науке уголовного права. Автором в статье рассмотрены различные подходы к определению содержания предмета преступления, его место в структуре состава преступления, а также вопросы отделения предмета преступления от предмета преступления. Кроме того, в статье указано, что в настоящее время предметом преступления признаются материальные или нематериальные ценности, в отношении которых возникают общественные отношения и, воздействуя на них, виновные совершают преступные посягательства.

Ключевые слова: преступление, преступное посягательство, общественные отношения, интересы, объект преступления, предмет преступления.

Abstract. The article discusses the conceptual problems of understanding the subject of a crime in the science of criminal law. The author in the article considers various approaches to determining the content of the subject of the crime, its place in the structure of the corpus delicti, as well as issues of separating the subject of the crime from the subject of the crime. In addition, the article states that currently the subject of the crime is recognized as material or intangible values, in respect of which social relations arise and, acting on them, the perpetrators commit criminal encroachments.

Key words: crime, criminal encroachment, social relations, interests, object of crime, subject of crime.

Қылмыстық құқық ғылымында көптеген жылдар бойы қылмыс затын қылмыстық қол сұғушылық объектісінің бір бөлігі ретінде сипаттайтын теория басымдылыққа ие. Аталған дәлелсіз қабылданған пікірге сәйкес қылмыс заты қылмыс құрамының факультативті белгісі болып есептеліп, қылмыс объектісінің түсінігіне кіреді. Мұнымен қоса, қылмыс затының түсінігі мен оның мазмұнына қатысты сұрақтар даулы болып отыр.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс затын анықтау мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Аталған түсінік түрлі мағынада түсіндіріледі, көптеген маңызды теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуге мүмкіндік бермейтін ғалымдармен дәлел ретінде пайдаланылатын өзінің шынайылығына қарамастан бір-біріне қарама-қайшылық тудыратын түрлі анықтамалар мен ережелерден тұрады. Қылмыстық құқық ғылымында

қылмыс объектісі мен қылмыс заты түсініктерін бөліп қарастыру мәселесі бұрыннан өзекті болып отыр. Бұл орайда қылмыс заты қылмыс құрамының жеке белгісі ретінде өзіндік маңызға ие, өйткені қоғамға қауіпті қол сұғушылықты жасау механизміндегі қылмыс затының орны ерекше, себебі ол қылмысты саралау мен қылмыстық құқықтық қатынастардың шегін анықтауға тікелей әсер етеді. Әрине қылмыс затының маңызын бағалау оңай шаруа емес, қазіргі таңға дейін қылмыс құрамы құрылымындағы қылмыс затына қалай қарау керек екендігі, қылмыс заты қоғамдық қатынастардың таза материалдық компоненті болып табылады ма және қылмыс заты жоқ қылмыстық құқық бұзушылықтар бар ма деген мәселелер шешілген жоқ.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс құрамы құрылымындағы қылмыс заты және оның маңызы туралы біршама тұжырымдамалық ойлар қалыптасқан. Алайда олардың барлығы қылмыстық қол сұғушылықтың мазмұндық жағын түсіндіретін және қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне қылмыстық әсер ету механизмін сипаттайтын екі-үш теорияға жинақталуы мүмкін[1].

Кеңес заманындағы ғалымдар мен қазіргі таңдағы басым көпшілік зерттеушілер қылмыстың заты ретінде оларға қол сұғушылық арқылы қылмыс объектісіне зиян келтірілетін материалдық дүние заттарын танып отыр. Аталған теория қылмыс затының материалдық табиғатынан шығып отыр және заттың мағынасын философиялық тұрғыдан түсінуге (қылмыстық әсер етудің объектісі болып іс жүзіндегі, нақты материалдық объектілер: заттар, нәрселер танылады) негізделген. Қылмыс заты түсінігінің көлемі тек заттай, материалдық заттардың шеңберімен, яғни шынайы дүниенің материалдық заттарының көзқарасымен шектеледі шектеледі. Аталған теорияны жақтаушылар қылмыстың заты ретінде идеалды заттар мен мүдделерді тану үшін негіз жоқ, себебі оларға тікелей әсер ету мүмкін емес. Н.И.Коржанский қылмыс заты ретінде психикалық немесе физикалық әсер ету жолымен бұл қоғамдық қатынастар саласында әлеуметтік қауіпті зардаптар келтірілетін қоғамдық қатынастардың белгілі бір жақтары көрініс табатын, өзіндік қасиеттері бар материалдық заттарды санады [2, 65 б.]. Е.А.Фроловтың көзқарасы бойынша қылмыс заты ретінде нақты бір қоғамдық қатынастардың өмір сүруінің материалдық негізі, жағдайы мен себебі болып табылатын және оларды алу, бүлдіру немесе түрін өзгерту арқылы қылмыстық құқықтық қорғау объектісіне зиян келтірілетін заттарды түсінуіміз қажет [3, 18 б.]. В.Я.Таций қылмыс заты болып қылмыстық заң оны нақты бір қылмыс құрамының белгісі бар тұлғаның әрекетімен байланыстыратын әлемнің белгілі бір қасиеттерге ие кез-келген материалдық заттары табылады деп көрсеткен болатын. С.Ф.Кравцов болса қылмыс заты – қылмыс объектісіне қол сұғу арқылы пайда болатын қылмыстық заңда тікелей көрсетілген қоғамдық қатынастардың материалдық элементі деп санады [4, 9 б.]. И.В.Кузнецов қылмыс затын заңсыз әсер ету жолымен қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, игіліктер мен мүдделерге зиян келтірілетін немесе мұндай зиян келтірілу қаупін туғызатын қылмыстық заңмен қарастырылған сыртқы әлемнің заты немесе физикалық нәрсесі деп анықтаған [5, 7 б.]. А.А.Музыка мен Е.В.Лашук қылмыс затын – оларға қатысты және оларға тікелей әсер ету жолымен (немесе әсер етпей) қылмыстық әрекет жасалатын материалдық құндылықтардан (оларды адам сезім мүшелері арқылы сезіне алады немесе арнайы техникалық құралдар арқылы бекіте алады) көрініс табатын қылмыс объектісінің факультативті белгісі деп жобалайды.

Дегенмен қылмыс затын мұндай материалистік түсіну (сыртқы ортаның материалдық объектісі ретінде ғана) қазіргі қоғам реалияларына сәйкес келмейді немесе аталған құқықтық категорияның шектерін негізсіз тарылтады. Сірә қоғамдық қатынастардың дамуының заманауи кезеңінде қылмыстық құқық оларға қатысты қоғамдық қатынастар қалыптасатын тек материалдық әлемнің бөлшегі болып табылатын заттардың ғана емес, сонымен қатар материалдық емес құндылықтардың да (ақпарат, интеллектуалдық меншік, мүліктік құқықтар) қорғалуын қамтамасыз етуі қажет. Бұл мағынада қылмыс заты ретінде оларға әсер ету арқылы кінәлі бұл қатынастарды бұзатын әлеуметтік (материалдық және материалдық емес сипаттағы) құндылықтарды түсіну керек.

Мысалы, Г.П.Новоселов қылмыс заты ретінде оларға қылмыстық қол сұғу зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін туғызатын адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндігі бар түрлі материалдық немесе материалдық емес құндылықтарды (мүдделерді) қарастырады [6, 32 б.]. Н.В.Вишнякованың көзқарасы бойынша қылмыс заты деп қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратын, оларға қарсы қылмыстық қол сұғушылық бағытталып, орын алатын және оларға қатысты қорғалатын қатынастар туындайтын мүдделерді (материалдық және идеалды) айтуға болады. В.Н.Винокуров қылмыс затын қоғамдық қатынастардың көрініс табу нысаны ретінде – қылмысқа дейін өмір сүрген адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын (әлеуметтік маңызға ие), қабылдауға қол жетімді және өзгерістерге бейім сыртқы әлемнің заттары, ақпарат, энергия, экология объектілері [7, 106 б.].

Қазіргі таңда құқыққа қарсы әсер етулерге бейім көптеген құбылыстардың орын алып жатқандығы туралы деректерді жоққа шығаруға болмайды. Қылмыстық-құқықтық қорғау объектілерінің қатарына материалдық емес құндылықтарды (ақпарат, интеллектуалдық меншік объектілері, қолда жоқ ақша (безналичные), құжатсыз бағалы қағаздар, қызметтер, энергияның алуан түрлері) сипаттайтын қоғамдық қатынастар да кіреді. Ал олар өз кезегінде материалдық әлем заттары сияқты қылмыс затының дәстүрлі түсінігімен қамтылмауы мүмкін. Бұл көзқарас тұрғысынан қылмыстық құқық қылмыс заты ретінде оларға қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын және оларға әсер ету арқылы кінәлі қылмыстық қол сұғушылық жасайтын материалдық немесе материалдық емес мүдделерді (құндылықтарды) тануы тиіс екендігін белгілеу қажет.

Қылмыс затының екінші теориясының мәні қылмыс затын қылмыс құрамының объективтік жағының белгілеріне жатқызу керектігінде. Қазіргі таңда бұл идеяны М.П.Бикмурзин белсенді жақтап келеді. Оның пікірінше, қылмыс заты қылмыс құрамының объектісін емес, объективтік жағын сипаттайтын белгі болып табылады. Қылмыс құрамы белгілерінің жүйесіндегі қылмыс затының орналасуы туралы сұрақты басқаша шешетін болсақ, қылмыстық қол сұғушылық объектісіне жат заттар – қауіпті заттар, күмәнді ақпарат, сатып алу заттары сияқты заттар қылмыс құрамы белгілері қатарында белгісіз орында қалып қояды. Заманауи қылмыстық заңнамада бұл заттар қандай да бір негізсіз қылмыс заты түсінігінің көлеміне кіреді. Бұл өз кезегінде қылмыс объектісіндегі қылмыс затының орны туралы ережеге қайшылық тудырады. Ұсынылып отырған қылмыс затын қылмыстың объективтік жағының белгісіне ауыстыру бұл қарама-қайшылықты шешуге мүмкіндік берер еді [8, 166-167 бб.]. Мұнымен қоса қылмыс затын қылмыс құрамының объективтік белгісі ретінде қарастыру қазіргі таңда қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделермен қандай да бір объективтік қажетті байланысы жоқ заттар тобының бар болуы негізі бойынша қолдау таппайтын тәрізді. Қылмыстық құқықтың теориясы да тәжірибесі де заңның еркін айналымдағы немесе азаматтық айналымнан алынған не шектелген заңды немесе заңсыз иеленуді, заттарды қорғайтындығын куәландырып отыр. Шын мәнінде бұл жерде мәселе қылмыстық қол сұғушылықтың затында емес, қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісінде болып отыр.

Қылмыс құрамының құрылымында қылмыс затының бар екендігін жоққа шығаратын да көзқарастар бар (М.М.Исаев, Б.С.Никифоров, А.А.Пионтковский). Қылмыс заты қылмыстың тікелей объектісі, бұл ретте қылмыс заты мен объектісін қарсы қойып салыстырудың негізі жоқ. Аталған тұжырымдаманы жақтаушылар адамдардың мүдделерін білдіретін әлеуметтік құндылық ретіндегі қылмыс заты адамдардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндігі бар, сондықтан ол қылмыскердің басқа біреуге тиесілі құндылықтарды заңсыз иелену, бүлдіру немесе жоюға ниеті пайда болған кезден бастап қылмыс объектісі болып шыға келеді. Осылайша қылмыс затына қарамастан кез-келген талан-тараждың объектісі болып адамның, қоғам немесе мемлекеттің меншігі болып табылатын біреудің мүлкі табылады. Сондықтан меншікке қарсы қылмыстар жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке қарсы қылмыстар ретінде есептеледі.

Көріп отырғанымыздай, қылмыс затының мәнін, оның қылмыс құрамы жүйесіндегі орнын түсінуге байланысты орын алып отырған қайшылықтар ең алдымен қылмыстық құқық теоретиктерімен «қылмыс объектісі», оның қылмыс затымен байланысы түсініктерін дұрыс түсінбеулерінен.

Қазіргі постиндустриалды қоғам заманында әлеумет пен экономикада болып жатқан процесстерге көңіл аудармауға болмайды және бұрынғысынша қылмыстық құқықтағы қылмыс заты деп тек материалдық құндылықтарды санаудың қажеті жоқ. Бұл ретте егер қылмыс заты ретінде материалдық құндылықтармен қатар материалдық емес құндылықтарды да қарастыратын болсақ қылмыс затын қылмыстың объектісімен теңдестіру және оның қылмыс құрамы құрылымындағы орны мәселесін шешу қажет.

Егер қылмыс затын оған қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын қылмыс объектісі ретінде қарастыратын болсақ, онда әлеуметтік құндылықтар мен мүдделерді білдіретін қылмыс объектісі мен қоғамдық қатынастар жөнінде айта кеткен дұрыс болады. Нақты қоғамдық қатынастың құрылымын бірқатар элементтер қатары құрайды: а) оған қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын зат (нақты мүдделер); б) қоғамдық қатынастар субъектілері (мемлекет, заңды және жеке тұлғалар); в) қоғамдық қатынастар субъектілерінің арасындағы әлеуметтік байланыс – қызмет. Осылайша қоғамдық қатынастардың заты болып мұндай қатынастар пайда болып, өмір сүретін барлық заттар табылады. Ал олар ретінде материалдық игіліктер, құндылықтармен (заттар, ақша, бағалы қағаздар және басқа мүліктер) қатар, материалдық емес, рухани құндылықтар мен игіліктер (абырой, ар-намыс, өмір, денсаулық, ақпарат, ерекше құқықтар және тағы басқалары) болуы мүмкін.

Белгілі бір қоғамдық қатынастарға қылмыстық қол сұғушылық бұл қатынастардың затына әсер ету арқылы жүзеге асады, ал затсыз қоғамдық қатынастар болмайды. Сәйкесінше бұл жағдайда біздер затсыз қылмыс ар болмайды деп атуға мәжбүр боламыз.

Қылмыскер әсер ететін қылмыс заты ретінде тек материалдық дүниенің заттары ғана танылады деген көзқарасты жақтаушы құқықтанушылар қол сұғушылық қандай да бір моральдық немесе рухани құндылықтармен байланысты қатынастарға бағытталған қылмыс затынсыз болатын қылмыстардың болуына еріксіз қайшылық тудырады. Мысалы, О.Е.Спиридонова аталған қайшылықты қылмыс затының түсінігін жетілдіру жолымен шешуді ұсынып отыр. Оның айтуынша: «...материяны басқа заттармен теңдестірмей, оны объективтік шындық ретінде қарастыру қажет. Бұл тұрғыда интеллектуалдық құндылықтар да, қандай да бір құқықтар да, мүдделер де нақты шынайылықты құрайды, яғни олар материалды құндылықтар болып табылады. Өйткені бұл дүниеде басқа құндылықтармен қатар өмір сүруде. Сондықтан сөздің кең мағынасында оларды материалдық дүниенің заттары деп атауға болады» [9, 10-11 бб.].

Алайда егер қылмыс заты ретінде адамдар арасында оған қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын затты қарастыратын болсақ, онда қоғамдық қатынастар заты қылмыс затымен сәйкес келеді, немесе оларға қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын құндылықтар қол сұғушылық нәтижесінде қылмыстық әсер етуге ұшырап, нәтижесінде әлдекімге зиян келтіріледі немесе зиян келтірілу қаупі туындайды. Бұл ретте Г.П.Новоселовтің пікірін дұрыс деуге болады. Оның айтуынша «кез-келген қоғамдық қатынастың заты қылмыстың объектісі мен субъектісі болатынын көрсететіндей, қоғамдық қатынастың объектісі мен субъектісі оның затының болуын болжайды. Бұл көзқарасқа қарағанда қылмыс тек объекті мен субъектісіз ғана емес, сонымен қатар қол сұғушылықтың затынсыз болмайды дегенді білдіреді. Айтылғандарға сәйкес мәселе «қылмыс заты бар» немесе «қылмыс заты жоқ» қылмыстар туралы емес, мәселе қылмыс заты болып әртүрлі материалдық құндылықтар (мүлік, ақша және тағы басқалары) және қылмыс заты ретінде материалдық емес құндылықтар (абырой, ар-намыс, интеллектуалдық меншік және тб.) табылатын қылмыстар туралы болуы қажет [10, 152 б.].

Сонымен қазіргі таңда қылмыс заты ретінде оған қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын құндылықтарды тану көпшілікпен мақұлданған. Бұл ретте қылмыс

субъектілері олардың мүдделерін білдіретін, соған байланысты бұл заттар әлеуметтік құндылықтар болып табылатын өзара белгілі бір қылмыс заты үшін нақты қатынасқа түседі. Аталған жағдайда қылмыс заты қорғалатын қоғамдық қатынастардың құрамдас бөлігі болып табылады; олар ретінде қоғамдық қатынастардың заты ретінде танылатын жеке элемент қарастырылады. Сонымен қатар, қылмыс объектісі ретінде танылатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіру қылмыс затына әсер ету арқылы жүзеге асырылатынын ұмытпаған жөн. Сәйкесінше қылмыс заты жоқ қылмыстар болмайтындықтан, барлық қылмыстарда материалдық немесе материалдық емес құндылықтар түріндегі қылмыс заты болады деп болжалады.

Айтылғандардың негізінде қылмыс затын қылмыстық қол сұғушылық объектісінен ажырату қажет. Е.А.Мазуренко қоғамдық қатынастардың көрінісі мен тасымалдаушысы бола тұра қылмыс заты жеке категория болып есептеледі, себебі көптеген жағдайларда қандай қатынастар болмасын олардың барлығы қоршаған ортаның материалдық немесе материалдық емес объектілеріне әсер ету нәтижесінде бұзылуы мүмкін. Сондықтан қылмыс объектісі мен заты әлеуметтік және материалдық категория ретінде арақатынаста болады [11, 45 б.].

Бұл ретте «қылмыс заты» мен «қоғамдық қатынастар заты» сияқты ұғымдарды ажырата білу қажеттілігі туындайды. Дегенмен қоғамдық қатынастар түсінігінің өзі қылмыстық-құқықтық санат емес, философиялық ұғым. Бұл тұрғыдан қарасақ, қоғамдық қатынастардың заты ол аталған қатынастар неге байланысты туындап, өмір сүретіндігіне оның субъектілерінің қызығушылығын көрсетеді. Қоғамдық қатынастар заты – материалдық әлем заттарымен және субъектілер қатынастары көрінісінің нысанымен теңдестіруге болмайтын идеалды құбылыс. Нақ осы қызығушылық қоғамдық қатынастың түйіні болып табылады, себебі қоғамдық қатынастардың субъектілері нақты өздерінің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған қызметтерін жүзеге асырады. Өздерінің қызығушылықтарын (мүдделерін) қанағаттандыру үшін түрлі құндылықтар құрастыра отырып адамдар әлеуметтік байланыстар мен қатынастарға түседі [12, 87 б.]. Бұл көзқарас тұрғысынан қылмыс объектісіне қылмыстық қол сұғу қоғамдық қатынас мүддесіне, оның мүшелеріне, адамдардың нақты қызметіне тікелей әсер етеді. Сәйкесінше қылмыс затын объектісі тәріздес құбылыс – себеп, жағдай немесе қоғамдық қатынастар өмір сүруінің айғағы ретінде қарастыруға болады. Материалдық және материалдық емес әлемнің заттары қоғамдық қатынастардың субъектілерімен тікелей байланысты.

Біздің көзқарасымыз бойынша қылмыс заты қылмыс объектісінің факультативтік белгісі емес. Дұрысы қылмыс заты қылмыс құрамының жеке элементі. Оны бұлай бөліп қарастыру тәжірибелік сипатқа ие және ол нақты бір қылмысты дұрыс саралауға ықпал етеді. Қылмыс заты жекеленген қылмыстық-құқықтық мағынаға ие болатын белгілер мен ерекшеліктер жиынтығынан тұрады және олар қылмыстық жауаптылықтың негізіне әсер етеді. Сонымен қатар, қылмыс затының физикалық, әлеуметтік және заңдық белгілері көп жағдайда ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажыратудың және қылмыстық әрекеттерді қылмыстық емес әрекеттерден ажыратудың негізі ретінде қарастырылады.

Біздің пікірімізше барлық қоғамға қауіпті әрекеттер қылмыс затына әсер ету арқылы жасалады. Алайда кейбір жағдайларда мұндай әсер етулер барынша толық (материалдық құндылықтарға қол сұғу мен қорғалатын мүдделерге әсер ету арқылы зиян келтірудің анық көрінігін механизмі болғандықтан) қарастырылады, ал басқа жағдайларда – жоқ (себебі мәселе материалдық емес құндылықтарға қатысты болғандықтан). Бұл мұндай жағдайда қылмыс затының жоқтығын білдірмейді, өйткені қылмыс затынсыз қылмыстар болмайды. Сәйкесінше қылмыс заты ретінде қылмыстық қолсұғушылыққа ұшырайтын материалдық (заттар, ақша, мүлік) және материалдық емес (мүліктік және міндеттемелік құқықтар, ақпарат, ар-намыс, денсаулық, қызмет және тб.) бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әпенәв С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері: оқулық. - Алматы: «Заң әдебиеті», 2006. - 332 б.
- 2 Коржанский Н.И. Объект и предмет уголовно-правовой охраны. Волгоград, 1980. - 98 с.
- 3 Фролов Е.А. Объект уголовно-правовой охраны и его роль в организации борьбы с посягательствами на социалистическую собственность: автореф. дис. ...д-ра юрид.наук. Свердловск, 1971. - 30 с.
- 4 Кравцов С.Ф. Предмет преступления: автореф. дис. ... канд. юрид.наук. Л., 1976. - 32 с.
- 5 Кузнецов И.В. Понятие и виды предметов преступлений в уголовном праве России: автореф.дис. ... канд.юрид.наук. Челябинск, 2007. - 32 с.
- 6 Новоселов Г.П. Учение об объекте преступления (методологические аспекты). М., 2001. - 53 с.
- 7 Винокуров В.Н. Объект преступления: аспекты понимания, способы установления и применение уголовного закона. М., 2012. - 172 с.
- 8 Бикмурзин М.П. Предмет преступления: теоретико-правовой анализ: дис. ... канд.юрид.наук. Уфа, 2005. С. 166-167
- 9 Спиридонова О.Е. Символ как предмет преступления: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Казань, 2002. - 27 с.
- 10 Козаченко И.Я., Новоселов Г.П. Уголовное право. Общая часть. М., 2010. - 211 с.
- 11 Мазуренко Е.А. Объект и предмет уголовно-правовой охраны преступлений против собственности: современные проблемы квалификации. М., 2003. - 96 с.
- 12 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы /А.Н.Ағыбаев. - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 282 б.

Бисенова Асия
Кайнар Академиясының магистранты

ЖАЗА - ҚАЗІРГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚЫЛМЫСТАН САҚТАНДЫРУ МАҚСАТЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада қылмыстық құқық қылмыстылықпен күресудегі мемлекеттік саясаттың неғұрлым анық көрінісін көрсететін саласы екені айтылып отыр. Осы жерде қылмыстылықпен неғұрлым тиімді күресу үшін қылмыстық заңнаманы үнемі жетілдіру қажеттігі мәселесі туындап тұр. Қылмыстылыққа қарсы тұруға байланысты заң базасы, бір жағынан уақыт талабына сай болса, екінші жағынан - тұрақты болуы керектігі көтеріліп отыр.

Мақалада қылмыстылық сияқты теріс құбылысты мүмкіндігінше максималды шекке дейін нақты қамтамасыз ете алатын, қылмыстылықтың ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіретінін нақты тоқтататын, қоғамдық өмірдегі құндылықтарды бірінші орынға қойып, қастерлейтін уақыт тудыратын деңгейге жеткізетіндей қылмыстылықпен күресу саласында осындай мемлекеттік саясат құрылып және жүзеге асуы керек екендігі айтылады.

Түйін сөздер: қылмыстық саясат, жаза, қылмыстық құқықбұзушылық, қылмыстық құқық.

Аннотация. Уголовное право, является той отраслью, в которой государственная политика борьбы с преступностью находит наиболее полное выражение. Отсюда вытекает и необходимость совершенствования уголовного законодательства. Законодательная база противодействия преступности должна быть, с одной стороны, соответствующей запросам времени, с другой – стабильной. В статье говорится о необходимости разработки и

реализации такой государственной политики в сфере борьбы с преступностью, которая бы реально могла обеспечить максимально возможное ограничение этого негативного явления, сведение его к такому уровню, при котором преступность перестанет быть угрозой национальной безопасности, способной подорвать устои жизни общества, повернуть его развитие вспять.

Ключевые слова: уголовная политика, наказание, уголовное правонарушение, уголовное право.

Abstract. Criminal law is the industry in which state crime policy finds the most complete expression. This also implies the need to improve criminal law. The legislative framework for countering crime should be, on the one hand, consistent with the demands of time, on the other, stable.

The article refers to the need to develop and implement such a state policy in the field of combating crime, which could really ensure the maximum possible limitation of this negative phenomenon, reducing it to such a level at which crime will cease to be a threat to national security, which can undermine the foundations of society, reverse its development.

Keywords: criminal policy, punishment, criminal offense, criminal law.

Қылмыстық құқық нормаларын қалыптастыру заң шығару қызметінде күрделі үрдісінің бірі болып табылады. Бұл республикамыздағы қылмыстық заңды реформалау барысында нақты қарастырылуынан да көрінеді. 1997 жылғы 16 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі қылмыстық құқық ғылымы мен оның тәжірибесінің қылмыстық заңға арналған негізгі талаптарын ескере отырып қабылданған. Атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде қылмыстық құқық нормалары диспозициясы қылмыс құралы талаптарын белгілей отырып, нақты, әрі айқын көрсетілген. Жазасының төменнен жоғарыға қарай қағидасы негізінде қойылуы, жасалған қылмыстың мән-жайын ескере отырып қолданылуы - қылмыстық саясатты ізгілендіруге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабының 2- тармағында мынадай міндеттерді жүзеге асыру шаралары көрсетілген: «бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылықтың негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді»[1].

Профессор Ю.А. Афиногенов Ресейдің нарықтық экономикаға өтуіне байланысты сол елдегі қылмыстық саясат және заң шығармашылығына қатысты мәселеге баға бере отырып былай деп жазады: «Біздің қоғамымыздың негізгі бағыты - нарықтық экономикаға өту, меншік нысанының көптігін қалыптастыру, заң билігінің, адам мен азаматтың құқықтарының бұзылмауын нақты қамтамасыз ету болып табылады. Осы процестегі құқықтың орнын бағалау аса күрделі мәселе» [2, 107-109 бб.].

Мемлекетпен қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін элементтерінің бірі - әлеуметтік жағынан дәлелді де әділ, қазіргі заман талаптарына сай келетін қылмыстық заң жасау. Осындай заңның әділет жүйесімен бірігуі экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени құрылымдарда құқықтық мемлекеттің пайда болуын әкеле алады.

Ю.А. Афиногеновтың Ресейде қалыптасқан қылмыстық саясатты жүргізу мен заң шығарушылыққа байланысты пікірлерін аз ғана өзгерістермен КСРО күйрегеннен кейінгі Қазақстан жағдайымен де салыстыруға болады. Біздің республикамыздың жаңа нарықтық экономикаға өту процесі қоғам өмірінің барлық саласындағы құқықтық, мәдени, экономикалық, саяси қиындықтармен қоса жүргізілді. Сол кездегі астаң-кестең дағдарыстың салдары күні бүгінге дейін қоғамға өз әсерін тигізуде. Заң шығарушылық қызметте мұндай салдар көбіне заң мәтінін жасау мен дайындау техникасы ережелерінің талаптарға сай қабылданбағанынан, оның ішінде қылмыстық заңның бүгінгі қоғамдық дамуға сай келмейтіндігінен байқалады. Әділ, әлеуметтік талаптарға сай, тиянақты

дайындалған заңдарды қабылдау мақсаты дегеніне жетпеуде. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыстағы Қылмыстық кодекске әлі күнге дейін толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, әлі күнге дейін қайта жасалуда.

Профессор С.В. Бородин айтқандай қазіргі кездегі қылмыстық саясатта жылдар бойы қалыптасқан стереотиптерден бас тартып, қоғамда демократизациялаудың, ізгіліктің, әлеуметтік әділеттіліктің оңды тенденцияларын, адамның тұлға ретіндегі қоғамдағы орнымен құнын көтеру және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын күшейту секілді оң шешімдерді дереу қабылдап, оларды белсенді түрде жүзеге асыру қажет. Қылмыспен күресте пайдалы нәтижелерді дамытатын қазіргі кездегі қылмыстық саясаттың басты бағыттары тек осы база негізінде ғана ойдағыдай қалыптасуы мүмкін. Қылмыстық саясат бағыттарынан мыналарды көрсетуге болады:

«1) барлық қылмыстық әрекеттермен күрес жүйесін демократизациялау, атап айтқанда, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу мен қылмыстық атқару заңдарын және олардың қолданылу тәжірибесін және алдын-ала тергеу жүргізу барысына, тергеушілер, прокурорлар мен судьялардың қызметіне, еңбек ұжымдарының, қоғамның, халықтың араласуын қамтамасыз ететін мүмкіндіктер туғызу;

2) қылмыстан адамның жеке басын қорғау, қылмыстық сот өндірісінде олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, бас бостандығынан айыру секілді жазасын өтеп келгеннен кейін күнделікті өмірге бейімделу мақсаттарында заңдарды және қылмыстық әділет органдарының қызметін жолға қою;

3) құқық қорғау органдарының қызметі мен қылмыстық сот өндірісінде барлық азаматтарға қатысты әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету; азаматтардың ұстанған дініне, ұлтына, қызметіне қарамастан сот және заң алдындағы теңдігі;

4) заңдылықтың бұзылу себептерін зерттеу мен олардың алдын алудың, заңды қолданудың тиімді механизмін жасау және олардың сақталуына кепілдік ету мүмкіндігін нығайту;

5) қылмыстық әділет органдары қызметінің жариялылығын қамтамасыз етіп, олардың қызмет барысы мен нәтижесі жайлы барлық мәліметтерді басылымдарда жариялау, қоғам өкілдеріне аталмыш органдардың қызметін бақылау үшін, сондай-ақ басылымдарда жариялау мақсатында барлық мемлекеттік мекемелерге бақылау жасау мүмкіндігін кеңейту, олардың еркін кіріп-шығуын қамтамасыз ету;

6) қылмыспен күресті жүргізу үшін ең алдымен, әлеуметтік алдын алудың жалпы және арнайы шараларын пайдалану арқылы алдын алу әдістерін қолдану;

7) қылмыстық әділет органдарының күш-жігерін қоғамдық тәртіпке жұмылдырып, жеке адамдарға қарсы қылмыстардан, латенттік қылмыстан, қылмыстық жауаптылықтан жалтармауға бағыттау;

8) жаза тағайындау барысында жасалған қылмыстың ауырлығын, әлеуметтік себеп-салдарын ескере отырып, қылмыспен күресте ең басты құрал ретінде қылмыстық заңды ғана тану;

9) қылмысқа қарсы күреске ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін, криминология ғылымының ұсыныстарын, сонымен қатар өзге де құқық пен гуманитарлық ғылымдардың жетістіктері мен ұсыныстарын пайдалану;

10) қылмыстық сот өндірісіне бақылауды жақсартып, олардың бір-біріне тәуелсіз болуын қамтамасыз ету үшін қылмыстық әділет органдарын қайта құру;

11) қылмыстық заңда айқындалған шекте қылмыстық әділет органдарының қызметін ведомствалық немесе партиялық негізде емес, мемлекеттік негізде жүргізу;

12) қылмыстық әділет органдары қызметіне жағдай жасау үшін және сол органның қызметкерлерінің шығармашылық еңбектерінің өнімді болуын қамтамасыз ету мақсатында оларды қаржыландыру мәселесін шешу, айлық жалақыларын көтеру;

13) қылмыстық әділет органдары ұжымында адамдар арасындағы адамгершілік қатынастарды қалыптастыру;

14) қылмыстық әділет органдары кадрларын жаңарту, олардың кәсіби шеберлігін шыңдау» [3, 10-12 бб.].

Мемлекеттік саясат мағынасы бойынша елдің даму бағыты бойынша жеткісі келетін бағыттарына қарай анықталып, мемлекеттің дамуындағы негізгі мақсаттар түрінде анықталады. Қазақстан Республикасының негізгі саясаты қоғам өмірін тұрақтылықта, тыныштықта сақтай отырып, құқықтық мемлекетті, демократиялық қоғамды және нарықтық қатынастарға негізделген экономикалық жүйені қалыптастыру болып табылады. Осындай саясат ретінде белгіленген мақсаттарға жету үшін қоғам өмірінің әр түрлі салаларында қызмет атқаратын органдар бұл саясатты іске асыру тетіктері ретінде кезекті міндеттерді анықтауы мүмкін. Мысалы құқықтық мемлекетті қалыптастыру үшін баршаның заң алдындағы теңдігін, заң актілерінде демократияшылдықтың нышандарын келтіру және ең бастысы ретінде қоғам өмірінің әр түрлі салаларында кездесетін, бірақ бұрын заңмен реттелмеген қоғамдық қатынастарды анықтап, олардың реттелу жолданын анықтау керек.

Жоғарыда айтылған қоғам өмірі бағыттарының бірі мемлекеттің қауіпсіздігі, қоғамдық тәртіпті сақтау, адамдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, бостандықтарын қамтамасыз етуге арналған қылмыстылықпен күрес саласындағы саясат болып табылады. Бұл саясат қазір қылмыстық саясат деп аталады және мемлекеттің қылмыстылықты бақылауының әдісіне, нысандарына, қағидаларына және т.б маңызды жақтарына бағыт-бағдар береді. Қылмыстық саясаттың мемлекеттік саясаттың бір тармағы ретіндегі негізгі міндеті, қылмыстылықпен күресудің амалдары мен тәсілдерінің тиімділігін арттыру үшін өткен уақыттарға баға бере отырып, алдағы уақыттардағы осы саладағы қызметтерге жаңа бағыт-бағдар беру болып табылады.

Сапасына және шығу табиғаты бойынша саясатпен құқықты біріктіріп қарауға болмайды. Бұлардың екеуі екі бөлек сапаға ие және түсініктері де бөлек. Саясат құқықтың даму бағытын анықтаушы, оған жол-жоба көрсетуші құрал қызметін атқарады және құқық дайындалғанда немесе өзгерістерге ұшырағанда мемлекеттік құқықтық саясаттың бағыттарына қарай жасалады. Құқық өзінің нормаларында жүргізіліп отырған саясаттың сәйкес келер тұстарын көрсетеді және ондай нормалар құқық мазмұнында үстем болады.

Мемлекеттік саясат та, құқықтық саясат та олар жазылған сипатта болады және заң актілерінің мазмұнында кездесетіндіктен ресми күшке ие. Саясат-Конституция ережелерінде және салалық заңдарда белгіленген және негізінен құқықтық қағидаларды, заңның мақсаттары мен міндеттерін белгілеуде ескеріледі немесе осы салаға қатысты мемлекеттік саясат тікелей көрсетілуі де мүмкін, сонымен қатар осы заң саласының негізгі қызметі болып саналатын, мысалы қылмыстық құқықтағы жазаның мақсаттары, Ерекше бөлімнің мәселелеріне қатысты ережелердің мағынасында да көрініс береді. Анығырақ айтқанда мемлекеттік қылмыстық саясат заңның мақсаттары мен қағидаларын анықтауға әсер ете отырып, түбінде сол заңның қандай мақсатта, бағытта қолданылатыны, неге жетуді көздейтіні анықталады. Сонымен қатар қылмыстық саясат қылмыстылықпен күрес жүргізу бойынша мемлекеттік органдар қызметінің негізгі мақсаттарын, жұмысының басты бағыттарын анықтауда жетекші роль атқарады[4].

Мемлекеттік саясатқа негізделген қылмыстық заңның мақсаттары мен қағидалары тұрақты болып келеді, өйткені ол бір мемлекеттің ғана емес, халықаралық актілердің шарттары негізінде құрылған. Қазіргі кезде қылмыстылықпен күресу көптеген елдерде негізгі мәселенің бірі болып саналуына байланысты бұл салада халықаралық ынтымақтастық орнатылып, оның көріністері халықаралық ұйымдардың жетекші сипатта шығарылған заңдарын ұлттық заңдарды дайындау барысында үлгі ретінде қолданылуынан, сонымен қатар БҰҰ, ОБСЕ сияқты халықаралық ұйымдардың міндетті күші бар заңдарын мойындаудан, мемлекеттер арасындағы өз ара құқықтық көмек көрсету туралы келісімдердің жасалуымен көрінеді. Сонымен қатар қазіргі кезде кейбір қылмыс түрлері халықаралық сипатқа ие болуына байланысты ондай қылмыс түрлерімен күресті бірлесе отырып жүргізу қажеттілігі туындауда.

Қазақстан Республикасының құқықтық, оның ішінде қылмыстық саясатын анықталған және бекітілген саясат түріне жатқызуға болады. 2009 жылы 24 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің № 858 Жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы» қабылданып, онда қылмыстық құқықтың да алдағы уақыттардағы даму бағыттары анықталды. Сондықтан қылмыстық заңды жетілдіру бағытындағы реформаның жалғасы алдағы уақыттарда жеңілеп, енді тікелей Конституция ережелеріне қарамай, жоғарыда аталған тұжырымдаманың негізгі ұстанымдарына сүйене отырып жүргізуге болады. Біздің бұл мақаладағы негізгі міндетіміз, зертету барысында анықтаған қылмыстық құқықтық нормалар тиімділігінің көрсеткіштерін анықтайтын критерийлердің мағынасы қаншалықты қылмыстық саясаттың тұжырымдарына сәйкес келетіндігін анықтау болатын.

Қылмыстық саясаттың қағидалары ретінде бүтіндей алғанда қылмыстылықпен күресудің жүйелерін ұйымдастыру мен қызметтендірудің тәсілдерін анықтайтын және жекелеген жүйелерін құрайтын (криминологиялық немесе алдын алу саясаты; қылмыстық құқықтық, қылмыстық атқарушылық немесе еңбекпен түзеу құқығы саясаттары) салалардың қызметтерінің негізгі бағыттарын біріктіретін, сонымен қатар қоғамға пайдалы бағытта қылмыстылыққа әсер етудің тиімділігін жеңілдететін әлеуметтік талаптарды қағидалар ретінде бөліп шығаруды ұсынады. Біздің ойымызша құқықтық қағидалар осы заң саласы нормаларының негізгі бағыттарын анықтауда қолданылатын ережелер, идеялар немесе сол қоғамдағы негізгі заңдармен бекітілген әлеуметтік-қоғамдық ортаның ұстанатын қағида түріндегі басты бағыттары болып табылады. Ал құқықтық саясаттың қағидалары - бұл салалық құқықтардың қағидаларын анықтауға әсер ете алатын және заңның мазмұнында тікелей аталмаса да оның қандай талаптарға (мысалы заң институттары мен нормаларының ғылыми тұрғыдан негізделгендігі, заңды қолдану мүмкіндіктерінің қамтамасыз етілгендігі, яғни практикалық талаптарға) сай болуын білдіретін, ресми түрде бекітілген негізгі бағыттар болып табылады.

Бір айта кететін жайт, ол жоғарыда аталған зерттеушілердің келтіргеніндей құқықтық қағидалардың құқықтық саясат қағидаларымен ішін ара сәйкес келгендігіне күмәндануға болмайтын сияқты. Себебі қылмыстық құқықтың қылмысты әрекеттерді анықтау, олардың қауіптілік дәрежелеріне қарай жаза түрі мен көлемін белгілеу, жазадан, жауаптылықтан босату негіздері, қылмыс құрамына жататын белгілерді анықтау сияқты бір неше міндеттерді іске асыратындығына байланысты осы мәселелер туралы заңның және құқық қолданушының басшылыққа алатын әр түрлі бағыттардағы (мысалы жазаға қатысты, кінәлілікке, қолданылатын заңның түріне қатысты) қағидалы ұстанымдары болуы керек. Бұлардың кейбіреулері нақты жағдайларға байланысты болса (мысалы жауаптылыққа тартқанда тек кінәлілікті анықтау, жаза тағайындаудың әділдігі тәрізді), ал кейбіреулері мағынасы бойынша кең қызметті білдіруі мүмкін. Мысалы заңның гуманизмді ұстануы, халықтың әлеуметтік, мүліктік жағдайларының әр қилы болуына қарамай заң алдындағы теңдігі, қолданыстағы заң сапалы немесе сапасыз болсын, бірақ күшіндегі заңды сақтау қажеттілігі және заңға сүйене отырып қылмыстың түрін анықтаудан шығатын заңдылық қағидалары. Мұндай кең мағыналы қағидалар өзге заңдардың да негізінде бар болғандықтан жалпы қағидалар ретінде танылады және түбірі Конституция ережелерінен шығады. Мұндай қағидалар құқықтық саясаттың бағытында қолданылады.

Құқықтық саясаттың мазмұнына жататын мәселелердің ауқымы кең болғандықтан Конституция ережелерінде тікелей айтылмаса да саясаттың кейбір қағидалары оны қолдану барысына қойылатын талаптардың мазмұнынан шығады. Сондықтан біз де жоғарыда аталған зерттеушілердің құқықтық саясат қағидаларының қатарына «ғылымилық» деген қағиданы қосуын жөн деп санаймыз және біздің мұнан бұрынғы бөлімдерде келтірілген қылмыстық құқықтық институттар мен оның нормаларының қоғамның шын келбетіне сәйкес келуін анықтауда қолданылатын құқықтың әлеуметтік тұрғыдан негізділігі, құқықтың тиімділігінің көрсеткішін анықтау барысында қолданылатын критерийлер, осы «ғылымилық» қағидасына сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандарға қорытынды жасай отырып, қылмыстық саясат-бұл қылмыстылықпен күресуді негізгі мақсаты ретінде таныйтын құқықтық ілімдердің алдағы уақыттарда даму бағыттарын көрсететін және оның мазмұнына қойылатын талаптарды білдіретін мемлекет арқылы белгіленген жетекші ұстанымдар болып табылады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясат туралы Тұжырымдамасында қылмыстық құқықтық саясаттың да алдағы уақыттардағы дамуының бағыттары анықталып, олардың қатары былай анықталған.

- Өлім жазасының қолданылу аясын тарылту;
- ауыр емес санатқа жататын қылмыстарды біртіндеп әкімшілік және азаматтық құқық бұзушылықтар қатарына ауыстыру;
- экономикалық сияқты мүліктік сипаттағы қылмыстар бойынша бас бостандығына жатпайтын материалдық тұрғыдан жазалауды білдіретін жауапкершілік түрлерін қолдануға басымдық беру,
- көтермелеуші нормаларды кеңірек қолдану,
- ауыр емес қылмыстар жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру жазасын қолданбау және орташа ауырлықтағы қылмыс жасағандарға бұл жазаны қолдануды тарылту,
- қолданысқа әлі енгізілмеген жазалардың іске асырылуын қамтамасыз ету,
- жалғыз басты немесе жүкті әйелдерге, әлсіз адамдарға ізгілікті қатынасты дамыту, сонымен қатар қайталап қылмыс жасағандарға немесе жауаптылықтан қашып жүргендерге және ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағандарға жауаптылықты қатайта түсу түрінде анықталған.

Демек әлі жалғасып жатырған қылмыстық құқықтық реформада ендігі уақыттарда жоғарыда аталғандай бағыттарда өзгерістер болуы керек және бұл бағыттардың қатары алдағы уақыттарда өзгеріп отыруы да мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.3 шілде 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі // <http://www.adilet.zan.kz>, 2022.

2.Афиногенов Ю. А. Проблемы социологии права.- В кн. Правовая реформа и актуальные вопросы борьбы с преступностью. -Владивосток, 1994.

3.Бородин С.В. Борьба с преступностью: теоритическая модель комплексной программы.- М.: Наука, 1990.

4.Буранбаева С.Р. Принцип неотвратимости наказания в контексте института противодействия легализации преступных доходов// КазНПУ им.Абая Вестник Серия «Юриспруденция». -№1(47),-2017. –С.93-98.

*Құрманова Ақмарал
магистрант Академии Кайнар*

РАЗВИТИЕ ИНСТИТУТА ДОЗНАНИЯ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. Дознание как форма досудебного расследования по законодательству Казахстана исторически сформировалось раньше института предварительного следствия и протокольной формы. На протяжении последних 60-ти лет дознание в качестве самостоятельного уголовно-процессуального института претерпел значительные изменения, которые затронули такие аспекты, как процессуальные сроки, субъекты, осуществляющие дознание, и их полномочия, пределы и последствия реализации дознания, процессуальные права и обязанности лиц, в отношении которых осуществляется дознание,

подследственность уголовных правонарушений и иные аспекты. Развитие института дознания носит эволюционный характер, что подтверждается поэтапными изменениями, вносимыми в УПК РК по вопросам дознания.

Ключевые слова: досудебное расследование, институт дознания, этапы эволюции национальной модели дознания, процессуально-правовой статус субъектов дознания.

Аңдатпа. Қазақстан заңнамасы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысаны ретінде алдын ала тергеу институты мен хаттамалық нысаннан бұрын тарихи тұрғыдан қалыптасқан. Соңғы 60 жыл ішінде дербес қылмыстық іс жүргізу институты ретінде анықтау айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, олар процестік мерзімдер, анықтауды жүзеге асыратын субъектілер және олардың өкілеттіктері, анықтауды іске асырудың шектері мен салдарлары, анықтау жүзеге асырылатын адамдардың процестік құқықтары мен міндеттері, қылмыстық құқық бұзушылықтардың тергеулігі және өзге де аспектілер сияқты аспектілерді қозғады. Анықтау институтының дамуы эволюциялық сипатқа ие, бұл анықтау мәселелері бойынша ҚР ҚІЖК-не енгізілетін қадамдық өзгерістермен расталады.

Түйін сөздер: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, анықтау институты, ұлттық анықтау моделінің эволюция кезеңдері, анықтау субъектілерінің процестік-құқықтық мәртебесі.

Abstract. The inquest as a form of pre-trial investigation according to the legislation of Kazakhstan was historically formed before the institute of preliminary investigation and protocol form. Over the last 60 years inquiry as an independent criminal procedural institute has undergone significant changes that affected such aspects as procedural terms, subjects carrying out the inquiry and their powers, the limits and consequences of the inquiry, procedural rights and duties of persons concerning whom the inquiry is carried out, jurisdiction over criminal offences and other aspects. The development of the institute of inquiry has an evolutionary nature, which is confirmed by step-by-step changes made in the CPC of the RK on issues of inquiry.

Keywords: pretrial investigation, institute of inquiry, stages of evolution of the national model of inquiry, procedural-legal status of the subjects of the inquiry.

Эволюционный период института дознания условно можно подразделить на три этапа: первый – советский этап развития уголовно-процессуального права КазССР, охватываемый периодом с 1959 по 1992 гг.; второй – переходный этап от советской доктрины к современной, охватываемый периодом с 1992 по 1997 гг.; третий – современный этап, охватываемый периодом с 1998 г. по настоящее время.

Для первого этапа характерно придание интересам государства признаков первичности, а интересам человека, гражданина – признаков вторичности. Такое распределение приоритетов способствовало пониманию института дознания как защитника прежде всего интересов государства и только потом – законных интересов и прав потерпевшего и подозреваемого (обвиняемого). Соответственно этому строилась регламентация дознания как формы досудебного производства по уголовным делам (понятия «уголовный проступок» ни в УК, ни в УПК еще не существовало. Отправление уголовного судопроизводства регламентировалось УПК КазССР, принятым 22 июля 1959 г. [1]. Согласно Конституции СССР, Конституции КазССР структура и содержание УПК КазССР соответствовали Основам уголовного судопроизводства Союза ССР и союзных республик, принятым 25 декабря 1958 г. [2, с.40].

Второй этап связан с процессами распада СССР в 1991 году и суверенизацией бывших союзных республик. До 1997 года вновь образованная Республика Казахстан в практике судопроизводства применяла УПК КазССР 1959 года с большим объемом изменений и дополнений, отражавших новые реалии в сфере судебной власти и уголовно-процессуального законодательства. Именно в этот период остро обсуждался вопрос о создании модельного УПК с тем, чтобы он был положен в основу разработки собственных национальных кодексов суверенными республиками.

Третий этап ознаменован принятием двух УПК РК: в 1997 г. [3] и в 2014 г. [4]. В УПК РК 1997 года отразились стремления к созданию сходных для всех постсоветских республик кодексов на основе модельного кодекса. При таком подходе была осуществлена попытка создания единого правового пространства для всех вновь созданных суверенных республик. Реализация этой идеи осложнилась политическими процессами, связанными с определением каждой республикой собственного пути дальнейшего развития государственности. В этих условиях Казахстан принял новый УПК 4 июля 2014 года, который вошел в законную силу с 1 января 2015 года. Изменилась национальная доктрина уголовно-процессуального права, основу которой составила идея о приоритете прав и законных интересов человека и вторичности интересов государства. Сообразно этим процессам значительные изменения произошли в законодательном определении места, роли в уголовном процессе института дознания. Для действующего УПК РК характерны признаки, свидетельствующие о реализации идеи о вхождении в мировое правовое пространство, в том числе на основе имплементации в национальное уголовно-процессуальное законодательство отдельных институтов, признаваемых в качестве мировых правовых стандартов. Курс на «европеизацию» уголовного процесса потребовал изменения многих традиционных представлений о сущности дознания и порядке его применения в практической деятельности.

Новизна исследования заключается в том, что в отечественной уголовно-процессуальной науке советского периода развития права проблемы дознания исследовались недостаточно, традиционно первенство в этом направлении принадлежало российским, украинским и белорусским исследователям, в числе которых труды В. В. Нилюка, В. В. Кальницкого и В. Г. Шаламова [5], Н. Г. Шурухнова [6], В. Н. Григорьева [7], В. В. Степанова [8], Г. П. Химичевой [9], Беднякова Д. И. [10], И. Ф. Крылова и А. И. Бастрыкина [11] и других. Среди казахстанских исследователей на данном этапе интерес представляют труды К. Л. Альжанова [12], К. У. Ташибаева, Ю. Д. Лившица, А. А. Рзаева и Н. И. Сотникова [13], К. Ж. Капсалямова [14], И. Ж. Бахтыбаева [15] и других. В их работах проблемы дознания исследовались фрагментарно во взаимосвязи с функцией расследования и доказательственного права, не отличались целостностью и завершенностью.

Современное понимание сущности дознания, исследование его проблем носит недостаточный характер. Приоритет в этом направлении необходимо признать за российскими учеными, в числе которых Т. Н. Москалькова [16], Н. В. П. Бахин [17], В. С. Балакшина [18]. Из казахстанских ученых выделяются работы К. М. Бишманова [19], А. С. Майтанова [20], Т. Е. Сарсембаева и А. Л. Хана [21], А. К. Ташибаевой [22], Д. К. Канафина [23].

Для достижения основной цели, состоящей в выявлении недостатков в регламентации дознания в современной действующей модели УПК РК и формулировании предложений по усовершенствованию УПК РК по вопросам дознания, автором настоящей работы предпринята попытка решения следующей задачи:

1. Проведение сравнительного анализа законодательной регламентации дознания по УПК КазССР 1959 г., УПК РК 1997 г. и УПК РК 2014 г.

Методология исследования включает в себя диалектический подход к оценке института дознания в разные периоды своей эволюции, сравнительное право, методы историзма, правовой логики, критического анализа, которые в своей совокупности позволяют сформулировать рациональные предложения по усовершенствованию института дознания в системе уголовно-процессуальных правоотношений.

1. Сравнительный анализ законодательной регламентации дознания по УПК КазССР 1959 г., УПК РК 1997 г. и УПК РК 2014 г.

За период с 1959 по 2014 гг. в системе субъектов, уполномоченных осуществлять дознание, произошли значительные изменения, которые свидетельствуют о том, что место и роль дознания в общей системе досудебного производства по мере усовершенствования

законодательства стали приобретать все большее значение. Эволюцию дознания можно продемонстрировать данными о круге субъектов, подвергавшихся все большему расширению, приведенными в таблице 1.

Таблица 1.

Сравнительные данные о круге субъектов, уполномоченных осуществлять дознание (период с 1959 по 2014 гг.)

	Органы дознания		
	УПК КазССР 1959 г. Ст. 113	УПК РК 1997 г. Ст. 65, ч. 2 и 3	УПК РК 2014 г. Ст. 61, ч. 2 и 3
1.	1) милиция	1) органы внутренних дел	1) органы внутренних дел
2.	2) командиры воинских частей, соединений и начальники военных учреждений – по делам о всех преступлениях, совершенных подчиненными им военными служащими, а также военнообязанными во время прохождения ими сборов; по делам о преступлениях, совершенных вольнонаемными в связи с исполнением служебных обязанностей или в расположении части, соединения, учреждения	8) командиры воинских частей, соединений, начальники военных учреждений и гарнизонов, в случае отсутствия органа военной полиции, по делам обо всех преступлениях, совершенных подчиненными им военными служащими, проходящими воинскую службу по призыву или контракту в Вооруженных Силах Республики Казахстан, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан, а также гражданами, пребывающими в запасе, во время прохождения ими воинских сборов; по делам о	7) командиры воинских частей, соединений, начальники военных учреждений и гарнизонов, в случае отсутствия органа военной полиции, - по делам обо всех уголовных правонарушениях, совершенных подчиненными им военными служащими, проходящими воинскую службу по призыву или контракту в Вооруженных Силах Республики Казахстан, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан, а также гражданами, пребывающими в запасе, во время прохождения ими воинских сборов, по делам об уголовных правонарушениях, совершенных лицами гражданского персонала воинских частей, соединений, учреждений в

		преступлениях, совершенных лицами гражданского персонала воинских частей, соединений, учреждений в связи с исполнением ими своих служебных обязанностей или в расположении этих частей, соединений и учреждений	связи с исполнением ими своих служебных обязанностей или в расположении этих частей, соединений и учреждений
3.	3)органы государственной безопасности и командиры пограничных частей	2)органы национальной безопасности 7)командиры пограничных частей – по делам о нарушении законодательства о Государственной границе Республики Казахстан, а также по делам о преступлениях, совершенных на континентальном шельфе Республики Казахстан	2)органы национальной безопасности б)органы пограничной службы – по делам о нарушении законодательства о Государственной границе Республики Казахстан, а также уголовных правонарушениях, совершенных на континентальном шельфе Республики Казахстан
4.	4)исправительн о-трудовые учреждения – по делам о преступлениях против установленного порядка несения службы, совершенных сотрудниками этих учреждений, а равно по делам о преступлениях, совершенных в	3)органы юстиции – по делам о преступлениях, связанных с порядком исполнения уголовных наказаний и содержания под стражей	

	расположении исправительно- трудового учреждения		
5.	5)органы государственного пожарного надзора – по делам о пожарах и о нарушениях противопожарных правил	10)органы противопожарной службы – по делам о всех преступлениях, связанных с пожарами	
6.		4)органы финансовой полиции	3)антикоррупционн ая служба
7.		5)таможенные органы – по делам о контрабанде и уклонении от уплаты таможенных платежей	
8.		6)органы военной полиции – по делам о преступлениях, совершенных военнослужащими, проходящих воинскую службу по призыву или контракту в Вооруженных Силах Республики Казахстан; гражданами, пребывающими в запасе, во время прохождения ими воинских сборов; лицами гражданского персонала воинских частей, соединений, учреждений в связи с исполнением ими	5)органы военной полиции – по делам обо всех уголовных правонарушениях, совершенных военнослужащими, проходящими воинскую службу по призыву или контракту в Вооруженных Силах Республики Казахстан, гражданами, пребывающими в запасе, во время прохождения ими воинских сборов, лицами гражданского персонала воинских частей, соединений, учреждений в связи с исполнением ими служебных обязанностей или в расположении этих частей, соединений и учреждений; - органы военной полиции Комитета

		служебных обязанностей или в расположении этих частей, соединений и учреждений	национальной безопасности – также по делам обо всех уголовных правонарушениях, совершенных военнослужащими и сотрудниками специальных государственных органов
9.		9)руководители дипломатических представительств, консульских учреждений и полномочных представительств Республики Казахстан – по делам о преступлениях, совершенных их работниками в стране пребывания	8)руководители дипломатических представительств, консульских учреждений и полномочных представительств Республики Казахстан – по делам об уголовных правонарушениях, совершенных их работниками в стране пребывания
10		9-1)Служба охраны Президента Республики Казахстан – по делам о преступлениях, совершенных в зоне проведения охранных мероприятий и непосредственно направленных против охраняемых лиц, перечень которых установлен Законом	9)Служба государственной охраны Республики Казахстан – по делам об уголовных правонарушениях, совершенных в зоне проведения охранных мероприятий и непосредственно направленных против охраняемых лиц, перечень которых установлен законом.
11		3.капитаны морских судов, находящихся в дальнем плавании, руководители геологоразведочных	3.капитаны морских судов, находящихся в дальнем плавании, руководители геологоразведочных партий, других

	партий, других государственных организаций и их подразделений, удаленных от органов дознания, в период отсутствия транспортных средств – обо всех преступлениях	государственных организаций и их подразделений, удаленных от органов дознания, в период отсутствия транспортных средств – обо всех уголовных правонарушениях
--	---	--

Таким образом, изменения в перечне субъектов, уполномоченных осуществлять дознание, характеризуются расширением их круга. Причины создавшегося положения связаны с тем, что были подвергнуты реформированию система правоохранительных органов, уголовное и уголовно-процессуальное законодательство, сформировались новые правовые институты (следственный судья, специальные государственные органы, уголовный проступок, приказное производство, процессуальное соглашение, медиация и др.), которые оказали свое влияние на структуру и систему органов дознания и на функцию дознания как форму досудебного производства. Кроме того, велика роль в формировании современной модели дознания деятельность по имплементации в систему национального права наиболее демократичных институтов, апробированных зарубежной правоохранительной практикой, в числе которых судебный контроль за досудебным производством.

Расширение полномочий органов дознания – это совокупный результат процессов расширения перечня субъектов, уполномоченных осуществлять дознание, обусловленные декриминализацией уголовных правонарушений, и переводом деяний, ранее относимых к преступлениям, к категории уголовных проступков. Уголовные проступки – также отнесены к сфере деятельности органов дознания.

Эволюция органов дознания и дознания как формы досудебного расследования характеризуется тем, что, по мере усовершенствования уголовно-процессуального законодательства Казахстана, дознание приобрело более современные черты: оно стало более объемным. Дознание – это наиболее демократичная форма досудебного расследования, которая отвечает международным принципам уголовного процесса.

Список использованной литературы:

1. Закон Казахской ССР от 22 июля 1959 года «Об утверждении Уголовно-процессуального кодекса Казахской ССР» // Ведомости Верховного Совета и Правительства Казахской ССР, 1959 г., № 22-23.
2. Казахская Советская Социалистическая Республика: Энциклопедический словарь. Алма-Ата, 1981.
3. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан. – Принят 13 декабря 1997 г. ЗРК № 206-І. // Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1997 г., № 23, ст. 335.
4. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан. – Принят 4 июля 2014 г., введен в действие с 1 января 2015 г.
5. Николук В. В., Кальницкий В. В., Шаламов В. Г. Истребование предметов и документов в стадии возбуждения уголовного дела: Уч. пособие. Омск, 1990.
6. Шурухнов Н. Г. Предварительная проверка заявлений и сообщений о преступлениях. М., 1985.

7. Григорьев В. Н. Обнаружение признаков преступления органами внутренних дел. Ташкент, 1986.
8. Степанов В. В. Предварительная проверка первичных материалов о преступлениях. Саратов, 1972.
9. Химичева Г. П. Рассмотрение милицией заявлений и сообщений о преступлении: Монография. М., 1991.
10. Бедняков Д. И. О принятии предметов и документов, представленных в порядке ч.2 ст. 70 УПК РСФСР // Процессуальные вопросы предварительного расследования на современном этапе. Волгоград, 1988.
11. Крылов И. Ф., Бастрыкин А. И. Розыск, дознание, следствие. Л., 1984.
12. Альжанова К. Л. Актуальные проблемы соотношения уголовно-процессуального законодательства и оперативно-розыскной деятельности. // Перспективы реформирования уголовно-процессуального права в Республике Казахстан. Караганда, 1995ж
13. Ташибаев К. У., Лившиц Ю. Д., Рзаев А. А., Сотников Н. И. Дознание в органах внутренних дел КазССР. Караганда, 1990.
14. Капсалямов К. Ж. Развитие принципов уголовного судопроизводства – приоритетное направление правовой реформы. // Перспективы реформирования уголовно-процессуального права в Республике Казахстан. Караганда, 1995.
15. Бахтыбаев И. Ж. Конституционный надзор прокуратуры Республики Казахстан. Алматы, 1990.
16. Москалькова Т. Н. Органы дознания. // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной принятию нового Уголовно-процессуального кодекса Российской Федерации. М., 2002.
17. Бахин В. П. Полицейский допрос (Советы допрашивающему): Учебно-практическое пособие. Алматы, 1997.
18. Балакишин В. С. О собирании доказательств в стадии возбуждения уголовного дела. // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной принятию нового Уголовно-процессуального кодекса Российской Федерации. М., 2002.
19. Бишманов К. М. Процессуально-правовые и криминалистические проблемы деятельности охранных подразделений Республики Казахстан / Автореф. дисс. ... к.ю.н. Алматы, 1999.
20. Майтанов А. М. Доказывание по уголовным делам, оканчиваемым составлением протокола обвинения / Автореф. дисс. ... к.ю.н. Караганда, 2002.
21. Сарсембаев Т. Е., Хан А. Л. Уголовный процесс: досудебное производство: Уч. пособие. Астана, 2000.
22. Ташибаева А. К. Производство дознания по ПК Республики Казахстан. // Экономика и право Казахстана. 2003, № 17.
23. Канафин Д. К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве. Алматы, 2005.

Манап Рауан
Кайнар Академиясының магистранты

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ОБЪЕКТИВТІ БЕЛГІЛЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективті белгілерін талдау мәселелері қозғалады. Автор кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың мәнін ашу үшін оның объектісін және объективті жағын анықтаудың маңызы ерекше деп атап көрсетеді. Әрбір істелген қылмыстық құқық бұзушылық белгілі бір объектіге қол

сұғумен қатар оған белгілі бір зиян келтіру қаупін туғызатындығын, оның құқық қолдану процесінде туындайтын негізгі мәселелері, сондай-ақ оларды шешудің қазіргі мүмкіндіктері айқындалды.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік қызмет, қылмыстық-құқықтық саясат, қылмыстық құқық, объективті белгілер, саяси жүйе.

Аннотация. В статье затрагиваются вопросы анализа объективных признаков уголовных правонарушений в сфере предпринимательской деятельности. Автор подчеркивает, что для раскрытия сущности уголовных правонарушений в сфере предпринимательской и иной экономической деятельности особое значение имеет определение ее объекта и объективной стороны. Определено, что каждое совершенное уголовное правонарушение наряду с посягательством на определенный объект создает угрозу причинения ему определенного вреда, основные проблемы, возникающие в процессе его правоприменения, а также существующие возможности их разрешения.

Ключевые слова: предпринимательская деятельность, уголовно-правовая политика, уголовное право, объективные признаки, политическая система.

Abstract. The article addresses the issues of analyzing objective signs of criminal offenses in the field of entrepreneurial activity. The author emphasizes that in order to disclose the essence of criminal offenses in the field of entrepreneurial and other economic activity, the definition of its object and objective side is of particular importance. It is determined that each criminal offense committed, along with an encroachment on a certain object, poses a threat of causing it certain harm, the main problems arising in the process of its enforcement, as well as the existing possibilities for their resolution.

Key words: entrepreneurial activity, criminal law policy, criminal law, objective signs, political system.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік саласын реттейтін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазанда қабылданды. "Азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады" [1]. Аталған кодексте кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылының қағидаттары бекітілген. Оларға:

- 1) заңдылық;
- 2) кәсіпкерлік еркіндігі;
- 3) кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі;
- 4) меншікке қол сұғылмаушылық;
- 5) адал бәсекелестік;
- 6) тұтынушылар, кәсіпкерлік субъектілері және мемлекет мүдделерінің теңгерімі;
- 7) мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы және ақпаратқа қолжетімділік;
- 8) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің тиімділігі;
- 9) кәсіпкерлік субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеттілігін арттыру;
- 10) құқық бұзушылықтың алдын алу басымдығы және т.б. жатады.

Қазақстанда бүгінгі күні шағын және орта кәсіпкерлік бастан кешіріп отырған қатынастарға қарамастан, экономиканың серпінді дамып келе жатқаны белгілі болып отыр. Ең бастысы шағын кәсіпкерлік саны өсіп келеді. Өсім соншалықты жоғары да емес, небәрі

пайыздық бөлігі ғана. Оның ЖІӨ-де өзіндік үлесі бар. Ол 30 % құрайды. Қазіргі кезде кәсіпкерлік Қазақстанның бүгінгі экономикасында лайықты орын алууда.

Біз Қазақстанды жоғары өмір стандарттары бар әлемдегі ең ырғақты дамып келе жатқан мемлекеттердің біріне айналдыру туралы алдымызға өршіл мақсат қойдық. Ол мақсатқа адам әлеуетінің белсенділігін, азаматтардың іскерлігін арттыру арқылы ғана қол жеткізуге болады, - деп атап көрсетті Елбасы.

Мемлекет басшысы реформалар жүргізілген жылдар ішінде оған барлық қажетті жағдайлардың жасалғанын атап көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, тауардың мейлінше тапшы, гиперинфляция мен халықтың тұрмыс деңгейінің күрт төмендеген жылдарының өзінде-ақ отандық кәсіпкерлікті құру жұмыстары басталды. Ол қиын шешімдер кезеңі еді. Экономикада мемлекеттік меншік басымдықта болды. Нарық қатынастарын дамыту үшін заңдық база мүлде болған жоқ. Қолданыстағы заңдар жеке меншік пен кәсіпкерлік қызмет үшін кері әсер етерлік сипатта болды. Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Олар: 214-бап. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет; 216-бап. Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау; 217-бап. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету; 218-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату); 221-бап. Монополистік қызмет; 222-бап. Тауар белгісін заңсыз пайдалану; 223-бап. Коммерциялық не банктік құпияны, деңгейлес мониторинг барысында алынған салықтық құпияны, микрокредит беру құпиясын, коллекторлық қызмет құпиясын құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ мүлікті жария етумен байланысты ақпаратты заңсыз алу, жария ету немесе пайдалану; 237-бап. Оңалту және банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер; 238-бап. Әдейі банкроттық; 239-бап. Төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу; 241-бап. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу; 242-бап. Банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсыну; 248-бап. Мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу; 249-бап. Рейдерлік.

Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың мәнін ашу үшін оның объектісін және объективті жағын анықтаудың маңызы ерекше. Әрбір істелген қылмыстық құқық бұзушылық белгілі бір объектіге қол сұғумен қатар оған белгілі бір зиян келтіру қаупін туғызады. Қылмыстық заң нормасымен қорғалатын объектіге қылмыстың қол сұқпауы мүмкін емес. Сондықтан да қылмысты қол сұғушылықтың объектісін дұрыс анықтаудың теориялық та, практикалық та маңызы ерекше.

Н.И.Загородников былай деп жазады: "Объектіні анықтай отырып, қандай қылмыстың орын алғандығын анықтауға болады: алаяқтық немесе ұрлық, тонау немесе қарақшылық, әлде басқа да қылмыстар. Қылмыс объектісін анықтаудың маңызы, қылмыс жасаушының әрекеті қандай формада болса да заңмен қорғалатын адамның, қоғамның мүддесіне қайшы келіп, қоғамға қауіптіліктің деңгейін байқатады" [2, 12 б.]. "Қылмыстық құқық бойынша қылмыстың объектісі деп қылмысты қол сұғушылықтан қылмыстық заң бойынша қорғалатын қоғамдық қатынастарды айтады" [3, 56 б.]. Әрбір істелген қылмыстық құқық бұзушылық белгілі бір жағдайларда қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін туғызады. Сондықтан да қылмыстық құқық ғылымы қорғалатын қоғамдық қатынастарды барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы объектісі деп таниды. Қылмыстық заңмен қол сұғушылықтан қорғалатын қатынастарға, адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қоршаған орта, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығы, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі жатады. Мемлекетіміздің басты байлығы адам, оның өмірі, денсаулығы болғандықтан жеке тұлғаларға қарсы жасалған әрекеттер ең қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына жатады. Әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін, ол негізінен қол сұғылған объектінің маңыздылығына және әрекет ету тәсіліне тікелей байланысты, соның ішінде жеке тұлғаға

қарсы күш қолдану мен күш қолданамын деп қорқыту арқылы жасалған әрекет (күш қолданудың тәсілі мен түріне қарай) оның өміріне, денсаулығына, бостандығына, қауіп төндіреді.

Заң әдебиеттерінде қоғамдық қатынастардың бір тобына қол сұғуда, басқа да қоғамдық қатынастардың бұзылатындығы жөнінде айтылған. Көптеген зерттеулерде бұл сұрақтың жауабы ат үсті қаралып, объектілердің өзара қатынастарына, әрқайсысына жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға толықтай талдау жасалмаған. Бұл туралы, Е.І. Қайыржанов былай деп жазады: "Нақты бір қылмыстың объектісін зерттеуде қылмыстық әрекет нақты қай объектіге бағытталған сол объектіге ғана басты назар аударылады да, қол сұғылған басқа да объектілер назардан тыс қалады, сөйтіп қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіптілігі арнайы объектіге келтірілген зардап бойынша ғана сараланады" [4, 123 б.]. Осыған қарамастан Е.І.Қайыржанов жалпы, арнайы, қосымша объектілердің бір-бірімен өзара ара қатынасының теориялық және практикалық жағының маңызын ашып көрсетпейді.

В.Н. Кудрявцев объектілердің маңызын, оларға келтірілген зардап көлеміне қарай саралауды ұсынды. Ол, әрбір қылмыстық әрекетте бірнеше зардап болатындығын ескере келіп, әрекет бірнеше қоғамдық қатынастарға қарсы бағытталады деп атап көрсеткен. Зардаптың объектілерге келтіретін мөлшері әртүрлі болатындықтан оларды негізгі және қосымша объектіге бөлуді ұсынды [5, 31 б.]. В.Н. Кудрявцев қосымша зардап болатындығын атап көрсеткенімен, ол зардаптың қол сұғылатын объектіге қатысын көрсете алмады, оның пікірі бойынша қосымша зардап негізгі объектіге келтірілетін зардаптың құрамдас бөлігі. Осыдан келіп көп объектіге зардап келтіру проблемасы пайда болды. Ол бойынша Б.С. Никифоров "Қылмысты саралау кезінде заң шығарушы басты назарды зардап келтірілген негізгі объектіге ғана емес, қосымша объектіге де аударуы керек" - , деп жазды [6, 4 б.].

Бұл жөнінде Е.А. Фролов: "Қылмыс арқылы қол сұғылатын арнайы объектіні үш түрге бөліп қарастыруды ұсынады. Негізгі, арнайы объект болып зардап келтірілген немесе зардап келтіруге оқталған және қылмыстық заң нормалары арқылы қорғауға алынған объектілер жатады. Қосымша объект, негізгі объектіге қарсы әрекет еткен кезде, зардап келтіру қаупі төнген, заңмен қорғалатын, бірақ арнайы қол сұғуды мақсат етпеген объект. Факультативті объект, қылмыстық әрекет жүзеге асқан кезде зардап келтіру қаупі төнетін, зардап келтірілмеуі де мүмкін қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Сондықтан да қылмыстық әрекет арқылы бір уақытта зардап келтірілетін бірнеше тікелей объектілердің ішінен негізгі, қосымша және факультативтік объектілерді ажыратып алу қажет" [7, 44 б.].

Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі нақты кәсіпкерлік немесе өзге де экономикалық қызметтің дұрыс дамып жұмыс жасауына қол сұғу болып табылады. Мысалы ҚРҚК 214-бап. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет.

"1. Кәсіпкерлік қызметті, банктік қызметті (банк операцияларын), микроқаржылық немесе коллекторлық қызметті тіркеусіз, сол сияқты осындай қызмет үшін міндетті лицензиясыз не Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру, сол сияқты кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу, егер бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе не ірі мөлшерде кіріс алумен немесе акцизделетін тауарларды айтарлықтай мөлшерде өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен ұштасса, –мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады" [8].

Аталған қылмыстың объектісі - кәсіпкерлік қызметті, банктік қызметті (банк операцияларын), микроқаржылық немесе коллекторлық қызметті жүзеге асырудың

мемлекет белгілеген бірқалыпты дұрыс қызметін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады. Бұл баптың құрамының мазмұны бланкеттік диспозицияға жатады.

Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы көп жағдайда белсенді әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Мысалы ҚРҚК 214-бап. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет құрамының объективтік жағы бірнеше балама әрекетпен сипатталады. 1) Кәсіпкерлік қызметті, банктік қызметті (банк операцияларын), микроқаржылық немесе коллекторлық қызметті тіркеусіз, 2) сол сияқты осындай қызмет үшін міндетті лицензиясыз 3) не Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру, 4) сол сияқты кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу.

Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет құрамы материалды құрамға жатады, аталған іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе не ірі мөлшерде кіріс алумен немесе акцизделетін тауарларды айтарлықтай мөлшерде өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен ұштасса деп қылмыстық заңда тікелей көрсетілген. Сондықтан әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыс анықталуға жатады.

Жалпы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының сыртқы жағын сипаттайтын объективтік жақ. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың объективтік жағын арнайы зерттеумен В.Н. Кудрявцев, Г.В. Тимейко, Р.А. Левертова, В.В. Мальцев сынды заңгер ғалымдар айналысты. Олар өздерінің ғылыми еңбектерінде қылмыстың объективтік жағына түрліше анықтамалар берді. Бұл туралы В.Н. Кудрявцев былай деп жазды: "Қылмыстың объективтік жағы қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздікпен басталып қылмыстық зардаппен аяқталатын процесс" [5, 31 б.]. Шынында да, кез келген қылмыстық құқық бұзушылық әрекет объектіге (жеке тұлға, мүлік, қоғамдық тәртіп т.б.) зардап келтіреді немесе зардап келтіру қаупін туғызады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы қылмыстық құқық бұзушылықты істеген адамның мінез-құлқының сыртқы көрінісін білдіреді. Объективтік жақты алдымен қоғамға қауіпті мінез-құлық актісінің сыртқы көрінісі, ол адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі арқылы көрініс табады. Қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздіктің нысандары мен түрлері қылмыстық заң тұжырымдарында әртүрлі және жан-жақты. Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы қылмыстың зардабын көрсетеді. Бірқатар қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағын сипаттауда оның міндетті белгілеріне уақыт, орын, жағдай, қылмыстың жасалу тәсілдері де жатады. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ажыратып жіктеуде, оның қоғамға қауіптілігінің дәрежесін белгілеуде, қылмыстық құқық бұзушылықты саралауда объективтік жақтың осы белгілерінің маңызы зор. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы - қылмыстық жауаптылықтың маңызды алғы шарты. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы қылмыстық құқық бұзушылық ретінде адамның идеялары мен ойларын емес, қылмыстық-құқықтық нормаларды бұзатын қоғамға қауіпті іс-қимылды таниды.

Күш қолдану мен күш қолданамын деп қорқыту әрекетін қылмыстық зардаппен шатыстыруға болмайды. Қылмыстық құқық теориясында бұл жөнінде толып жатқан пікірлер бар, атап айтқанда қылмыстық зардап қылмыстық әрекеттің бір бөлігі. Сонымен, қылмыстық зардап әрекет түсінігінің құрамдас бөлігі болып есептеледі. Әрекет пен қылмыстық құқық бұзушылық зардап бір-бірімен тығыз байланысты: зардап әрқашанда әрекеттен туындайды. Бірақ, барлық жағдайда бірдей зардапты әрекетпен байланыстыруға болмайды, ол жөнінде Н.Ф.Кузнецова былай дейді: "Қылмыстық зардаптың түсінігі заңда көрсетілмегенде, тек қана объектімен сол объектіге бағытталған әрекеттің аяқталғандығын ғана дәлелдеу керек болады. Осыдан келіп қылмыстық зардап көлемі анықталады. Сондықтанда әрекет пен қылмыстық зардап түсінігінің бір-бірінен айырмашылығы бар деп айтуымызға болады" [9, 42-43 бб.].

Әрекет - бұл адамның ерікті дене қозғалысы немесе дене қозғалысының жиынтығы, сондай-ақ, түрлі механизмдерді, жеке тұлғаларды, жан-жануарларды саналы түрде пайдаланып әрекет етуі. Әрекет бұл объектіге әсер ету үшін бағытталған нақты процесс, ал, зардап әрекеттің қортындысы және ол әрекетке тікелей байланысты [10, 57 б.]. Сондықтан да, заң шығарушы, объектінің маңыздылығын, келтірілген зардап көлемін, объектіге келтірілген қауіпті есепке ала отырып қылмыстық жауаптылық туралы сөз қозғайды Бірақ, мұнда келтірілген зардап пен келтірілуі мүмкін зардап түсінігі бір мағына бермейді [11, 110 б.]. Қылмыстық зардап келтіру қауіпінің болуы қылмыстық әрекетке тиісті қасиет болғанымен, қауіп келтіру әрекеттің мүмкін зардабы болып табылмайды. Қылмыстық әрекеттің объектіге қауіп төндіруі объектіге ешқандай өзгеріс әкелмейді, зардап келтірмейді. Объектіге қауіп төндіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту объектінің маңыздылығымен тікелей байланысты, ендеше әрекеттің қоғамға қауіптілігі де объектінің маңызына қарай анықталады. Алдына қойған мақсатқа жету үшін "субъект объектіге әсер ететін барлық құралдар мен тәсілдерді қолдануда объектінің ерекшеліктерін есепке алу арқылы әрекет етеді". Қылмыстық зардап тікелей әрекеттен де, әрекетсіздіктен де туындауы мүмкін. Кей жағдайда әрекет қылмыстық зардаптың тууына жағдай жасайды. Мысалы: алған жарақат салдарының адамның өліміне себепші болуы. Зардаптың туындауына жәбірленушінің өзі немесе үшінші жақтың да себепші болуы мүмкін. Мысалы: оқталған мылтықты көрінетін жерге қою салдарынан ол жерде ойнап жүрген балалардың біреуінің абайсызда атуынан екінші біреуінің жарақат алуы [12, 86 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағына келесідей анықтама беруге болады: объективтік жақ - белгілі бір жағдайда, орында, уақытта жүзеге асырылатын және құқықпен қорғалатын мүдделерге зиян келтіретін, нақты қоғамға қауіпті мінез-құлықтың сыртқы көрінісі. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының маңызы біріншіден, оның белгілерін дәлме-дәл анықтау істелген қоғамға қауіпті іс-әрекетті дұрыс саралаудың негізі болып табылады. Қылмыстық жауаптылыққа тарту барысында, бірінші кезекте қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы анықталынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. //adilet.zan.kz.*
2. *Загородников Н.И. О пределах уголовной ответственности. - М.: Наука, 1987. - 184 с.*
3. *Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы /А.Н.Ағыбаев. - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 282 б.*
4. *Қайыржанов Е.І. Общее учение о составе преступления. - Алматы: Жеті жарғы, 1987. - 354 с.*
5. *Кудрявцев В.Н. Квалификация преступлений против жизни. - М.: Юрист, 1977. - 318 с.*
6. *Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. - М.: Наука, 1960. - 248 с.*
7. *Фролов Е.А. Объект уголовно-правовой охраны и его роль в организации борьбы с посягательствами на социалистическую собственность: автореф. док. юр. наук. - Свердловск, 1971. - 61 с.*
8. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. //adilet.zan.kz.*
9. *Кузнецова Н.Ф. Значение преступных последствий для уголовной ответственности. - М.: ЭРА, 1958. - 130 с.*
10. *Нуртаев Р.Т. Понятия преступления. - Алматы: Жеті жарғы, 1988. - 175 с.*
11. *Фролов Е.А. Объект и преступные последствия при посягательствах на социалистическую собственность. - Свердловск: Знание, 1968. - 130 с.*

Жумаханов Асқар Алимжанұлы
Қайнар академиясының құқықтану мамандығының магистранты

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН КИБЕРҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың барлығы дерлік өз қылмыстарын өзін-өзі ұйымдастыру және ұйымдастыру үшін желілік технологияны қолданса да, кейбіреулері бұл технологияларды киберқылмыс жасау үшін де қолданады. Киберқылмыскерлерді ұйымдастырудың нақты сипаты цифрлық және желілік технологиялардың деңгейіне, іс-қимыл режиміне және жоспарланған құрбандарға байланысты өзгереді, бұл олардың арасындағы айырмашылықтарды анықтауға көмектеседі.

Түйін сөздер: киберқылмыстар, киберкеңістік, сандық және желілік технологиялар.

Аннотация. Не смотря на то, что почти все организованные преступные группы используют сетевые технологии для самоорганизации и организации своих преступлений, некоторые также используют эти технологии для совершения киберпреступлений. Точный характер организации киберпреступников различается в зависимости от уровня цифровых и сетевых технологий, способа действий и планируемых жертв, что помогает их различать.

Ключевые слова: киберпреступность, киберпространство, цифровые и сетевые технологии.

Abstract. Although almost all organized criminal groups use network technology to self-organize and organize their crimes, some also use these technologies to commit cybercrime. The exact nature of the organization of cybercriminals varies depending on the level of digital and network technologies, the mode of action and the planned victims, which helps to distinguish between them.

Keywords: cybercrime, cyberspace, digital and network technologies.

Көптеген қылмыстар мен киберқылмыстар ұйымның белгілі бір деңгейінде жасалады, яғни бұл қылмыстар мен киберқылмыстар «жоспарланған және жеке топтардың күш-жігерін көрсететін ұтымды әрекеттерді білдіреді».

Көптеген ұйымдасқан қылмыстық топтар бір-бірімен сөйлесу және өз істерін жүргізу үшін Интернет технологиясын қолданады. Мұндай «істер «Интернет қылмыскерлерді дербес қылмыс жасау мақсатында біріктіру үшін пайдаланылатын ұйымдардың» эфемерлік» нысандарын құруға әкелуі мүмкін, содан кейін олар жаңа одақтар құру үшін таратылады. Сонымен қатар, ұйымдасқан қылмыстық топтар ұзақ уақыт бойы өмір сүретін және оның қанатының астында әрекет ететін қылмыскерлерді сол салада жұмыс істейтін басқа қылмыскерлерден, сондай-ақ құқық қорғау органдарынан қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдардың «тұрақты» нысандарын құру үшін желілік технологияны қолдана алады [1, 14 б]. Спектрдің осы екі экстремалды полюстерінің арасында ұйымдардың «гибридті» формалары да бар, онда кең танылған қылмыстық мақсатты кішігірім негізгі топ «іс жүзінде» белсенді түрде таратады, бірақ кейбір хакерлік топтарда немесе қылмыс пен терроризм арасында байланыс орнатылған офлайн жағдайларда оның физикалық көрінісін жеке жалғыз қасқырлар немесе жергілікті жасушалар жүзеге асырады.

Айта кету керек, «террористер мен ұйымдасқан қылмыстық топтардың қызметі бір-біріне сәйкес келуі мүмкін», «олар әдетте әртүрлі мақсаттарға ұмтылады». Ұйымдасқан қылмыстық топтардың көпшілігі, әдетте, ортасында гибриді формасы бар эфемерлі және

тұрақты ұйым формалары арасындағы спектрде болады және белгілі бір дәрежеде Интернет-технологияны өзін-өзі ұйымдастыру үшін қолданады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың барлығы дерлік өз қылмыстарын өзін-өзі ұйымдастыру және ұйымдастыру үшін желілік технологияны қолданса да, кейбіреулері бұл технологияларды киберқылмыс жасау үшін де қолданады. Киберқылмыскерлерді ұйымдастырудың нақты сипаты цифрлық және желілік технологиялардың деңгейіне, іс-қимыл режиміне және жоспарланған құрбандарға байланысты өзгереді, бұл олардың арасындағы айырмашылықтарды анықтауға көмектеседі.

Дәстүрлі ұйымдасқан қылмыстық топтар, әдетте, кибершабуылдарға, яғни Интернет болмаған кезде жасалмайтын қылмыстарға қатыспайды. Алайда, қылмыстарды ұйымдастыру немесе құрбандарды табу мақсатында бір-бірімен байланыс жасау үшін желілік технологияны көбірек қолданады. Мысалы Интернет немесе даркнет арқылы есірткіні сату. Киберқылмыстың бұл түрлері кибертехнологияны қолдана отырып (әдетте байланыс технологияларын қолдана отырып) жасалған қылмыстарға жатады, өйткені интернетсіз да басқа байланыс құралдарымен немесе кибертехнология арқылы бұл құқықбұзушылық жасалар еді, немесе кибертехнологиялар арқылы жасалатын бұрыннан бар (әдетте локализацияланған) заңсыз құмар ойындар, алаяқтық және бопсалау сияқты қылмыстар түрлері сандық және желілік технологиялардың арқасында жаһандық қол жетімділікке ие болады. Егер Интернет алынып тасталса, онда құқық бұзушылықтар жаһандық ауқымын жоғалтып қайтадан локализацияланған пішінге ие болады. Олар хакерлік шабуылдар, «қызмет көрсетуден бас тарту» типтегі және бопсалау бағдарламаларды қолдану арқылы бөлінген шабуылдар, сондай-ақ жоғарыда айтылғандай, интернетті теңдеуден алып тастаған кезде жоғалып кететін спам сияқты «кибертәуелді» қылмыстардан күрт ерекшеленеді.

Киберқылмыстар *modus operandi*-ге, яғни қылмыскерлердің себептері мен профилімен байланысты құқық бұзушылық жасау әдісіне байланысты да өзгереді. «Машинаға қарсы киберқылмыстардың», мысалы, хакерлердің компьютерлерді заңсыз пайдалануы сияқты қылмыстардың ұйымдасуынан алаяқтық және бопсалау сияқты «машинаны пайдалану арқылы киберқылмыстардың» ұйымдасуы мүлдем өзгеше. Қылмыстың бұл екі түрі «машинадағы киберқылмыстардан» айтарлықтай ерекшеленеді, мысалы, балаларға жыныстық зорлық-зомбылық бейнеленген материалдарды тарату, жеккөрушілікті насихаттау, террористік материалдар. Киберқылмыстылық пен оны ұйымдастыруды зерттеу кезінде ескерілетін соңғы фактор-қылмыскерлер бағытталған құрбандар тобы. Кейбір қылмыстық топтар жекелеген пайдаланушыларға әдейі мақсаттанады, мысалы, алаяқтық немесе алдау мақсатында жаңылыстыратын электрондық хаттарды жаппай жіберу арқылы. Басқа топтар ірі көлемде алаяқтық жасау, коммерциялық құпияны игеру немесе іскерлік белсенділікті бұзу мақсатында (бопсалау немесе бәсекелестің өтініші бойынша) коммерциялық немесе үкіметтік ұйымдарға әдейі бағытталған. Сонымен, әдетте мемлекеттік субъектілерді қамтитын үшінші топтар сенімсіздік немесе наразылық атмосферасын құру және/немесе зиян келтіру үшін басқа мемлекеттердің инфрақұрылым объектілерін әдейі нысанаға алады. Сондықтан, мәселе желілік технологияларды қолданатын қылмыскерлерді ұйымдастырудың тәсілі қылмыскерлердің интернеттегі қылмыстарды қалай ұйымдастыратындығынан мүлдем өзгеше емес, сонымен қатар Интернеттегі қылмыстарды ұйымдастырудың сипаты қолданылатын технологиялардың деңгейіне, қылмыскерлер жасаған нақты қылмыстық әрекеттерге, сондай-ақ жоспарланған құрбандарға байланысты.

Белгілі бір киберқылмыстар ұйымдасқан қылмыстылықтың бір түрі болып саналады ма, әлде ұйымдасқан қылмыстылыққа байланысты ма деген сұрақ «ұйымдасқан қылмыстылық» термині үшін қолданылатын анықтамаларына байланысты. Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы конвенциясында ұйымдасқан қылмыстылықтың анықтамасы жоқ. Бұл мемлекеттер арасындағы уағдаластықтың болмауымен емес, Конвенция бойынша келіссөздерге қатысушылар жасаған саналы

таңдаумен байланысты. Кез-келген анықтамада ұйымдасқан қылмыстық топтардың үнемі өзгеріп отыратын және қарқынды дамып келе жатқан әлемнің жағдайларына бейімделетін заңсыз әрекеттерінің тізімі болуы мүмкін; сондықтан кез-келген осындай анықтама тез ескіре еді. Қылмысты анықтаудың орнына, ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы Конвенция оны жасауға қатысатын «ұйымдасқан қылмыстық топ» субъектіні анықтайды. Атап айтқанда, Конвенцияның 2(а) бабына сәйкес «ұйымдасқан қылмыстық топ» «белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жұмыс істейтін және бір немесе бірнеше елеулі қылмыстар немесе осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстар жасау мақсатында келісілген, тікелей немесе жанама түрде қаржылық немесе өзге де материалдық пайда алу үшін құрамында үш немесе одан да көп адам бар құрылымдық ресімделген топты» білдіреді. Мұнда құрылымдық түрде құрылған топта «оның мүшелерінің рөлдері ресми түрде анықталмайды немесе мүшеліктің үздіксіз сипаты келісілмейді». Бұл анықтама кең болып табылады және топтар арасында бір-бірімен тығыз байланысы жоқтығын, ресми түрде анықталған рөлдері мен дамыған құрылымның болмауын қамтиды.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың жалпыға бірдей қабылданған анықтамасы болмаса да, оны «қоғамдық сұранысқа ие қызметтердің салаларында заңсыз әрекеттер арқылы пайда табу мақсатында ұтымды әрекет ететін тұрақты жұмыс істейтін қылмыстық кәсіпорын деп анықтауға болады. Ұйымдасқан қылмыстылықтың ұзақ уақыт бойы жалғасуы мемлекеттік қызметкерлерге пара беру, қорқыту және қылмыстық әрекеттерді қорғау үшін күш қолдану арқылы қолдау табады». Тиісінше, ұйымдасқан киберқылмыстылық термині киберкеңістіктегі ұйымдасқан қылмыстық әрекетті сипаттау үшін қолданылады. Ұйымдасқан қылмыстылық сияқты, киберқылмыстылық немесе ұйымдасқан киберқылмыстылық анықтамасы бойынша біріңғай пікір жоқ [2, 47 б].

Ұйымдасқан киберқылмыстылық туралы зерттеулер ұйымдасқан қылмыстылықтың кейбір дәстүрлі сипаттамаларын киберкеңістік жағдайында түсіндіру қиын екенін көрсетеді. Мұндай сипаттаманың мысалы ретінде «аумақты бақылау» болып табылады. Варезеның (Varese) айтуынша, ұйымдасқан қылмыстық топ «белгілі бір тауарлар мен қызметтерді өндіру мен таратуды заңсыз реттеуге және бақылауға күш салады». Мұндай реттеу әкімшілер мен модераторлар сайт пен контентті бақылайтын және платформаларды пайдалану ережелерін орындалуын қамтитын қараңғы нарықтарда (мысалы, жойылған DarkMarket және CardersMarket нарықтарында) мүмкін. Ережелер сақталмаған жағдайда ережені бұзған тұлғалар сайт мүшелерінің қатарынан шығарылады. «Белгілі бір тауарларды немесе қызметтерді өндіру және тарату» осы сайттарда бақылануы мүмкін болғанымен, мұндай бақылау басқа онлайн форумдарға қолданылмайды (бұл желілердің құқықтары мен өкілеттіктерін шектейді). Сондықтан, дәстүрлі ұйымдасқан қылмыстан айырмашылығы, олардың «қылмыстық астыртын өндірістегі өндіріс пен белгілі бір тауарларды (немесе қызметтерді) бақылауы» шектеулі.

Қараңғы нарықтарда заңсыз тауарлар мен қызметтердің құрылымы, ұйымдастырылуы, реттелуі және бақылауы оларды басқаратын және/немесе модерациялайтын адамдарға емес, интернет сайттарына байланысты. Нәтижесінде, бұл қараңғы нарықтың сайттары Интернеттен ажыратылғанда (мысалы, құқық қорғау органдарының тергеуіне немесе сайтты тәркілеуге байланысты) сол сайтпен байланысты желі көп жағдайда жұмысын тоқтатады. Дегенмен, полицияның тергеуі мен қудалау процестеріне қатыспайтын сайттың қатысушылары немесе басқа тұлғалар тоқтатылған сайтты шынайы түрде қайта шығаратын басқа сайтты жасайтын ерекше жағдайлар бар. Сыбайлас жемқорлықпен және күш қолданумен немесе күш қолдану туралы қорқытумен байланысты дәстүрлі ұйымдасқан қылмыстық желілерге тән тағы екі сипаттама (Arsovska, 2011) ұйымдасқан киберқылмыс контекстінде өз көрінісін таппайды. Дегенмен, бұл ұйымдасқан қылмыстық әрекет түріне байланысты. Бірінші сипаттама үшін зерттеулер саяси сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыспен айналысу туралы шешімдерге әсер ететінін көрсетті. Бір елде интернет-алаяқтық басқа қаржылық қылмыстармен қатар мемлекет қызметінің ажырамас бөлігі ретінде танылды. Екінші белгі бойынша, зорлық-

зомбылық немесе зорлық-зомбылық қауіпін ұйымдасқан киберқылмыстық әрекеттің мақсаттарына жету үшін қолданылып жатқаны туралы дәлелдер аз (БҰҰ ЕҚБ, 2013; Leukfeldt, Lavorgna, and Kleemans, 2017), мысалы, кейбір жағдайларды қоспағанда, *ақша қашырлары* (яғни, «басқалардың сұрауы бойынша және сыйақы үшін ... ақшаны заңсыз түрде алатын және аударатын жеке тұлғалар»; Maras, 2016) ұйымдасқан киберқылмыстық әрекеттеріне қатысып және билікке олардың заңсыз әрекеттерге қатысқаны немесе қылмыскерлер қауіп төндіргендіктен қатысуын жалғастырып жүргені туралы хабарлайды. Физикалық зорлық-зомбылыққа балама ретінде ұйымдасқан киберқылмыскерлер кибершабуылдар жасайды немесе кибершабуылдар немесе басқа да киберқылмыстарды жасаймын деп қорқытады, оларды талаптарын орындауға мәжбүрлейді (Maras, 2016). Мысалдарға ұйымдасқан киберқылмыскерлердің *криптобопсалаушы* (пайдаланушының цифрлық құрылғысын жұқтыратын, пайдаланушы құжаттарын шифрлайтын және жәбірленуші төлемді төлемеген жағдайда файлдар мен деректерді жою қауіпін төндіретін зиянды бағдарлама) және/немесе *шифрлық бопсалаушыны* пайдалануы жатады [3, 58 б].

Демек, түрлі зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, офлайн ортада жұмыс істейтін ұйымдасқан қылмыстық топтар интернетте өз қызметін жүзеге асыратын ұйымдасқан қылмыстық топтарға мүлдем қарама-қайшы екенін және олардан мүшелерінің жасына, мотивтеріне, ұйымдастырылуына және жынысына қарай ерекшеленетінін көрсетеді. Бұл топтар бір-бірінен тек қатысушыларымен ғана ерекшеленбеуі мүмкін; офлайн ортадағы ұйымдасқан қылмыстық топтармен салыстырғанда олардың ұйымы орталықтандырылмаған болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Albanese, Jay. (2018). *Cybercrime as an Essential Element in Transnational Counterfeiting Schemes. Presentation at International Academic Conference: Linking Organized Crime and Cybercrime. A conference hosted by Hallym University and sponsored by the United Nations Office on Drugs and Crime (UNODC), 8 June 2018.*
2. И.И. Лукашук. *Международное право. Общая часть : учеб. для студентов юрид. фак. и вузов / И.И. Лукашук; Рос. акад. наук, Ин'т государства и права, Академ. правовой ун'т. — Изд. 3'е, перераб. и доп. — М. : Волтерс Клувер, 2005. — 432 с.*
3. *Криминология: Учебник/под ред. проф. Малкова В.Д. - ЗАО Юстицинформ, 2004 г. Рецензенты: Бабаев М.М., главный научный сотрудник ВНИИ МВД России, -277 стр.*

Абдижами А.Ж.

к.ю.н., асс.профессор

Academy Bolashaq,

Кафедра юридических дисциплин

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА СТАДИЙ СОВЕРШЕНИЯ УГОЛОВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ

Аннотация. В современной юридической литературе сохраняются противоречивые взгляды относительно сущности стадий преступной деятельности, установления ее видов и признаков. Одни учёные считают приготовление и покушение стадиями, этапами совершения преступления, либо стадиями развития преступной деятельности, другие относят приготовление и покушение к видам неоконченных преступлений, третьи отождествляют стадии преступления с видами неоконченных преступлений. Расхождение в теоретических взглядах в отношении неоконченных преступлений находит свое негативное отражение и в деятельности правоохранительных органов. В связи с этим обзор зарубежных законодательств.

В данной статье акцентируется внимание на изучении института стадий совершения преступления в на зарубежном законодательстве и практике.

Считается аксиомой, что уголовное право зарубежных стран наказывает предварительную преступную деятельность только начиная с покушения, а более ранние стадии, в частности, приготовление, уголовно ненаказуемы.

В действительности, уголовное право зарубежных государств выработало ряд приемов, с помощью которых уголовная репрессия распространяется далеко за пределы покушения [1].

В англо-американском праве, например, существуют специфические институты (подстрекательство, сговор), с помощью которых устанавливается ответственность за приготовление и даже за еще более ранние этапы предварительной деятельности. Понятие покушения в УК североамериканских штатов столь широко, что это позволяет включать в него многие приготовительные действия.

Во Франции и Германии также существуют случаи установления уголовной ответственности за некоторые приготовительные действия как за самостоятельные преступные деяния (во Франции - заговор и организация злоумышленников, в Германии - приготовление к государственной измене, создание преступных сообществ, подготовка к подделке денег или знаков оплаты, подготовка к подделке служебных удостоверений и др.). Каковы последствия признания приготовительных действий самостоятельными видами преступных деяний? Во-первых, здесь уже не возможен добровольный отказ, а только деятельное раскаяние, поскольку речь идет о приготовлении как оконченном деянии; во-вторых, законодательство ряда государств признает возможность покушения на совершение таких действий (по сути - покушения на приготовление). Так, согласно абз. 3 § 129 УК ФРГ, покушение на создание преступного сообщества наказуемо. При этом создание преступного сообщества определяется как организация сообщества, цели и деятельность которого направлены на совершение преступных деяний. Таким образом, сфера уголовной ответственности еще более отодвигается вперед по отношению к оконченному преступному деянию. Наказуемыми становятся не только приготовительные действия, но и покушение на их совершение. В-третьих, признание подобных действий самостоятельными преступлениями (проступками) позволяет устанавливать за них такие же наказания, как и за другие оконченные деяния[2].

Понятие «явного действия» в англо-американском уголовном праве.

Английское уголовное право феодального периода исходило из того, что для наступления уголовной ответственности недостаточно только намерения совершить преступление, необходимо еще и определенное преступное поведение, понятие которого толковалось довольно узко. Наказуемым считалось конкретное действие и в некоторых редких случаях - бездействие, которым причинялся реальный ущерб правоохраняемым ценностям. Именно такой смысл вкладывался в понятие «явного действия» (*overt act*), которое вплоть до настоящего времени, несмотря на изменение содержания, считается обязательной предпосылкой наступления ответственности по английскому уголовному праву. Даже покушение на преступление как действие, не повлекшее причинения реального ущерба, считалось принципиально ненаказуемым[2].

Однако принцип «явного действия» не распространялся на политические преступления. В области политических преступлений, установленных не общим правом, а статутным, принципиально наказуемым считался даже «голый умысел».

Требование «явного действия» в сфере общеуголовных преступлений, с одной стороны, и привлечение к уголовной ответственности за «голый умысел» в сфере политических преступлений, с другой, привело к тому, что английское уголовное право стало развиваться по пути признания наказуемыми и таких деяний, которые по своему характеру не причиняли какого-либо реального вреда. Изменилось и содержание «явного действия». Так, нормы о политических преступлениях получили расширительное

толкование и распространились на сферу общеуголовных преступлений. Несколько прецедентов, принятых по данному вопросу, положили начало нормам об ответственности за некоторые виды предварительной преступной деятельности вообще.

К настоящему времени в англо-американском уголовном праве выделяют три самостоятельных института: а) подстрекательство; б) сговор; в) покушение. Ни один из них не представляет собой какой-либо стадии совершения преступления. Их общей чертой является то, что они относятся к предварительной деятельности, не причинившей реального вреда.

Для наступления уголовной ответственности во всех случаях, кроме сговора, требуется установление их направленности на причинение ущерба охраняемым правом интересам и при этом - способом, запрещенным другими правовыми нормами, т.е. на совершение другого преступного деяния. Ответственность за сговор может наступать и в том случае, когда целью сговора является совершение деяния, не признанного правом преступным.

Таким образом, в англо-американском праве понятие о предварительной преступной деятельности не связано со стадиями развития преступления, а заключается в трех, выработанных общим правом, самостоятельных категориях преступлений (в США - мисдиминарах), которые характеризуются неоконченностью реализации преступного намерения при совершении в этом направлении каких-либо «явных действий»[1].

Подстрекательство представляет собой склонение другого лица к совершению преступления. При этом преступление может быть не только не совершено, но даже не начаться. Более того, когда стоит вопрос об ответственности за подстрекательство как за самостоятельное преступление, всегда имеется в виду *неудавшееся подстрекательство*, поскольку подстрекательство, приведшее к своему результату, рассматривается как соучастие и наказывается строже. В 1881 г. в Англии некто Мост был обвинен в подстрекательстве к убийству. Мосту вменялось в вину опубликование в газете статьи, в которой выражалась радость по поводу убийства русского императора Александра II и содержался призыв следовать примеру народовольцев. В решении по делу суд записал, что подстрекательство, обращенное «ко всему миру вообще, будучи совершенным путем публикации статьи в революционной газете», наказывается аналогично подстрекательству конкретного лица[1].

Уголовная ответственность устанавливается и за покушение на подстрекательство. Так, в 1974 г. в Англии некий Рансфорд был обвинен в том, что написал письмо, в котором содержалось предложение совершить преступление, хотя это письмо не было получено адресатом. Эти действия были признаны покушением на подстрекательство [3].

До 1977 г. подстрекательство к любому преступлению преследовалось в Англии с обвинительным актом, что неоднократно критиковалось английскими юристами, поскольку на практике подстрекательство к суммарному преступлению рассматривалось как более тяжкое, чем то, на которое оно было направлено. После 1977 г. подстрекательство к суммарному преступлению считается суммарным преступным деянием, т.е. рассматривается в упрощенном порядке[1].

В Англии подстрекательство наказывается по общему праву: тюремным заключением по усмотрению суда. Однако размер наказания не может превышать размера наказания, предусмотренного за преступление, подстрекательство к которому осуществлялось. Такими же наказаниями карается и покушение на подстрекательство.

Уголовное право США воспроизводит нормы английского права об ответственности за подстрекательство. Правда, в отличие от данного института в Англии, где преступным считается подстрекательство к любому преступлению, в США бесспорно преступным считается лишь подстрекательство к тяжкому преступлению (фелонии), в отношении подстрекательства к иным преступлениям единого правила и единой судебной практики в США нет.

Модельный УК США (1962 г.) в п. 1 ст. 5.02 определяет подстрекательство следующим образом: «Лицо виновно в подстрекательстве к совершению преступления, если с целью содействовать его совершению или облегчить его совершение оно приказывает другому лицу, поощряет его или просит его осуществить определенное поведение, которое составило бы это преступление либо покушение на совершение этого преступления или образовало бы его соучастие в совершении этого преступления либо покушении на его совершение». В Модельном УК специально указывается на то, что недоведение подстрекательства до сознания лица, которое подстрекают к совершению преступления, не имеет значения для привлечения к уголовной ответственности при условии, что поведение подстрекателя было рассчитано на доведение такого подстрекательства до сознания названного лица[4].

Основанием для защиты, согласно Модельному УК США, является то обстоятельство, что подстрекатель до исполнения преступления другим лицом принимает меры по предотвращению соответствующего преступления, при этом меры должны привести к своему результату[4]. В данном случае разработчики Модельного УК говорят о добровольном отказе, хотя правильнее здесь, на наш взгляд, говорить о деятельном раскаянии, поскольку преступление в виде подстрекательства считается оконченным вне зависимости от совершения преступления лицом, в отношении которого было совершено подстрекательство.

Согласно ст. 510 (1) УК штата Гавайи, лицо виновно в преступном подстрекательстве, если оно приказывает другому, поощряет его или просит совершить преступление[4]. При этом не имеет значения, удалось или нет довести свое подстрекательство до сознания лица, которое подстрекали к совершению преступления. Вместе с тем, существуют штаты (Индиана, Монтана, Небраска, Огайо и др.), в которых подстрекательство в том его понимании, о каком было сказано выше, не признается преступным.

По УК большинства штатов, где подстрекательство считается самостоятельным преступлением, наказание за него смягчается на одну степень по сравнению с санкцией за соответствующее преступление, к которому подстрекательство осуществлялось. Хотя ранее подстрекательство даже к самым серьезным преступлениям могло наказываться только в качестве мисдиминора.

В английском праве сговор считается преступлением и по общему, и по статутному (после 1977 г.) праву. Сговор по общему праву состоит в соглашении двух или более лиц 1) совершить незаконное действие или 2) совершить законное действие незаконными средствами. Это преступление по общему праву преследуется с обвинительным актом и наказывается «по усмотрению суда» лишением свободы или штрафом, либо одновременно лишением свободы и штрафом.

По статутному праву преступным является сговор о преступлении. Статутный сговор не может наказываться более строгим наказанием, чем преступление, на которое он был направлен.

Согласно § 5 Закона Англии об уголовно наказуемом покушении 1981 г., который внес изменения в понятие сговора, определенного Законом об уголовной юстиции 1977 г., лицо виновно в сговоре о совершении преступления, если оно «вступает в соглашение с каким-либо другим лицом или лицами о том, что следует осуществить действие, которое, если соглашение выполнено в соответствии с их намерениями, либо: а) обязательно будет являться преступлением или вести к совершению какого-либо преступления одной или более сторонами соглашения, либо: б) должно стать преступлением, но вследствие существования некоторых обстоятельств, является невозможным»[5].

Сговор, так же, как и подстрекательство, не является стадией совершения преступления, поскольку уголовная ответственность за него наступает независимо от того, совершено ли было в реальности намеченное преступление, и, более того, поскольку сами намеченные действия могут быть вовсе не преступными (совершение правомерного

действия противоправными средствами), соглашение о таких действиях, вообще, может не представлять собой стадии развития преступного деяния. Сговор по общему праву может быть направлен на причинение вреда интересам морали или грубое нарушение публичной благопристойности, которое не является преступлением (см. п. 3 § 5 Закона об уголовной юстиции 1977 г.). Законом 1977 г. подстрекательство к сговору и покушение на сговор были объявлены непроступными[6].

Сговор, как и подстрекательство, считается принципиально «неоконченным» деянием. «Явным действием», позволяющим привлекать к уголовной ответственности за сговор, в данном случае является само соглашение о том, чтобы осуществить какое-либо противоправное действие либо правомерное действие неправомерными средствами. Участник преступного сговора подлежит наказанию в силу самого факта соглашения.

Существенный элемент сговора - участие в нем не менее двух лиц. Особенностью английского уголовного права является то, что соглашения между мужем и женой не могут считаться сговором, *так как с точки зрения английского права юридически муж и жена признаются одним лицом*. Это правило применяется и к мусульманам: *независимо от количества жен, все соглашения мусульманина с ними, каковы бы ни были степень и характер противоправности таких соглашений, сговором считаться не будут*. Не будет сговором соглашение с лицом, не достигшим возраста уголовной ответственности, а также с намеченной жертвой такого преступления (§ 2 Закона об уголовной юстиции 1977 г.)[5].

УК многих североамериканских штатов требуют не просто соглашения двух или более лиц, но и совершения одного или нескольких конкретных действий, направленных на реализацию намеченных сговором действий. Наказание за сговор также ограничивается пределами наказания, предусмотренного за соответствующее оконченное преступление либо пределы наказания устанавливаются в законе. Новое уголовное законодательство штатов ограничило цели уголовно наказуемого сговора лишь совершением преступления (в отличие от Англии, где наказывается сговор, направленный на совершение правомерного действия неправомерными средствами).

Покушение в англо-американском праве по субъективной стороне представляет собой умысел, направленный на совершение такого деяния, которое в своем оконченном виде является предусмотренным уголовным правом самостоятельным преступлением. Согласно английскому Закону об уголовно наказуемом покушении 1981 г., лицо виновно в покушении, если «с намерением совершить преступление лицо совершает действие, которое является большим, чем просто приготовление к совершению преступления» .

Список использованной литературы

1. Уголовное право зарубежных стран : учебное пособие / Л. С. Аистова, Д. Ю. Краев. — Санкт-Петербург : СанктПетербургский юридический институт (филиал) Академии Генеральной прокуратуры Российской Федерации, 2013. — 132 с.
2. Уголовное право зарубежных государств. Общая часть / под ред. И. Д. Козочкина. С. 325.
3. Жалинский А., Рерихт А. Введение в немецкое право. М., 2002. С. 607— 609.
4. Нерсесян А. А. Вопросы наказуемости в уголовном праве США и ФРГ. М., 1992. С. 54—55.
5. Хапов А. В. Источники английского Общего права: судебные прецеденты // Российская юстиция. 2006. № 3. С. 64.

Асқар Д. А.

магистрант кафедры Юридических дисциплин Учреждение Академия Қайнар

ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ПРЕТУПЛЕНИЙ

Аңдатпа: Соңғы жылдары компьютерлік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершіліктің қазіргі заманғы мәселелері көптеген елдердің ғалымдарын қызықтырады, өйткені қылмыстың бұл санаты қылмыстың жалпы құрылымында айтарлықтай үлес қоса бастады.

Түйін сөздер: ғылыми-техникалық прогресс, компьютер, ақпарат, зиянды бағдарламалар, вирустар, Интернет, компьютерлік қылмыстар, хакерлік шабуылдар, криминологиялық зерттеулер, жауапкершілік.

Аннотация: Современные проблемы уголовной ответственности за совершения компьютерных преступлений в последние годы интересуют ученых многих стран, поскольку эта категория преступлений начала составлять значительную долю в общей структуре преступности.

Ключевые слова: научно-технический прогресс, компьютер, информация, вредоносные программы, вирусы, Интернет, компьютерные преступления, хакерские атаки, криминологические исследования, ответственность.

Abstract: Modern problems of criminal liability for computer crimes have been of interest to scientists in many countries in recent years, since this category of crimes has begun to make up a significant share in the overall structure of crime.

Keywords: scientific and technological progress, computer, information, malware, viruses, Internet, computer crimes, hacker attacks, criminological research, responsibility.

В современных условиях развития информационных технологий и телекоммуникаций, уголовно-правовая проблема с преступлениями в сфере информатизации представляет особую актуальность.

Общество становится информационно более насыщенным. Появилось определение информационное общество. Это понятие возникло под влиянием успехов кибернетики и информатики, где информация не просто сообщение или знание о чем-либо, а количественно выражаемая мера управляемости той или иной системой. Особое место в информационном обществе принадлежит компьютерным системам, так как они способны интегрировать и обрабатывать информацию из различных источников. Созданы и успешно действуют всемирные глобальные компьютерные сети, связывающие мир в одно целое, такие как Internet.

Компьютер первоначально задумывался как устройство для различных математических вычислений. Постепенно он превратился в универсальное средство обработки любой информации, используемое человеком. С помощью компьютеров управляют странами, банками, предприятиями, обороной, космическими кораблями, создают музыку, книги, фильмы и т.д. Нет практически ни одной сферы человеческой деятельности, в которой бы не использовались компьютеры, позволяющие создавать, накапливать, хранить, обрабатывать и передавать огромные объемы информации.

Однако, научно-технический прогресс имеет и "негативную сторону". Наличие глобальных компьютерных сетей и недостаточная их защищенность от сбоев техники, вызванных самыми различными причинами, – от ненадлежащих действий людей, совершенных умышленно или по неосторожности, до сбоев в системе, может породить самые непредсказуемые и необратимые последствия.

Новые технологии порождают и новые виды преступлений. С появлением компьютеров широкое распространение получили компьютерные преступления, такие как хищения с использованием средств компьютерной техники, компьютерное мошенничество (carding), кража компьютерного времени, несанкционированный доступ в компьютерные сети, распространение вредоносных программ, вирусов и другие виды преступлений. Так, в начале 90-х годов XX века данные зарубежной правоохранительной практики свидетельствовали о том, что, в Германии с использованием компьютеров похищалось до 4 млрд. марок ежегодно, во Франции – до одного млрд. франков, в США до нескольких млрд. долларов (1). Проведенное в 2004 году экспертами Английской аналитической компании MI2G исследование показало, что в 2003 году мировой экономический ущерб от компьютерных преступлений превысил 132 млрд. дол. США (в 2002 – 48,5 млрд. дол.) (2) а в 2004 году

суммарный экономический ущерб от всех видов компьютерных преступлений вырос до 411 млрд. дол. США, в 2005 году этот показатель вырос до 687 млрд. дол. США (3).

Ошеломляющая динамика роста ущерба от компьютерной преступности подтверждает серьезность исследуемой проблемы и необходимость более активного противодействия и соответственно продуманной и адекватной уголовно-правовой политики борьбы с ней.

Особенность общественной опасности компьютерных преступлений заключается в том, что они не имеют границ. Они могут быть совершены в любой точке земного шара, без пересечения государственных границ, из банка любой страны могут быть переведены крупные суммы, взломаны коды ядерных объектов, информационные базы правоохранительных органов и т.д.

Научная разработка исследуемой проблемы диктуется и реальной криминогенной ситуацией. В общей структуре преступности в мире, компьютерные преступления занимают все более и более твердые позиции среди других преступлений, а их раскрываемость остается довольно низкой.

